



«АККРЕДИТТЕУ ЖӘНЕ РЕЙТИНГТІҢ
ТӘУЕЛСІЗ АГЕНТТІГІ» КЕМ

НУ «НЕЗАВИСИМОЕ АГЕНТСТВО
АККРЕДИТАЦИИ И РЕЙТИНГА»

INDEPENDENT AGENCY FOR
ACCREDITATION AND RATING

ЕСЕП

6B01721-ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІ,
6B03270 – ЖУРНАЛИСТИКА, 7M01724 - ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН
ӘДЕБИЕТІ ПЕДАГОГТЕРІН ДАЯРЛАУ,
8D01721-ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІ

білім беру бағдарламаларының мамандандырылған аккредиттеу
стандарттары талаптарына сәйкестігі бойынша Сыртқы сараптау
комиссиясы жұмыс нәтижесінің

«Қорқыт ата атындағы Қызылорда университеті» КеАҚ
26-28 ақпан 2024 ж.

АККРЕДИТТЕУ ЖӘНЕ РЕЙТИНГТІҢ ТӘУЕЛСІЗ АГЕНТТІГІ
Сыртқы сараптау комиссиясы

*IAAR Аккредиттеу
Кеңесіне*



**6B01721-ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІ, 6B03270 – ЖУРНАЛИСТИКА, 7M01724 -
ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІ ПЕДАГОГТЕРІН ДАЯРЛАУ,
8D01721-ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІ**

**білім беру бағдарламаларының мамандандырылған аккредиттеу стандарттары
талаптарына сәйкестігі бойынша Сыртқы сараптау комиссиясы жұмыс нәтижесінің**

ЕСЕБІ

**«Қорқыт ата атындағы Қызылорда университеті» КеАҚ
26-28 ақпан 2024 ж.**

2024 ж.

МАЗМҰНЫ

(I) ШАРТТЫ БЕЛГІЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР	3
(II) КІРІСПЕ	5
(III) БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМЫ ТУРАЛЫ	6
(IV) АЛДЫҒЫ АККРЕДИТТЕУДІҢ СИПАТТАМАСЫ	7
(V) ССК ҰЙЫМҒА САПАРЫ ТУРАЛЫ.....	11
(VI) МАМАНДАНДЫРЫЛҒАН АККРЕДИТТЕУ СТАНДАРТТАРЫНА СӘЙКЕСТІГІ	13
6.1 Стандарт «Білім беру бағдарламасын басқару».....	13
6.2 Стандарт «Ақпаратты басқару және есептілік»	16
6.3. Стандарт «Білім беру бағдарламасын әзірлеу және бекіту».....	18
6.4. Стандарт «Білім беру бағдарламасының тұрақты мониторингі және мерзімді бағалау»	20
6.5. Стандарт «Студентке бағытталған білім беру, оқыту және үлгерімді бағалау» ..	22
6.6. Стандарт «Білім алушылар»	26
6.7. Стандарт «Профессорлық-оқытушы құрамы»	31
6.8. Стандарт «Білім беру ресурстары және студенттерді қолдау жүйесі».....	35
6.9. Стандарт «Қоғамды ақпараттандыру»	39
(VII) ӘР СТАНДАРТ БОЙЫНША КҮШТІ ТҰСТАРЫ/ ҮЗДІК ТӘЖІРИБЕСІ	43
(VIII) ӘР СТАНДАРТ БОЙЫНША САПАНЫ ЖАҚСARTУ БОЙЫНША ҰСЫНЫСТАР.....	44
АККРЕДИТТЕУ КЕҢЕСІНЕ ҰСЫНЫС	47
1 қосымша. «Сыртқы сараптау комиссиясының 6В01721-Қазақ тілі мен әдебиеті, 6В03270-Журналистика, 7М01724 - Қазақ тілі мен әдебиеті педагогтерін даярлау, 8D01721-Қазақ тілі мен әдебиеті БББ-ларын» бағалау кестесі	48
2 қосымша. БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМЫНА БАРУ БАҒДАРЛАМАСЫ.....	55
3 қосымша. ОПҚ-мен САУАЛНАМА НӘТИЖЕСІ	60
4 қосымша. БІЛІМ АЛУШЫЛАРДАН САУАЛНАМА НӘТИЖЕСІ.....	67

(I) ШАРТТЫ БЕЛГІЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР

IAAR - Аккредиттеу және рейтингтің тәуелсіз агенттігі
АЖ – ақпараттық жүйе
АК – академиялық күнтізбе
АКТ – ақпараттық-коммуникациялық технология
БАОӨЖ – білім алушының оқытушымен өзіндік жұмысы;
БАӨЖ – білім алушының өзіндік жұмысы;
БББ – білім бағдарламасы
БАҚ – бұқаралық ақпарат құралдары
БП – базалық пәндер;
ҒЗЖ – ғылыми-зерттеу жұмысы
ЖБП – жалпы білім беру пәндері
ЖОБ – жұмыс оқу бағдарламасы
ЖОО – жоғары оқу орны
КАБИС – Қазақстандық автоматтандырылған кітапхана-ақпараттық жүйесі
КазНЭБ – Қазақ ұлттық электронды кітапхана
КПҒК – кешенді проблемалар жөніндегі ғылыми кеңес
КП – кәсіптендіру пәндері
КТ – кешенді тест
КС – кәсіби стандарт
ҚМУ – Қызылорда мемлекеттік университеті
МАК – мемлекеттік аттестациялық комиссия
МК – міндетті компонент;
МҚА – мемлекеттік қорытынды аттестация
МЖМБС – Мемлекеттік жалпыға міндетті білім стандарты
МҚС – мемлекеттік қызмет стандарты
МҚ – мемлекеттік қызмет
МОӘК – мамандықтың оқу-әдістемелік кешені
МББ – модульдік білім беру бағдарламасы
ОӘЖ – оқу-әдістемелік жұмыс
ОӘК – оқу-әдістемелік кешен
ПОҚ – профессор-оқытушылар құрамы;
ПОӘК – пәннің оқу-әдістемелік кешені
РМЭБ – Республикалық жоғары оқу орындары аралық кітапхана
СҚКО – студентке қызмет көрсету орталығы
СБШ – салалық біліктілік шеңбері
СЖО – студент жастар одағы
ССК – Сыртқы сараптау комиссиясы
СТОД – сыни тұрғыдан ойлауды дамыту
СМЖ – сапа менеджменті жүйесі
ТК – таңдау компоненті;
ТОЖ – типтік оқу жоспары
ҰБЖ – ұлттық білім жүйесі
ҰБТ – ұлттық бірінғай тестілеу
ҰБШ – ұлттық біліктілік шеңбері
ЭЗЖ – эксперименттік-зерттеу жұмысы
ЭПК – элективті пәндер каталогы
GPA – Grade Point Average (жұмсалған жалпы уақытты есепке алғандағы барлық өтілген курстардан алынған орташа арифметикалық баға)
ECTS – European Credit Transfer and Accumulation System (кредиттерді ауыстыру мен жинақтаудың Еуропалық жүйесі)

ISO – International Organization for Standardization (Стандарттау жөніндегі халықаралық ұйым)



(II) КІРІСПЕ

Аккредиттеу және рейтингтің тәуелсіз агенттігінің (IAAR) 19.01.2024 жылғы № 19-24-ОД бұйрығына сәйкес 2024 жылдың 26-28 ақпанында Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінде сыртқы сараптау комиссиясы 6B01721 – Қазақ тілі мен әдебиеті, 6B03270 Журналистика, 7M01724 – Қазақ тілі мен әдебиеті педагогтерін даярлау, 8D01721 – Қазақ тілі мен әдебиеті білім беру бағдарламаларының IAAR мамандандырылған аккредиттеу стандарттарына сәйкестігіне (№57-20-ОД, 16.06. 2020 ж., алтыншы басылым) аралас (гибридті) формада бағалау жүргізді.

Сыртқы сараптау комиссиясының (ССК) Есебінде аталған БББ IAAR стандарттары талаптарына сәйкестігінің бағалауы, ССК-ның білім беру бағдарламаларын жақсарту жөніндегі ұсынымдары мен білім беру бағдарламаларын бағалау кестесі берілген.

Сыртқы сараптау комиссиясы құрамы:

1. IAAR комиссиясының төрағасы – Ефимова Елена Михайловна, тарих ғылымдарының кандидаты, доцент, «Педагогическое образование» магистрлік бағдарламасының ғылыми жетекшісі, «Социоцентр» Федералдық мемлекеттік автономды ғылыми мекемесінің білім беру саясаты және педагогикалық инновациялар бөлімінің басшысы, РФ жоғары білім саласының құрметті қызметкері;

2. IAAR сарапшысы – Марк Руис-Соррилья Крусате, филология д-ры, профессор, Барселона Университеті (Мадрид қ., Испания);

3. IAAR сарапшысы – Адилова Алмагуль Советовна, филол.ғ.д., доцент, академик Е.А. Букетов атындағы Қарағанды университеті (Қарағанды қ., Қазақстан Республикасы);

4. IAAR сарапшысы – Нұрымбетова Гүлшат Рамазановна, саяси ғылымдар докторы, профессор, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті (Алматы қ., Қазақстан Республикасы);

5. IAAR сарапшысы – Кусанова Бибигуль Хакимовна, филол.ғ.д., профессор, Л.Н.Гумилев атындағы Евразия ұлттық университеті (Астана қ., Қазақстан Республикасы);

6. IAAR сарапшысы– Нурмуханбетова Динара Кенжеевна, пед.ғ.к., доцент, Қазақ спорт және туризм академиясы (Алматы қ., Қазақстан Республикасы);

7. IAAR сарапшысы – Иманбетов Аманбек Нуркасимович, пед.ғ.к., қауымдастырылған, академик Е.А. Букетов атындағы Қарағанды университеті (Қарағанды қ., Қазақстан Республикасы);

8. IAAR сарапшысы – Ақтымбаева Алия Сағындыковна, география ғ.к., доцент, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті (Алматы қ., Қазақстан Республикасы);

9. IAAR сарапшысы – Дуйсембиев Марат Жолдасбекович, х.ғ.к., Л.Н.Гумилев атындағы Евразия ұлттық университеті (Астана қ., Қазақстан Республикасы);

10. IAAR сарапшысы – Бейсенкулов Аязби Ахбергенович, филол.ғ.к., ассистент-профессор, Халықаралық ақпараттық технологиялар университеті (ХАТУ) (Алматы қ., Қазақстан Республикасы);

11. IAAR сарапшысы – Габдулина Айнур Жумагазыевна, т.ғ.к., С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті (Астана қ., Қазақстан Республикасы);

12. IAAR сарапшысы – Бакенова Женисгуль Биржановна, PhD, қауымд. профессор, Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университеті (Алматы қ., Қазақстан Республикасы);

13. IAAR сарапшысы-жұмыс беруші – Танабаева Жамила Кемелбековна, Алматы қаласы спорт басқармасының «Спорттағы дарынды балалардың арнаулы мектеп- интернат-колледжі» МКҚМ жетекшісі, «Атамекен» ұлттық кәсіпкерлер палатасы (Алматы қ., Қазақстан Республикасы);

14. IAAR сарапшысы-жұмыс беруші – Мәмен Балдырған Нұртуғанқызы, «AMANAT» партиясы «Қарызсыз қоғам» жобасының қаржылық сарапшысы (Қызылорда қ., Қазақстан Республикасы);

15. IAAR сарапшысы-студент – Кенже Зарина Нурланқызы, Дене тәрбиесі және спорт БББ 2-курс магистранты, Қазақ спорт және туризм академиясы (Алматы қ., Қазақстан Республикасы);

16. **IAAR сарапшысы-студент** – Марганбаева Сабохат Аскарловна, 7M01506 – «География» БББ 2-курс магистранты, Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті, Қазақстан студенттері альянсының мүшесі (Алматы қ., Қазақстан Республикасы);

17. **IAAR сарапшысы-студент** – Жолдасова Назира Женисовна, «Қазақ тілі мен әдебиеті» БББ 4-курс студенті, Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті (Ақтөбе қ., Қазақстан Республикасы);

18. **IAAR сарапшысы-студент** – Матчанова Наргиз Султанбековна, 7M02316 - «Аударма ісі. Ілеспе аударма» БББ 2-курс магистранты, Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университеті, (Алматы қ., Қазақстан Республикасы);

19. **IAAR сарапшысы-студент** – Базарбай Дильназ Саламатқызы, 6B02205 – «Тарих» БББ 2-курс студенті, Қазақстан студенттері альянсының мүшесі, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, (Алматы қ., Қазақстан Республикасы);

20. **IAAR сарапшысы-студент** – Аманғали Алтын Русланқызы, 6B01510 – «Химия» БББ 3-курс студенті, Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті, Қазақстан студенттері альянсының мүшесі (Алматы қ., Қазақстан Республикасы);

21. **IAAR үйлестірушісі** – Канапьянов Тимур Ерболатович, PhD, IAAR бас директорының халықаралық ынтымақтастық жөніндегі орынбасары, (Астана қ., Қазақстан Республикасы).

(III) БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМЫ ТУРАЛЫ

«Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы (бұдан әрі-Қорқыт Ата атындағы ҚУ) Қорқыт Ата атындағы Қызылорда гуманитарлық университеті мен Ы.Жақаев атындағы Қызылорда политехникалық институтының (Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 24 наурыздағы № 256 қаулысы) базасында құрылды.

Университеттің тарихы 1937 жылы Қиыр Шығыс Корея педагогикалық институтының базасында Қызылорда педагогикалық институты ашылған кезден басталады.

«Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің жоғары оқу орнының кейбір мәселелері туралы» ҚР Үкіметінің 2019 жылғы 11 қазандағы № 752 қаулысы негізінде, ҚР ҚМ Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті төрағасының 2020 жылғы 25 мамырдағы «Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті «коммерциялық емес акционерлік қоғамын құру туралы» № 315 2020 жылғы 01 шілдедегі бұйрығымен «Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны «Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті» Коммерциялық емес акционерлік қоғамы болып қайта ұйымдастырылды».

Университеттің миссиясы: Жаңа білімдерді қалыптастыру және өңірдің зияткерлік әлеуетін ашу.

ПАЙЫМЫ: Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті – облыстың әлеуметтік-экономикалық дамуына және сапалы адами капиталды қалыптастыруға ықпал ететін мықты өңірлік университет.

2022 жылы университет тәуелсіз аккредиттеу және рейтинг агенттігін (IAAR) халықаралық институционалдық аккредиттеу рәсімінен 5 жыл мерзімге (2027 жылдың желтоқсанына дейін) сәтті өтті. 107 БББ мамандандырылған аккредиттеу туралы куәліктері бар.

Университет QS word University Ranking-2024 рейтингі бойынша әлемнің үздік 1201-1400 университеттерінің қатарына кіреді.

Азия континентінің жоғары оқу орындары арасында QS Asia ranking рейтингтік агенттігінің нұсқасы бойынша 2023 жылы университет ТОП-551-600-ге кірді.

Аккредиттеу және рейтингтің тәуелсіз агенттігі (НААР) өткізетін ЖОО-лардың ұлттық сұраныс рейтингінің қорытындысы бойынша университет 7-орынды иелене отырып, Қазақстан Республикасының үздік 10 жоғары оқу орнының қатарына кіреді.

Қорқыт Ата атындағы ҚМУ-дың бакалавриат, магистратура және PhD докторантура бағдарламалары бойынша білім беру қызметі 28.07.2020 жылы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Білім және ғылым саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті берген лицензия (№ KZ 67LAA00018492) негізінде жүзеге асырылады.

Кадрларды даярлау 5 институт базасында 66 бакалавриат, 34 магистратура, 13 докторантура (PhD) білім беру бағдарламалары бойынша жүзеге асырылады.

Қорқыт Ата атындағы ҚУ Еуропалық жоғары оқу орындары қауымдастығының (2005ж.), Еуразиялық-Тынық мұхиты университеттер желісінің (2005ж.), Университеттердің Ұлы Хартиясының (2005ж.), Еуразиялық университеттер қауымдастығының (2011 ж.), Азия университеттері қауымдастығының (2017ж.), Оңтүстік-Шығыс Еуропа және Қара теңіз өңірінің экономикалық университеттері қауымдастығының мүшесі болып табылады (2019 ж.), Орталық Азия және Оңтүстік Кавказ елдерін дамытуға арналған ауыл шаруашылығы университеттерінің консорциумына (2020 ж.) кіреді.

Университеттің материалдық-техникалық базасына 10 оқу ғимараты, 5 жатақхана, студенттер сарайы, 7 студенттік асхана, «Сейхун» спорттық-сауықтыру кешені, оқу-әскери полигоны, 6 оқу залы бар кітапхана кіреді.

Қазіргі уақытта білім алушылар контингенті 10218 адамды құрайды, оның ішінде: бакалавриат бойынша – 9477 студент, магистратура бойынша – 700 магистрант, PhD докторантура бойынша – 41 докторант. Оқу процесін 481 штаттық оқытушы жүзеге асырады, оның ішінде 21 ғылым докторы, 39 PhD докторы, 171 ғылым кандидаты.

Ғылыми зерттеулердің нәтижелерін жариялау үшін университетте 8 ғылыми журнал шығарылады: Chemistry and Chemical Technology Journal; Biological Sciences Journal; Philological Sciences Journal; математика, физика, информатика пәндерін оқытудың өзекті мәселелері; Техникалық ғылымдар мен технологиялар; Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің хабаршысы. «Ауыл шаруашылығы ғылымдары» сериясы; Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің хабаршысы. «Педагогикалық ғылымдар» сериясы; Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің Хабаршысы. «Экономикалық ғылымдар» сериясы.

«Ауыл шаруашылығы ғылымдары» журналының сериясы ғылыми жетістіктердің негізгі нәтижелерін жариялау үшін уәкілетті орган ұсынатын ғылыми басылымдардың тізбесіне енгізілген.

Университетте «Сыр түлегі» көп тиражды жоғары оқу орны газеті шығарылады.

(IV) АЛДЫҢҒЫ АККРЕДИТТЕУДІҢ СИПАТТАМАСЫ

Аккредиттеу және рейтингтің тәуелсіз агенттігінің 2019 жылғы 19 наурыздағы № 28-19-ОД бұйрығына сәйкес 2019 жылдың 16-18 сәуірінде Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінде сыртқы сараптау комиссиясы 5B011700 – Қазақ тілі мен әдебиеті, 6M011700 – Қазақ тілі мен әдебиеті, 6D011700 – Қазақ тілі мен әдебиеті, 5B050400 – Журналистика білім беру бағдарламаларының IAAR мамандандырылған аккредиттеу стандарттарына сәйкестігіне (№10-17-ОД, 24.02. 2017 г., бесінші басылым) бағалау жүргізілді.

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетіндегі алдыңғы ССК құрамы (2019 ж.):

1. Комиссия төрағасы – Мусабалина Гульнар Төлеугазиевна, т.ғ.д., профессор, Л.Н.Гумилев атындағы Евразия ұлттық университеті (Астана қ.);

2. Шетелдік сарапшы – Dagnija Blumberga (Дагния Блумберга), профессор, Экология және энергетикалық жүйелер институты, Рига Техникалық университеті, Академиялық ақпараттық орталық (AIC) сарапшысы (Рига қ., Латвия);

3. Шетелдік сарапшы – Васильев Дмитрий Валентинович, т.ғ.к., профессор, Москва қалалық педагогикалық университеті (МГПУ), «Гильдия экспертов в сфере профессионального образования» (Москва қ., РФ) сарапшысы;

4. Сарапшы – Мамырханова Жамиля Темиргалиевна, PhD, М.Х. Дулати атындағы Тараз мемлекеттік университеті (Тараз қ.);

5. Сарапшы – Мовкебаева Галия Ахметвалиевна, т.ғ.д., профессор, әл-Фараби

атындағы Қазақ ұлттық университеті (Алматы қ.);

6. Сарапшы – Туребаева Клара Жаманбаевна, пед.ғ. д., профессор, Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті (Ақтөбе қ.);

7. Сарапшы – Смирнов Михаил Борисович, тех.ғ.к., профессор, Шәкәрім атындағы Семей мемлекеттік университеті;

8. Сарапшы – Бурбекова Сауле Жорабековна, филол.ғ.к., Сулейман Демирель Университеті (Алматы қ.);

9. Сарапшы – Елубай Мадениет Азаматұлы, химия ғ.к., доцент, С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті (Павлодар қ.);

10. Сарапшы – Дуйсенбина Асем Тураровна, филол.ғ.к., Ш. Уәлиханов атындағы Көкшетау мемлекеттік университеті (Көкшетау қ.);

11. Сарапшы – Носиева Назым Кажимураговна, филол.ғ.к., қауымдастырылған профессор м.а., С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті (Астана қ.);

12. Сарапшы – Рыстина Индира Садыбековна, доцент, PhD, Л.Н.Гумилев атындағы Евразия ұлттық университеті (Астана қ.);

13. Сарапшы – Марковский Вадим Павлович, т.ғ.к., доцент, . Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті (Павлодар қ.);

14. Жұмыс беруші – Мәмен Балдырған Нұртуғанқызы, Қызылорда РПП баспасөз хатшысы (Қызылорда қ.);

15. Жұмыс беруші – Мустафин Ануар Мамаевич, «СейфтиКонсалтингСервис» ЖШС директоры (Қызылорда қ.);

16. Студент – Қанибаева Гүлзат Бейбітқызы, Қызылорда облысы Қазақстан студенттері альянсының мүшесі, «Болашақ» университеті «5B011700 – Қазақ тілі мен әдебиеті» БББ 4 курс студенті (Қызылорда қ.);

17. Студент – Әнуарбек Асқат Нұрланұлы, Қызылорда облысы Қазақстан студенттері альянсының мүшесі, «Болашақ» университеті «5B030100-Юриспруденция» БББ 3 курс студенті (Қызылорда қ.);

18. Студент – Ерболат Әзиз Ерболатұлы, Қызылорда облысы Қазақстан студенттері альянсының мүшесі, «Ақмешіт» гуманитарлық-техникалық институты «5B070800 – Мұнай-газ ісі» БББ 1 курс студенті (Қызылорда қ.);

19. Студент – Есепбаева Фарида Оразбайқызы, Қызылорда облысы Қазақстан студенттері альянсының мүшесі, «Ақмешіт» гуманитарлық-техникалық институты «5B060800-Экология» БББ 2 курс студенті (Қызылорда қ.);

20. Студент – Кенес Лаура Жаркынбекқызы, Қызылорда облысы Қазақстан студенттері альянсының мүшесі, Қазақ гуманитарлық-заң және техникалық жоғары колледжі «0512000 – Аударма ісі» БББ 3 курс студенті (Қызылорда қ.);

21. Агенттік үйлестірушісі – Канапьянов Тимур Ерболатович, IAAR халықаралық жобалар және қоғаммен байланыс бөлімінің жетекшісі (Астана қ.).

Алдыңғы аккредиттеу процедурасы бойынша ЖОО ұсынымдар (2019 ж.):

1) «Білім беру бағдарламаларын басқару» стандарты бойынша

5B011700 – Қазақ тілі мен әдебиеті, 6M011700 – Қазақ тілі мен әдебиеті, 6D011700 –

Қазақ тілі мен әдебиеті білім беру бағдарламалары бойынша ССК ұсынымдары:

- Білім беру бағдарламасын жасау жұмыс тобына мүдделі жақ пікірлерін ескере отырып, білім алушыларды қосу мүмкіндігін қарастыру;

- білім беру менеджменті және студентке бағытталған оқыту бойынша БББ басшылары үшін курс тыңдаушыларының санын арттыру.

5B050400-Журналистика БББ үшін қосымша ұсыным:

- Жұмыс берушілердің жұмыс тобы құрамына облыс жалпы білім беру мектептерінен өкілдер қосу.

2) «Ақпараттық басқару және есептілік» стандарты бойынша:

5B011700 – Қазақ тілі мен әдебиеті, 6M011700 – Қазақ тілі мен әдебиеті, 6D011700 –

Қазақ тілі мен әдебиеті, 5B050400 – Журналистика білім беру бағдарламалары бойынша ССК ұсынымдары:

- білім алушылардың, қызметкерлердің және ПОҚ-тың жеке деректерін өңдеуге келісуі үшін құжаттар топтамасын әзірлеу;

- 5B011700 – Қазақ тілі мен әдебиеті, 6M011700 – Қазақ тілі мен әдебиеті, 6D011700 – Қазақ тілі мен әдебиеті, 5B050400 – Журналистика білім беру бағдарламаларында оқитын магистрант-докторанттармен оқу сипатындағы ақпаратпен алмасу мақсатында тұрақты түрде онлайн-консультациялар ұйымдастыру;

- аккредиттеліп отырған БББ талапкерлерді тарту мақсатында телеарналар мен мерзімді басылымдарда, әлеуметтік желілерде ОҚП медиа-жоспарының кестесін жасау, ұйымдастыру.

3) «Білім бағдарламаларын әзірлеу және бекіту» стандарты бойынша:

5B011700 – Қазақ тілі мен әдебиеті, 6M011700 – Қазақ тілі мен әдебиеті, 6D011700 – Қазақ тілі мен әдебиеті, 5B050400 – Журналистика білім беру бағдарламалары бойынша ССК ұсынымдары:

- білім беру бағдарламасын сыртқы сараптамадан өткізу үшін жұмыс берушілерден сараптамашылар тарту және олардың шешімдерін енгізудің механизмін жасау;

- шетелдік білім беру ұйымдарымен бірлескен білім беру бағдарламасын әзірлеу мүмкіндіктерін қарастыру, тиісті ұйымдармен ынтымақтастық туралы келісімшарт жасау жөнінде жұмыс жүргізу.

4) «Білім беру бағдарламаларын тұрақты мониторингтеу және мерзімді бағалау» стандарты бойынша:

5B011700 – Қазақ тілі мен әдебиеті, 6M011700 – Қазақ тілі мен әдебиеті, 6D011700 – Қазақ тілі мен әдебиеті, 5B050400 – Журналистика білім беру бағдарламалары бойынша ССК ұсынымдары:

- ПОҚ-тың сыртқы академиялық ұтқырлығын арттыруға мүмкіндік беретін бағдарламаларды жүзеге асыру жөніндегі жұмыстарды белсендіру

5) «Студентке бағытталған білім беру, оқыту және үлгерімді бағалау» стандарты бойынша:

5B011700 – Қазақ тілі мен әдебиеті, 6M011700 – Қазақ тілі мен әдебиеті, 6D011700 – Қазақ тілі мен әдебиеті, 5B050400 – Журналистика білім беру бағдарламалары бойынша ССК ұсынымдары:

- оқу жұмыс бағдарламаларында оқыту мен оқытудың әртүрлі нысандары мен әдістерін қолдануды көрсету;

- оқыту мен білімді бақылаудың түрлі әдістерін қолдануға мониторинг жасау.

6) «Білім алушылар» стандарты бойынша:

6M011700 – Қазақ тілі мен әдебиеті, 6D011700 – Қазақ тілі мен әдебиеті, 5B050400 – Журналистика білім беру бағдарламалары бойынша ССК ұсынымдары:

- түлектер ассоциациясы жұмысы туралы ақпараттандыру жұмысын жолға қою. Түлектердің белсенділігін арттыру мақсатында онлайн платформа жасау;

- білім алушыларға ішкі және сыртқы ұтқырлық бойынша, сыртқы білім грантын алуға көмектесу мүмкіндігін қарастыру.

7) «Профессорлық-оқытушы құрамы» стандарты бойынша:

5B011700 – Қазақ тілі мен әдебиеті, 6M011700 – Қазақ тілі мен әдебиеті, 6D011700 – Қазақ тілі мен әдебиеті, 5B050400 – Журналистика білім беру бағдарламалары бойынша ССК ұсынымдары:

- отандық және шетелдік жоғары оқу орындарының белгілі ғалымдарын дәріс оқуға шақыру, соның ішінде онлайн дәрістерді ұйымдастыру.

5B011700 – Қазақ тілі мен әдебиеті, 6M011700 – Қазақ тілі мен әдебиеті, 6D011700 – Қазақ тілі мен әдебиеті БББ бойынша қосымша ұсыным:

- мамандыққа сәйкестендіріп дәріс оқуға практик мамандарды шақыру;

5B050400-Журналистика БББ бойынша қосымша ұсыным:

- ПОҚ академиялық ұтқырлық бағдарламасын жетілдіру.

8) «Білім беру ресурстары және студенттерді қолдау жүйесі» стандарты бойынша:

5B011700 – Қазақ тілі мен әдебиеті, 6M011700 – Қазақ тілі мен әдебиеті, 6D011700 – Қазақ тілі мен әдебиеті, 5B050400 – Журналистика білім беру бағдарламалары бойынша ССК ұсынымдары:

- студенттік өзін-өзі басқару формаларын кеңейту;
- білім беру ұйымының барлық аумағында WI-FI жұмысын қамтамасыз ету, кейбір жерлерде сымсыз желіге қолжетімді емес.

5B050400-Журналистика БББ бойынша қосымша ұсыным:

- кафедрада телестудия бар, алайда студия жабдығы мен монтаждау жабдығын жаңартуды ұсынамыз.

9) «Қоғамды ақпараттандыру» стандарты бойынша:

5B011700 – Қазақ тілі мен әдебиеті, 6M011700 – Қазақ тілі мен әдебиеті, 6D011700 – Қазақ тілі мен әдебиеті, 5B050400 – Журналистика білім беру бағдарламалары бойынша ССК ұсынымдары:

- ақпаратты таратудың түрлі жолдарын пайдалану, соның ішінде қоғам мүшелері мен мүдделі тұлғаларды хабардар ету үшін әлеуметтік желілердегі аккаунттар жұмысын жандандыру;

- сайттағы ақпаратты онда көрсетілген тілдерде тұрақты түрде жаңартып отыру.

10) «Жеке мамандық шеңберіндегі стандарттар» бойынша

5B050400-Журналистика БББ бойынша ұсыным:

- «Журналистика» ББ бойынша тәжірибеге негізделген пәндерді енгізудің мүмкіншіліктерін қарастыру.

2019 жылдың 19 мамырында IAAR-дың Аккредиттеу кеңесінің шешімімен Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінде жүзеге асырылатын 5B011700 – Қазақ тілі мен әдебиеті, 6M011700 – Қазақ тілі мен әдебиеті, 6D011700 – Қазақ тілі мен әдебиеті, 5B050400 – Журналистика білім беру бағдарламалары 5 жылға аккредиттелді.

Ұсынымдарды орындау үшін университетте іс-шаралар жоспары жасалып, 2019 жылдың 24 маусымында бекітілді. Жоспарланған іс-шаралардың орындалу нәтижесі Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің аралық есептерінде көрсетілген.

5B011700 – Қазақ тілі мен әдебиеті, 6M011700 – Қазақ тілі мен әдебиеті, 6D011700 – Қазақ тілі мен әдебиеті, 5B050400 – Журналистика білім беру бағдарламаларының IAAR мамандандырылған аккредиттеуінің нәтижесі бойынша IAAR ССК ұсынымдарын жүзеге асырудың мониторингтен кейінгі бақылауы Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінде IAAR сарапшыларымен 2021 жылдың 14 мамырында (1 кезең) және 2023 жылдың 27 ақпанында жүргізілді.

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті қызметінің аккредиттеуден кейінгі мониторингі ССК ұсынымдарын іске асыру жөніндегі жоспар аясында өткізіліп, аккредиттеуден кейінгі мониторинг өткізу жөніндегі ереже талаптарына сәйкес жүргізілді.

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті қызметінің аккредиттеуден кейінгі мониторингі ССК-ның ұсынымдары, негізінен, орындалғанын көрсетті.

Сонымен қатар 2024 жылдың 26-28 ақпанында реаккредиттеу жүргізген ССК алдыңғы ССК-ның ұсынымдары бойынша келесі жұмыстар жүргізілгенін анықтады:

- білім беру бағдарламасын жасау жұмыс тобына мүдделі жақ пікірлерін ескере отырып, білім алушылар мен жұмыс берушілер енгізілген;

- білім беру менеджменті және студентке бағытталған оқыту бойынша БББ басшылары үшін курс ұйымдастырылған;

- білім алушылардың, қызметкерлердің және ПОҚ-тың жеке деректерін өңдеуге келісімдері алынған;

- талапкерлерді тарту мақсатында телеарналар мен мерзімді басылымдарда, әлеуметтік желілерде ПОҚ медиа-жоспары жасалған;

- білім беру бағдарламасын сыртқы сараптамадан өткізу үшін жұмыс берушілерден сараптамашылар тартылған;

- оқу жұмыс бағдарламаларында оқыту мен оқытудың әртүрлі нысандары мен әдістері көрсетілген, оларды қолдануға мониторинг жасалады;

- мамандыққа сәйкестендіріп дәріс оқуға практик мамандар шақырылған;
 - шетелдік білім беру ұйымдарымен бірлескен білім беру бағдарламасын әзірлеу жөнінде және тиісті ұйымдармен ынтымақтастық туралы келісімшарт жасау жөнінде жұмыс жүргізілуде;
 - ақпаратты таратудың түрлі жолдары пайдаланылады, соның ішінде қоғам мүшелері мен мүдделі тұлғаларды хабардар ету үшін әлеуметтік желілердегі аккаунттар жұмысы жандандырылды;
 - студенттік өзін-өзі басқару формалары жетілдірілген;
 - «Журналистика» БББ бойынша тәжірибеге негізделген пәндер енгізілген.
- Ішінара орындалған іс-шаралар қатарында төмендегілерді атауға болады:*
- ПОҚ-тың сыртқы академиялық ұтқырлығы, түлектер ассоциациясы жұмысы туралы ақпараттандыру, білім алушылардың ішкі және сыртқы ұтқырлығы, белгілі ғалымдарды дәріс оқуға шақыру, білім беру ұйымының барлық аумағында WI-FI жұмысын қамтамасыз ету, студия жабдығы мен монтаждау жабдығы әлі де жақсартуды қажет етеді.

(V) ССК ҰЙЫМҒА САПАРЫ ТУРАЛЫ

ССК-ның жұмысы Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті білім беру бағдарламаларын мамандандырылған аккредиттеу жөніндегі сараптау комиссиясы сапарының бекітілген бағдарламасы негізінде 2024 жылдың 26-28 ақпаны аралығында жүргізілді.

ССК жұмысын үйлестіру мақсатында 2024 жылдың 23 ақпанында on-line жиналыс өткізіліп, комиссия мүшелерінің міндеттері бөлініп берілді, сапар кестесі нақтыланды, сараптау әдістері таңдалды.

Білім беру бағдарламаларының сапасы және университеттің инфрақұрылым туралы объективті ақпарат алу, өзін-өзі бағалау есебінің мазмұнын нақтылау үшін ректормен, проректорлармен, құрылымдық бөлімше басшыларымен, БББ жетекшілерімен, білім алушылармен, түлектермен және жұмыс берушілермен кездесу өткізілді. Кездесуге барлығы 92 адам қатысты.

Таблица 1 – IAAR ССК өткізген кездесуге қатысқандар туралы мәлімет:

Қатысқандар санаты	Саны
Ректор	1
Проректорлар	3
Құрылымдық бөлімше басшылары	25
БББ директорлары	2
БББ жетекшілері	5
Оқытушылар	18
Студенттер, магистранттар, докторанттар	26
Түлектер	9
Жұмыс берушілер	3
Барлығы	92

Университеттің материалдық-техникалық базасымен танысу кезінде ССК мүшелері түрлі лабораторияларды, медпункт, компьютерлік-лингфондық, сандық дәрісханаларды, кітапхана, жатақхана, студенттер сарайын, атаулы кабинеттерді, тамшылау арқылы суарылатын жылыжайды, асханаларды көрді.

IAAR ССК-ның университеттің мақсатты топтарымен кездесулерінде ЖОО саясатын іске асыру тетіктерін нақтылап, өзін-өзі бағалау есебінде берілген жекелеген деректерді анықтады.

ССК мүшелері аккредиттеліп отырған БББ тәжірибелік базалары – Н. Ильясов атындағы №9 мектеп-гимназиясында, «СырМедиа» ЖШС-те, Ұлттық «Өрлеу» біліктілікті көтеру орталығының Қызылорда облыстық филиалында болып, жұмысымен танысты. қайтты

ССК мүшелері келесі сабақтарға қатысты:

- «Синтаксистік парадигмалар» пәні бойынша «Қазақ тіліндегі синтаксистік парадигмалар» тақырыбындағы дәріс, 1 курс, 8D01721-Қазақ тілі мен әдебиеті БББ-ның қауымд. проф., филол.ғ.к. – Г.Ж. Баялиева (F1, 127 дәрісхана);

- «Қазіргі журналистиканың жанрлық түрі мен қызметі» пәні бойынша «Деректі фильмдегі шындық» тақырыбындағы практикалық сабақ, 2 курс, 6B03270 – Журналистика БББ-ның қауымд. проф., филол.ғ.к. З.Н. Ермағамбетова (F1, 300 д. – телестудия);

- «Қазіргі қазақ тілінің фонетикасы» пәні бойынша «Қазақ тіліндегі дауысты дыбыстар және олардың классификациясы» тақырыбындағы БАОӨЖ, КЯЛ-23-1у тобы, 6B01721-Қазақ тілі мен әдебиеті БББ-ның қауымд. проф., филол.ғ.к. Б.Е.Боранбай (F1, 105 дәрісхана).

Аккредиттеу рәсімдеріне сәйкес БББ бойынша 105 оқытушыға, төменгі және жоғары курстың 479 білім алушысына сауалнама жүргізілді.

Өзін-өзі бағалау есебінде берілген ақпаратты растау мақсатында сыртқы сарапшылар тарапынан университеттің жұмыс құжаттары сұратылып, талданды. Сонымен қатар сарапшылар университеттің ресми сайты <https://korkyt.edu.kz/> арқылы интернеттегі позицияларымен танысты.

ССК сапарының бекітілген бағдарламасы аясында сараптау нәтижесінің Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің аккредиттеліп отырған білім беру бағдарламаларын жақсарту жөніндегі ұсынымдары университет басшылығына 2024 жылдың 28 ақпанында таныстырылды.



(VI) МАМАНДАНДЫРЫЛҒАН АККРЕДИТТЕУ СТАНДАРТТАРЫНА СӘЙКЕСТІГІ

6.1 Стандарт «Білім беру бағдарламасын басқару»

✓ЖОО сыртқы және ішкі факторларды кеңінен тарта отырып талдау негізінде БББ-ны дамытудың мақсаттары мен стратегиясын әр түрлі стейкхолдерлерді қарастыра отырып әзірлеуді көрсетуі тиіс

✓Сапаны қамтамасыз ету саясаты ғылыми зерттеулер, оқыту және оқу арасындағы байланысты көрсетуі тиіс

✓ЖОО сапаны қамтамасыз ету мәдениетінің дамуын көрсетеді

✓Сапаны қамтамасыз етуге бейілділік мердігерлер мен әріптестер орындайтын (аутсорсинг), оның ішінде бірлескен/қос дипломды білім беру мен академиялық ұтқырлықты жүзеге асыру кезіндегі кез келген қызметке қатысты болуға тиіс

✓БББ басшылығы білім алушылардың, мемлекеттің, жұмыс берушілердің және басқа да мүдделі тұлғалардың қажеттіліктерін қанағаттандыруға оның жұмыс істеуін, ЖОО-ның нақты жайғасымын және оның қызметінің бағытын талдау негізінде БББ-ны дамыту жоспарын әзірлеудің ашықтығын қамтамасыз етеді

✓БББ басшылығы БББ дамыту жоспарын қалыптастыру және тұрақты қайта қарау тетіктерінің жұмыс істеуін және оның іске асырылуын мониторингтеуді, оқыту мақсаттарына қол жеткізуді бағалауды, білім алушылардың, жұмыс берушілер мен қоғамның қажеттіліктеріне сәйкестігін, БББ-ны тұрақты жақсартуға бағытталған шешімдер қабылдауды көрсетеді

✓БББ басшылығы БББ дамыту жоспарын қалыптастыруға мүдделі тұлғалар топтарының өкілдерін, оның ішінде жұмыс берушілерді, білім алушылар мен ОПК өкілдерін тартуы тиіс

✓БББ басшылығы БББ даму жоспарының даралығы мен бірегейлігін, оның ұлттық даму басымдықтарымен және білім беру ұйымының даму стратегиясымен келісетіндігін көрсетуі тиіс

✓ЖОО БББ шеңберінде бизнес-процестерге жауаптылардың нақты айқындамасын, персоналдың лауазымдық міндеттерін бөруді көрсетуі тиіс. Алқалы органдар функцияларының аражігін ажыратуды көрсетуі тиіс.

✓БББ басшылығы БББ әзірлеуге және басқаруға қатысатын барлық тұлғалардың қызметін үйлестіруді және оның үздіксіз іске асырылуын қамтамасыз етеді, сондай-ақ осы процеске барлық мүдделі тұлғаларды тартады

✓БББ басшылығы басқару жүйесінің ашықтығын, оны жобалауды, басқаруды және мониторингті, тиісті шешімдер қабылдауды қамтитын сапаны қамтамасыз етудің ішкі жүйесінің жұмыс істеуін қамтамасыз етуі тиіс

✓БББ басшылығы тәуекелдерді басқаруды жүзеге асыруы тиіс

✓БББ басшылығы білім беру бағдарламасын басқарудың алқалы органдарының құрамына мүдделі тұлғалар өкілдерінің (жұмыс берушілер, ПОҚ, білім алушылар) қатысуын, сондай-ақ білім беру бағдарламасын басқару мәселелері бойынша шешімдер қабылдау кезінде олардың репрезентативтілігін қамтамасыз етуі тиіс

✓ЖОО БББ шеңберінде инновацияларды басқаруды, оның ішінде инновациялық ұсыныстарды талдау мен енгізуді көрсетуі тиіс

✓БББ басшылығы білім алушылар, ПОҚ, жұмыс берушілер және басқа да мүдделі тұлғалар үшін өзінің ашықтығы мен қолжетімділігін көрсетуі тиіс

✓БББ басшылығы білім беру менеджменті бағдарламалары бойынша оқудан өткенін растайды

✓БББ басшылығы сапаны сыртқы қамтамасыз етудің соңғы рәсімінің уақытынан бастап қол жеткізілген прогресті келесі рәсімге дайындық кезінде назарға алуға ұмтылуы тиіс

Дәлелді бөлім

Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларына және білім беру қызметінің сапасын жақсарту мақсатында жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудегі сапаны қамтамасыз ету бойынша Еуропалық қауымдастықтың халықаралық стандарттары мен нұсқаулықтары негізінде университетте «Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті» КеАҚ Сапаны қамтамасыз ету саласындағы саясат» қабылданып, бекітілген (№9 хаттама, 30.10.2023).

Сапа саясаты университеттің миссиясына, пайымына, мақсаты мен құндылықтарына, «Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамының 2023-2029 жылдарға арналған даму бағдарламасына (01.09.2023 ж. №5 хаттамамен бекітіліп, толықтырылып, өзгертулер енгізілген – 21.12.2023 ж. №8 хаттама) сәйкес келеді. Сапа саясатының мазмұны университет қызметінің негізгі түрлерін көрсетеді.

Білім беру бағдарламаларының сапасын қамтамасыз ету жүйесін ұйымдастыруға барлық мүдделі тараптар – университет студенттері, профессор-оқытушылары, қызметкерлері мен басшылығы тартылған.

Білім беру бағдарламаларының сапасын қамтамасыз ету саясаты Қорқыт Ата университетінің Ғылыми кеңесі бекіткен Академиялық саясатымен (№3 хаттама, 26.10.2023) анықталады.

Университеттің менеджмент жүйесінде сапаны қамтамасыз ету саласындағы саясатты түрлі құрылымдық бөлімшелер жүзеге асырады: Академиялық мәселелер жөніндегі департамент, Стратегиялық жоспарлау және сапаны қамтамасыз ету басқармасы, Тіркеуші офис, Рекрутинг және мансап басқармасы, Гуманитарлық-педагогикалық институтының

Қазақ тілі мен әдебиеті және журналистика білім беру бағдарламасының профессор-оқытушылар құрамы.

Білім беру бағдарламаларын жасауда жұмыс берушілердің, бизнес құрылымдарының, ғылыми қауымдастықтың ұсыныс-пікірлері ескеріледі.

Білім беру бағдарламаларын Қазақ тілі мен әдебиеті және журналистика білім беру бағдарламасының профессор-оқытушылар құрамы, студенттер мен стейкхолдерлердің қатысуымен Академиялық комитеттер жасайды. Бастапқы кезеңде Академиялық комитеттердің мүшелері БББ жасау жөнінде шешім қабылдау мақсатында білім беру нарығының ағымдағы және болашақтағы қажеттіліктерін анықтап, түлектердің жұмысқа орналасу мүмкіндіктерін қарастырады; мамандар даярлау нарығындағы бәсекелестерін, олардың күшті/әлсіз жақтарын бағамдайды. Бұдан соң университеттің БББ жүзеге асыру мүмкіндіктері – қажетті кадрлардың, материалдық-техникалық базаның, ақпараттық және қаржылық ресурстардың әлеуеті сараланады.

Әр қызметкердің университеттің дамуына қосқан үлесі «Профессор-оқытушылар құрамының, ғылыми қызметкерлері мен білім алушыларының халықаралық рецензияланатын басылымдарын

да жариялау белсенділігін ынталандыру туралы Ережесі», КРІ сыйақы жүйесі арқылы бағаланады.

Сараптамалық бөлім

6B01721-Қазақ тілі мен әдебиеті, 6B03270-Журналистика, 7M01724 - Қазақ тілі мен әдебиеті педагогтерін даярлау, 8D01721-Қазақ тілі мен әдебиеті білім беру бағдарламаларының даму жоспарлары аймақтағы еңбек нарығының ағымдағы және болашақтағы қажеттіліктерін барынша қанағаттандыруға, оқытудың инновациялық технологияларын енгізуге, білім алушылардың сапалы білім алуын қамтамасыз етуге бағытталған.

Университеттің ішкі құжаттарымен танысу, БББ үйлестірушілері, ПОҚ және білім алушылармен кездесу-сұхбаттасу кезінде ССК әртүрлі мүдделі тараптарды кеңінен тарта отырып, сыртқы және ішкі факторларды талдау негізінде БББ дамытудың мақсаты мен стратегиясын әзірлеуді қамтамасыз етіп отырғандығына көз жеткізілді. Бұл орайда университет БББ жасау мақсаты мен БББ даму стратегиясы процедураларының ашық болуын және құжатталуын қамтамасыз еткен. ССК университетте жарияланған сапаны қамтамасыз ету саясаты бар екенін растайды, оны жыл сайын университеттің стратегиялық бағыттарына, мақсаттары мен міндеттеріне, сыртқы контекстерге сәйкестігіне байланысты басшылық талдайды және қажет болған жағдайда жаңартылады. Саясат студенттердің сапаны қамтамасыз ету үдерістеріне белсенді қатысуына ықпал ететін білім беру ортасын құруға, студенттерге бағдарлану принципіне бағытталған. Жұмыс берушілермен ынтымақтастық сапаны қамтамасыз етудің маңызды принципі ретінде айқындалған. Бұл білім беру бағдарламаларында, жұмыс берушілерді оқу және ғылыми-зерттеу үдерістеріне тартуда, дипломдық жұмыстарды әзірлеуде көрініс табады. Осылайша, ССК университеттің стратегиялық құжаттары білім беру бағдарламаларын басқаруды дәйекті түрде көрсететінін атап өтеді.

Жұмыс барысында сарапшылар сапаны қамтамасыз етудің ішкі жүйесі қызмет ететініне, БББ әзірлеу, сараптау және олардың сапаны ішкі қамтамасыз ету стандарттарына сәйкестігін мониторингілейтініне көз жеткізді.

БББ дамуының негізгі тәуекелдері (қатерлері) ретінде талапкерлердің еліміздің басқа аймақтарына, алыс және жақын шетелдерге кетуі, білікті ғылыми-педагогикалық кадрлардың жетіспеушілігі аталады. Аталған мәселелерді шешу үшін кәсіптік бағдар беру жұмыстарын кеңейтіп, белсендіру, алыс және жақын шетелдердегі оқу орындарымен әріптестік байланысты нығайту, кафедраларда кадрлар резервін даярлау, университет имиджін көтеру іс-шаралары қарастырылған. Бұл орайда университет тарапынан тәуекелдердің негізгі көздерін және оларды азайту жолдарын көрсететін нақты іс-шаралар кешені жоқтығы

байқалады, сондықтан ЖОО-ның басшылығы түрлі тәуекелдердің ықпалын болжау және олардың алдын алу үшін талдау жасап, тәуекелдерді жүйелеуі қажет.

Сарапшылардың пікірінше, БББ аясында бизнес-үдерістерге жауаптылар белгіленген, қызметкерлердің лауазымдық міндеттері дұрыс бөлінген, алқалық органдардың қызметі нақтыланған.

Барлық қызығушылық танытқан тұлғалар бекітілген қабылдау кестесі бойынша ректордың және проректорлардың қабылдауында бола алады. Институт директорлары мен БББ жетекшілеріне жұмыс уақытында кездесуге мүмкіндік бар. <http://e-univer.korkyt.kz/Blog.aspx> арқылы университет ректорына сауал-шағымдарын жолдай алады. Сауалнама нәтижелері бойынша, басшылықтың студенттерге ашықтығы мен қол жетімділігін ПОҚ-тың 65,7%-ы өте жақсы, 34,3%-ы жақсы деп, ал оқытушыларға ашықтығы мен қол жетімділігін 69,5%-ы өте жақсы, 30,5%-ы жақсы деп бағалаған. Білім алушылардың 83,5 %-ы бұл сұраққа өте жақсы деп жауап берген.

Университет ПОҚ мен қызметкерлеріне еңбекақы төлеудің жаңа шарттарына көшіп отырғанын айта кету керек.

ССК тәуекелдерді басқаруды талдаудың рәсімделген процестерінің жоқтығын атап өтеді. Стандарттың осы критерийіне нашар сәйкестіктің себебі, БББ мен ЖОО басшылығының еңбек нарығындағы қажеттіліктерді зерттеудің әлсіздігін, сондай-ақ тәуекелдерді басқаруға жеткіліксіз көңіл бөлу болып табылады. Аккредиттелген білім беру бағдарламаларының тәуекелдері студенттер мен профессор-оқытушылық құрамның академиялық алмасуын дамыту, нөлдік емес импакт-факторы бар мақалалар санын көбейту қажеттілігімен, сондай-ақ студенттердің санын көбейту қажеттілігімен байланысты. Осы тәуекелдер бойынша БББ басшылығымен және педагогикалық ұжыммен мақсатты жұмыс жүргізу қажет.

Дегенмен, ССК 6B01721-Қазақ тілі мен әдебиеті, 6B03270-Журналистика, 7M01724 - Қазақ тілі мен әдебиеті педагогтерін даярлау, 8D01721-Қазақ тілі мен әдебиеті БББ шеңберінде инновацияларды басқару және талдау механизмін әзірлеуді және енгізуді ұсынады. Стандарттың осы критерийін нашар орындалуы профессор-оқытушылық құрамның ғылыми және инновациялық белсенділігінің төмендігінен туындап отыр. ЖОО-ның оқу процесінде инновациялық білім беру технологияларын дамыту және танымал ету тұрғысынан аккредиттелген БББ профессор-оқытушылық құрамының ғылыми-әдістемелік жұмысы жеткілікті белсенді емес. БББ сәйкес инновацияларды басқарудың өзекті тәртібін, сондай-ақ мүдделі тараптардың инновациялық ұсыныстарын растау тәртібін әзірлеу және қолдау қажет.

Сонымен қатар, бекітілген БББ Даму жоспары оқыту үрдісінің жалпы мәселелерін қарастырады, нақты даму көрсеткіштері белгіленіп, жауапты тұлғалар мен мерзімі көрсетілмеген. Әсіресе, уақыт талабынан туындаған жаңа сұраныстар ескерілмеген. Академиялық ұтқырлық, түлектерді жұмысқа орналастыру және оған мониторинг жүргізу мәселелері нақты қаралмаған. Сапаны қамтамасыз ететін маңызды құжат ретінде БББ Даму жоспарын қайта қарастырып, жаңартылуын қамтамасыз еткен жөн.

Күшті жақтары/ үздік тәжірибе

6B01721-Қазақ тілі мен әдебиеті, 6B03270-Журналистика, 7M01724 - Қазақ тілі мен әдебиеті педагогтерін даярлау, 8D01721-Қазақ тілі мен әдебиеті білім беру бағдарламалары бойынша күшті тұстары/ үздік тәжірибесі:

- университет әртүрлі мүдделі тараптарды кеңінен тарта отырып, сыртқы және ішкі факторларды талдау негізінде БББ дамытудың мақсаты мен стратегиясын әзірлеуді қамтамасыз етіп отыр.

6B01721-Қазақ тілі мен әдебиеті, 6B03270-Журналистика, 7M01724 - Қазақ тілі мен әдебиеті педагогтерін даярлау, 8D01721-Қазақ тілі мен әдебиеті БББ үшін ұсынымдар:

- Университет басшылығы 2024 жылдың 1 қыркүйегіне дейін тәуекелдердің негізгі көздерін және оларды азайту жолдарын көрсететін Тәуекелдерді басқару саясатын әзірлеп, оларды қысқарту бойынша шаралар кешенін айқындасын;

- аккредиттелетін БББ басшылығы мен оқытушылар құрамы қазіргі заманғы әдебиеттерді талдауға және өздерінің әзірлемелеріне сүйене отырып, оқу үрдісіне инновацияларды үнемі енгізудің механизмін 2024-2025 оқу жылына даярласын;

- БББ басшылығы 2024 жылдың 1 қыркүйегіне дейін нақты даму көрсеткіштерін белгілеп, БББ Даму жоспарын нақтылауы, уақыт талабынан туындаған жаңа сұраныстарды ескере отырып, білім беру бағдарламасы мазмұнының жаңартылуын қамтамасыз етсін.

Сыртқы сараптау комиссиясының критерийлер бойынша қорытындылары:

«Білім беру бағдарламаларын басқару» стандарты бойынша 6B01721-Қазақ тілі мен әдебиеті, 6B03270-Журналистика, 7M01724 - Қазақ тілі мен әдебиеті педагогтерін даярлау, 8D01721-Қазақ тілі мен әдебиеті БББ күшті – 1; қанағаттанарлық – 14; жақсартуды - 2 деп болжайды.

6.2 Стандарт «Ақпаратты басқару және есептілік»

✓ЖОО бағдарламалық құралдардың қазіргі заманғы ақпараттық-коммуникациялық технологиялары негізінде ақпаратты жинау, талдау және басқару жүйесінің жұмыс істеуін қамтамасыз етуі тиіс

✓БББ басшылығы сапаны қамтамасыз етудің ішкі жүйесін жақсарту үшін өңделген, барабар ақпаратты жүйелі пайдалануды көрсетеді

✓БББ басшылығы БББ шеңберіндегі барлық құрылымдық бөлімшелер мен кафедралардың қызметін көрсететін, олардың нәтижелілігін бағалауды қамтитын есептілік жүйесінің болуын көрсетеді

✓ЖОО БББ басқаруды, алқалы органдар мен құрылымдық бөлімшелердің, жоғары басшылықтың қызметін бағалаудың кезеңділігін, нысандары мен әдістерін айқындауы тиіс

✓ЖОО ақпаратты қорғауды қамтамасыз ету, оның ішінде ақпаратты талдаудың дұрыстығы мен уақтылығына жауапты тұлғаларды анықтау және деректерді ұсыну тетігін көрсетуі тиіс

✓ЖОО ақпаратты жинау және талдау, сондай-ақ олардың негізінде шешімдер қабылдау процесстеріне білім алушыларды, қызметкерлерді және ПОҚ-ін тартуды көрсетеді

✓БББ басшылығы білім алушылармен, қызметкерлермен және басқа да мүдделі тұлғалармен коммуникация, оның ішінде жанжалдарды шешу тетіктерінің бар екенін көрсетуі тиіс

✓ЖОО БББ шеңберінде білім алушылардың, ПОҚ және персоналдың қажеттіліктерін қанағаттандыру дәрежесін өлшеуді қамтамасыз етуі және анықталған кемшіліктерді жоюдың дәлелдерін көрсетуі тиіс

✓ЖОО БББ бөлінісінде қызметтің нәтижелілігі мен тиімділігін бағалауы тиіс

✓БББ шеңберінде ЖОО жинайтын және талдайтын ақпарат мыналарды ескеруі тиіс:

- тиімділіктің негізгі көрсеткіштері

- нысандар мен түрлер бөлінісінде білім алушылар контингентінің серпіні

- үлгерім деңгейі, студенттердің жетістіктері және оқудан шығару

- білім алушылардың БББ іске асыруына және ЖОО-да оқыту сапасына қанағаттануы

- білім алушылар үшін білім беру ресурстары мен қолдау жүйелерінің қолжетімділігі

- тұлғалардың жұмысқа орналасуы және мансаптық өсуі

✓Білім алушылар, ПОҚ және персонал дербес деректерді өңдеуге өз келісімін құжатпен растауы тиіс

✓БББ басшылығы тиісті ғылым салаларында қажетті ақпаратпен қамтамасыз етуге жәрдемдесуі тиіс

Дәлелді бөлім

Сыртқы сараптау комиссиясының мүшелері сапар барысында университет тарапынан «Ақпаратты басқару және есептілік» стандартының талаптары орындалып отырғанына көз жеткізді. Университетте ақпаратты басқару, оның ішінде ақпаратты жинау және талдау жұмыстарын жүргізетін жеке ақпараттық жобалары: <https://korkyt.edu.kz/> және «E-Univer» ақпараттық сайттары және оқу үдерісіндегі негізгі ақпараттық жүйе АЖ «Platonus» жұмыс істейді. Университеттің білім беру, ғылым, тәрбие және әлеуметтік қызметін басқару үшін, сондай-ақ университет қызметі туралы оң пікір қалыптастыру үшін, халық арасында университет қызметін насихаттау үшін БАҚ-қа көмек көрсету үшін аталған ақпараттық ресурстар тұрақты, жүйелі жұмыс жасайды.

Сапаны қамтамасыз ету жүйесін бағалау үшін университет ақпаратты жинау және талдауды соңғы үлгідегі ақпараттық жүйелерді енгізу және қолдану; барлық стейкхолдерлердің білім беру қызметі нәтижесіне қойылатын өзіндік талаптарын нақтылау; олардың көрсетілетін қызмет түрлеріне қанағаттанушылығын анықтау; университеттің ішкі және сыртқы ортасын жан-жақты талдау; ішкі аудит үдерістері арқылы жүзеге асырады.

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің ресми сайтында (<https://korkyt.edu.kz/>) нормативтік құжаттар, БББ элективті пәндер каталогы орналастырылған, сайт арқылы ЖОО қызметкерлері, білім алушылар және басқа да тұлғалар мемлекеттік қызметтер түрлерін электрондық форматта ала алады; барлық бөлімдер, қызметтер мен оқу бөлімшелері «E-Univer» жүйесі ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігі Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру менеджменті бірыңғай жүйесіне (ESMS) 23 параметр бойынша деректер базасын беруге мүмкіндігі бар; АЖ «Platonus» арқылы оқытушылар құрамы мен қызметкерлердің және білім алушылар туралы барлық деректер қолжетімді; 2022 жылы «Электрондық құжат айналымы жүйесі salemoffice.kz» АЖ сатып алынған; Интернет және OpenSpace негізінде университет кітапханасының мүмкіндіктерін арттырып отыр. Elsevier, Springer, Scopus ғылымиметриялық дерекқорларына РМЭБ, AlemBook отандық дерекқорларына жазылымдар бар.

Сараптамалық бөлім

«Ақпаратты басқару және есептілік» стандартының критерийлеріне сәйкестігі жөнінде БББ бойынша университет ұсынған материалдарды талдау нәтижесінде сараптау комиссиясы келесі тұжырымға келді: университетте ақпаратты басқару және есептілік жүйесі жұмыс істейді. Деректер базасы электрондық және қағаз нұсқасында номенклатураға сәйкес сақталады.

6B01721-Қазақ тілі мен әдебиеті, 6B03270-Журналистика, 7M01724 - Қазақ тілі мен әдебиеті педагогтерін даярлау, 8D01721-Қазақ тілі мен әдебиеті БББ ақпараттық, коммуникациялық және бағдарламалық құралдарды қолдану негізінде ақпаратты жинау, талдау және басқару жүйесін ұйымдастырған, атап айтқанда университет сайты, «E-Univer» платформасы және оқу үдерісіндегі «Platonus» АЖ арқылы аралық, қорытынды, мемлекеттік аттестаттау қорытындылары, әлеуметтік сауалнамалар, білім алушыларды тестілеу (базалық білімді тексеру), білім алушылар мен түлектерге жұмыс берушілердің пікірлерін талдау, БББ жетекшілері мен институт директорларының қызметін талдау, электрондық сабақ кестесін орналастыруды қамтамасыз етеді.

Сарапшылар ішкі сапаны қамтамасыз ету жүйесін жетілдіру мақсатында БББ басшылығы өңделген, адекватты ақпаратты жүйелі пайдалануды көрсететінін және айтарлықтай оң нәтижелерге қол жеткізілгенін атап өтеді. Сапаны қамтамасыз етудің ішкі жүйесі әртүрлі ақпараттық технологияларды, бағдарламалық қамтамасыз ету негізінде ақпаратты жинау, талдау және басқару жүйесін, басқа да механизмдерді, әзірлемелер мен процестерді қолдану арқылы анықталады. Сапаны қамтамасыз етудің дамыған ішкі жүйесі университетке еңбек нарығының қажеттіліктері мен қоғамның сұраныстарына икемді жауап беруге көмектесетінін атап өткен жөн.

БББ сапасын бағалаудың ішкі жүйесі тұрақты түрде есеп беріп отырады, БББ-ның жұмыс берушілермен біріге қарастырған жұмыс жоспарынан байқалады. Университетте Ақпараттық қауіпсіздік жөніндегі Ережеге сәйкес Цифрлық даму департаментінің сервис және ақпараттық қауіпсіздік басқармасы ақпаратты қорғау жүйесін ұйымдастырады.

Стратегиялық жоспарлау және сапаны қамтамасыз ету басқармасы басшылықтың қызметін бағалау мақсатында жыл сайын «Білім алушылардың, ПОҚ және персоналдың университет басшылығының қызметіне қанағаттануы» тақырыбында әлеуметтік сауалнама жүргізіледі.

ССК төмендегідей пікірге келді: Қазақ тілі мен әдебиеті және журналистика БББ-ның барлық оқытушылары мен қызметкерлерінің дербес деректерді жинауға және өңдеуге берген келісімдері жеке істерінде сақталады. Білім алушылардың дербес деректерін жинауға және өңдеуге келісім білім беру қызметтерін көрсету шартымен жүзеге асырылады.

Сауалнама нәтижелері бойынша, басқарушылық және стратегиялық шешімдерді қабылдау үдерісіне профессорлық-оқытушы құрамның тартылуын ПОҚ-тың 44,8%-ы өте жақсы, 45,7%-ы жақсы, 8,6%-ы салыстырмалы түрде төмен деп бағалаған.

Сонымен қатар, сарапшылар БББ жүзеге асыруда студенттермен, қызметкерлермен және басқа да мүдделі тұлғалармен туындайтын жанжалдарды шешуде, тиімді қарым-

қатынас механизмдерін енгізуде, ашық және сындарлы диалогты қамтамасыз етуде нақты процедураларды көрсете алмады. Білім алушылардың жауаптарынан БББ, деканат тарапынан шешілетін жекелеген мәселелер ректорат деңгейінде ғана шешімін табатындығын көрсетіп берді. БББ қолайлы микроклиматын қалыптастыруда осы жайға көңіл бөліп, нақты іс-әрекеттер қарастыру қажет.

Күшті жақтары/ үздік тәжірибе

6B01721-Қазақ тілі мен әдебиеті, 6B03270-Журналистика, 7M01724 - Қазақ тілі мен әдебиеті педагогтерін даярлау, 8D01721-Қазақ тілі мен әдебиеті білім беру бағдарламалары бойынша күшті тұстары/ үздік тәжірибесі:

- университет заманауи ақпараттық-коммуникациялық технологиялар мен бағдарламалық қамтамасыз ету негізінде ақпаратты жинау, талдау және басқару жүйесінің жұмыс істеуін қамтамасыз етіп келеді.

6B01721-Қазақ тілі мен әдебиеті, 6B03270-Журналистика, 7M01724 - Қазақ тілі мен әдебиеті педагогтерін даярлау, 8D01721-Қазақ тілі мен әдебиеті БББ үшін ұсынымдар:

- БББ басшылығына 2024-2025 оқу жылының басына дейін студенттермен, қызметкерлермен және басқа да мүдделі тұлғалармен қарым-қатынас жасау, оның ішінде жанжалдарды шешу тетіктерін көрсететін шаралар белгілеуі қажет.

Сыртқы сараптау комиссиясының критерийлер бойынша қорытындылары:

«Ақпаратты басқару және есептілік» стандарты бойынша 6B01721-Қазақ тілі мен әдебиеті, 6B03270-Журналистика, 7M01724 - Қазақ тілі мен әдебиеті педагогтерін даярлау, 8D01721-Қазақ тілі мен әдебиеті БББ күшті – 1; қанағаттанарлық – 16; жақсартуды - 0 деп болжайды.

6.3. Стандарт «Білім беру бағдарламасын әзірлеу және бекіту»

✓ЖОО БББ әзірлеудің құжатталған рәсімінің болуын және оның институционалдық деңгейде бекітілуін көрсетуі тиіс

✓ЖОО әзірленген БББ-ның белгіленген мақсаттарға және жоспарланған оқыту нәтижелеріне сәйкестігін көрсетуі тиіс

✓БББ басшылығы пәндер мен кәсіби практикалардың оқыту нәтижелерін қалыптастыруға әсерін анықтауы тиіс

✓ЖОО оқыту нәтижелері мен жеке қасиеттерін сипаттайтын БББ түлегі моделінің бар екендігін көрсетеді

✓БББ аяқталғаннан кейін берілетін біліктілік НСК, QF-EHEA белгілі бір деңгейіне нақты анықталуы, түсіндірілуі және сәйкес келуі тиіс

✓БББ басшылығы ECTS-ке негізделген бағдарламаның модульдік құрылымын көрсетуі, БББ мазмұны құрылымының әрбір түлектің жоспарланған оқыту нәтижелеріне қол жеткізуге бағдарлана отырып, қойылған мақсаттарға сәйкестігін қамтамасыз етуі тиіс

✓БББ басшылығы оқу пәндері мазмұны мен оқыту нәтижелерінің бір-біріне және оқыту деңгейіне (бакалавриат, магистратура, докторантура) сәйкестігін қамтамасыз етуі тиіс.

✓БББ басшылығы БББ сыртқы сараптамаларын жүргізуді көрсетуі тиіс

✓БББ басшылығы білім алушылардың, ПОҚ және басқа да стейкхолдерлердің БББ әзірлеу мен сапасын қамтамасыз етуге қатысуының дәлелдерін ұсынуы тиіс

✓БББ басшылығы білім беру бағдарламасының бірегейлігін, оның білім беру нарығындағы (өңірлік/ұлттық/халықаралық) орнын көрсетуі тиіс

✓Білім алушыларды кәсіби сертификаттауға дайындау мүмкіндігі маңызды фактор болып табылады

✓Шетелдік жоғары оқу орындарымен бірлескен және/немесе қос дипломды БББ-ның болуы маңызды фактор болып табылады

Дәлелді бөлім

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті Дублин дескрипторларын және Еуропалық біліктілік шеңберін ескере отырып, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар кадрларды даярлау бағыттарының сыныптауышына, МЖМБС талаптарына, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру саласының нормативтік-құқықтық актілеріне, сондай-ақ университеттің академиялық саясатына сәйкес БББ, оқу жоспарларын (үлгілік, жеке және жұмыс) және бағдарламаларын (үлгілік және силлабустар) дербес

әзірлейді. Білім беру бағдарламалары құзыреттілікке бағытталған модульдік оқыту қағидатына сәйкес әзірленеді. БББ ғылым, мәдениет, техника, технология, экономика және әлеуметтік салалардың дамуын ескере отырып жаңартылып отырады және БББ паспортынан, элективтік пәндер каталогінен, жұмыс оқу бағдарламаларынан (силлабустардан) тұрады.

БББ жобалау, әзірлеу және бекіту рәсімдері университеттің академиялық саясатында <https://www.calameo.com/read/0070813903a9b174d5286> көрсетілген.

БББ Гуманитарлық-педагогикалық институттың Академиялық сапа комитетінде қаралып, Ғылыми кеңесте бекітіледі.

БББ әзірлеуде аймақтағы еңбек нарығы, кәсіби стандарт талаптары, БББ-ның қызмет аясы ескеріледі. БББ басшылығы жыл сайын әдістемелік семинарда ЭПК және оқыту нәтижелерін талқылауды ұйымдастырады. БББ әзірлеуге білім алушылар, түлектер, жұмыс берушілер, практика базаларының басшылары белсенді қатысады. БББ сарапшылары ретінде базалық мектептердің мұғалімдері, практика базасының жетекшілері тартылады. Стейкхолдерлер еңбек нарығындағы сұраныс пен ерекшеліктерді мониторингілеу үдерістеріне; аймақтың аталмыш бейіндегі мамандарға зәрулігін нақтылауға, кәсіби стандарттарды айқындауға; БББ-ның модульдерін келістіруге қатысады.

Университетте мамандарға қажеттілікті анықтау және мүдделі тараптардың талаптарын нақтылау мақсатында БББ жұмыс берушілермен әріптестік байланыстар орнатылған, келісімшарттар, меморандумдар негізінде жұмыс берушілердің, басқа да мүдделі тұлғалардың қатысуымен дөңгелек үстелдер, кездесулер, семинарлар өткізіледі.

Сараптамалық бөлім

Сапар барысында аккредиттелетін БББ сапасын талдау пәндер мен тәжірибелердің (практикалардың) БББ, ЖОБ, ЭПК мақсаты мен міндеттерінде және Түлектер моделінде көзделген нәтижелерге қол жеткізуге бағытталғанын, сондай-ақ БББ еңбек сыйымдылығының шартты бірлігі ретінде ұлттық кредиттер мен ECTS кредиттерінің сәйкестігін көрсетті. Пәндер мазмұны барлық деңгейлердегі оқытудың күтілетін нәтижелеріне сәйкес.

ССК сапары кезінде білім алушылармен, түлектермен сұхбаттасу барысы ұсынылатын курстардың тәжірибелік бағытына назар аудару керектігін көрсетті. Сол себепті оқу үдерісіне практик-мамандарды көбірек тарту қажет.

ССК ұлттық және халықаралық білім беру нарығындағы БББ позициясын пайдалану және БББ барлық мүдделі тараптарды ақпараттандыру қажеттігін атап көрсетеді.

Сауалнама нәтижелері оқу үдерісіне қатысты оқытушылар тарапынан кері байланыстың шұғылдығына білім алушылардың 82,5%-ы көңілі толығымен толады, 14%-ы көңілі толады деуге болады деп көрсеткен.

БББ мақсаттары қоғамның әлеуметтік тапсырысына және жұмыс берушілердің талаптарына сәйкес келетін, сондай-ақ жеке тұлғаның кәсіби дамудағы қажеттіліктерін қанағаттандыруға бағытталған дипломдық модельді қалыптастырудағы стратегиялық басымдықтарды анықтайды. Дегенмен, сарапшылар жұмыс берушілермен сұхбаттасу және ұсынылған құжаттаманы талдауға сәйкес қазіргі еңбек нарығының талаптарына сәйкес аккредиттелген БББ түлектері үшін құзыреттілік үлгісін әзірлеуді атап өтеді және ұсынады, ол тек бітірушінің кәсіби деңгейін ғана емес, дамытуды қамтитын дағдылар (hard skills), сонымен қатар әмбебап құзыреттіліктер «жұмсақ» дағдыларды (soft skills) ескергені жөн. Осы тұрғыдан БББ түлегі моделін қайта қарау қажет.

Сарапшылар отандық ЖОО-ның ұқсас БББ мониторингі жүргізілетінін, бірақ аз дәрежеде шетелдік университеттердің ұқсас БББ мониторингі жүргізілетінін атап өтеді, бұл халықаралық серіктестерді анықтауға және бірлескен БББ әзірлеу бағытында халықаралық байланыстарды кеңейтуге, әсіресе профессорлық-оқытушылық құрам кәсіби біліктілігін арттыру үшін шетелге шығуы қанағаттанарлықсыз деңгейде екендігін аңғарды. Халықаралық білім беру нарығында БББ позициясын пайдалану және БББ шеңберінде оқу материалдарын цифрландыру мақсатында шетел университеттерімен қос дипломды БББ енгізуді қарастыру қажеттігі көрініп тұр.

Білім алушыларды кәсіби сертификаттауға дайындау мүмкіндігі халықаралық Coursera бағдарламасынан көрінеді: университетте қажетті лицензиялар алынып, студенттердің тегін оқуына және онда алған нәтижелерінің ағымдық бағалауға әсер ететіндігін қамтамасыз еткен. Дегенмен, әсіресе медиа саласында соңғы жылдары ақпараттық технологиялар айқын басымдыққа ие болып жатқандығын, жасанды интеллекттің тікелей араласуын ескеретін пәндерді қарастыру, білікті мамандарды тарту, практикалық дағдыға үйрету өзекті болып келеді. Google, Adobe, Apple, Microsoft, OpenAI және т.б. компаниялардың бағдарламалық қамтамасыз етуіне көңіл аударып, тереңдете оқытпаса болмайды. Веб сайт немесе смартфон қосымшасын жасау, оған контент жасау, ілгерілету, әлеуметтік медиа арқылы үлкен аудиторияға шығу сияқты жаңа сұраныстарды игермесе, еңбек нарығына бейімделу қиындай береді. Ал, осы салалар бойынша кәсіби сертификаттаудан өтсе, 100 пайыз жұмыспен қамтылуына, табысты болуына негіз қалайды. БББ басшылығы Даму жоспарында нақты міндеттерді белгілеп, шаралар, жауапты мен мерзімін айқындағаны қажет.

Күшті жақтары/ үздік тәжірибе

- осы стандарт бойынша анықталмады.

6B01721-Қазақ тілі мен әдебиеті, 6B03270-Журналистика, 7M01724 - Қазақ тілі мен әдебиеті педагогтерін даярлау, 8D01721-Қазақ тілі мен әдебиеті БББ үшін ұсынымдар:

- 2024 жылдың қыркүйек айына дейін бітірушінің кәсіби дағдыларын (hard skills) ғана емес, сонымен бірге әмбебап құзыреттіліктерді, «жұмсақ дағдыларды» (soft skills) дамытуды қамтитын заманауи еңбек нарығының талаптарына сәйкес аккредиттелген білім беру бағдарламаларының түлектері үшін құзыреттілікке негізделген үлгі әзірлесін, ЖОО оқыту нәтижелері мен тұлғалық қасиеттерін сипаттайтын БББ түлегі моделін жаңартсын;

- БББ басшылығы 2025-2026 оқу жылының аяғына дейін халықаралық білім беру нарығында БББ позициясын пайдалану және БББ шеңберінде оқу материалдарын цифрландыру мақсатында шетел университеттерімен қос дипломды БББ енгізісін.

6B03270-Журналистика БББ үшін ұсынымдар:

- БББ басшылығы 2025-2028 оқу жылдарына арналған даму жоспарында жасанды интеллект пен веб-технологияларды белсенді енгізуді, Google, Adobe, Apple, Microsoft, OpenAI және т.б. компаниялардың бағдарламалық қамтамасыз етуді меңгеруді ескере отырып, студенттерді медиа индустрия саласында кәсіби сертификаттауға дайындау мүмкіндігі қарастырылсын.

Сыртқы сараптау комиссиясының критерийлер бойынша қорытындылары:

«Білім беру бағдарламасын әзірлеу және бекіту» стандарты бойынша 6B01721-Қазақ тілі мен әдебиеті, 6B03270-Журналистика, 7M01724 - Қазақ тілі мен әдебиеті педагогтерін даярлау, 8D01721-Қазақ тілі мен әдебиеті БББ күшті – 0; қанағаттанарлық – 11; жақсартуды - 1 деп болжайды.

6.4. Стандарт «Білім беру бағдарламасының тұрақты мониторингі және мерзімді бағалау»

✓ ЖОО еңбек нарығындағы өзгерістерді, жұмыс берушілердің талаптарын және қоғамның әлеуметтік сұранысын ескере отырып, БББ мазмұны мен құрылымын қайта қарауды қамтамасыз етуге тиіс.

✓ ЖОО БББ мақсатына қол жеткізу үшін БББ мониторингін жүргізудің және мерзімді бағалаудың құжатталған рәсімінің болуын көрсетуі тиіс. Осы рәсімдердің нәтижелері ББ-ны үнемі жетілдіруге бағытталған.

✓ БББ мониторингі және кезеңдік бағалау мыналарды қарастыруы тиіс:

- нақты пән бойынша ғылым мен технологияның соңғы жетістіктері контекстіндегі бағдарламалардың мазмұны;
- қоғам мен кәсіби орта қажеттіліктерінің өзгеру бағыттары;
- білім алушылардың жүктемесі, үлгерімі және бітіруі;
- білім алушыларды бағалау рәсімдерінің тиімділігі.;
- білім алушылардың қажеттіліктері мен қанағаттану дәрежесі;

- қолдау қызметтерінің білім беру ортасы мен қызметінің БББ мақсаттарына сәйкестігі.

✓ Барлық мүдделі тұлғалар БББ қатысты кез келген жоспарланған немесе қабылданған іс-әрекеттер туралы хабардар болуы тиіс. БББ-ға енгізілген барлық өзгерістер жариялануы тиіс.

✓ Қолдау қызметтері білім алушылардың әртүрлі топтарының қажеттіліктерін және олардың оқытуды ұйымдастырумен, оқытумен, бағалаумен, жалпы БББ игерумен қанағаттану дәрежесін анықтауы тиіс.

Дәлелді бөлім

Университеттің өзін-өзі бағалау есебін талдау және оқу орны ұсынған құжаттармен танысу білім беру бағдарламаларының жүзеге асырылуына және бағалануына тұрақты түрде мониторинг жасалатынын көрсетті. Мониторинг нәтижесі БББ-ның осы заманғы қоғамның қажеттіліктерін ескере отырып, үнемі жақсартуға негіз ретінде алынады.

Мониторинг білім беру бағдарламаларының мазмұнын меңгеруді бақылау және оқыту нәтижесінің табыстылығын ұштастыра жүргізеді. Университетте ақпаратты тиімді басқару үшін заманауи ақпараттық, ақпараттық-коммуникативтік технологиялар, бағдарламалар мен платформалар қолданылады.

Платонус АЖ-да білім алушылардың академиялық жетістігі (білім алушының үлгерімі, емтихан сессиясының қорытындысы, транскрипт, практика бағасы, ҒЗЖ бағасы, мемлекеттік емтихан нәтижесі), оқытушылардың оқу үдерісіне, ғылыми-зерттеу жұмыстарына қатысты деректері тіркелген. Мониторингтің сапалық көрсеткіштері мен статистикалық мәліметтері негізінде БББ, институт, университет деңгейінде сессиялардың нәтижелері бойынша есеп талданады. Алынған нәтижелер қажетті шаралар қабылдау үшін Ғылыми кеңестің қарауына шығарылады.

Түлектердің жұмысқа орналасуы БББ тиімді басқаруға және басқа да базалық үдерістер мен процедураларға ықпал ететін басты факторлардың бірі болғандықтан, университет түлектерінің жұмысқа орналасуына көмек көрсету мақсатында түлектердің жұмысқа орналасу мониторингін жасайды.

БББ сапасын бағалау және бақылау үшін оқытушылар ашық сабақтар өткізеді, өзара сабақтарына қатысады. Сабақ пен онда қолданылған оқу-әдістемелік материалдар, білім алушылардың үлгерімін бақылау және бағалауды ұйымдастыру деңгейі БББ мәжілістерінде қарастырылып, талданады.

Білім алушылардың оқыту сапасына қанағаттануы туралы ақпарат университеттің ресми сайтында онлайн сауалнама арқылы алынады.

Сараптамалық бөлім

БББ мәжілістерінің хаттамалары аккредиттеліп отырған БББ әзірлеуге білім алушылар мен жұмыс берушілердің қатысқанын растайды.

Сарапшылар аккредиттеу кезеңінде білім алушылармен сұхбат барысында олардың өз бағдарламалары, оның басқа ЖОО іске асыратын ұқсас БББ-нан айырмашылықтары, артықшылықтары мен мүмкіндіктері туралы ақпараты бары анықталды.

ССК мүшелері Платонус АЖ арқылы білім алушылардың үлгеріміне мониторинг жасалатынына, сондай-ақ жүйеге әр білім алушы логин/пароль арқылы ғана кіре алатынына көз жеткізді.

Университетте білім алушылардың білім сапасына қанағаттанушылығын анықтау мақсатында «Оқытушы білім алушылар көзімен», «Білім алушылар мен түлектердің білім беру бағдарламаларын іске асыру сапасына қанағаттануы» тақырыбында тұрақты түрде сауалнама жүргізіліп отыратынын ССК-ның БББ студенттерімен өткізген сұхбаты көрсетті.

Сарапшылар дұрыс және дер кезінде ақпараттандыру университеттің ең маңызды қызметі екенін атап өтеді. Осы бағытта жұмысты ширата түсу қажет, өйткені университет үздіксіз дамып келе жатқан бәсекелестік ортада жұмыс істейді. ССК барлық мүдделі тараптар БББ-дағы барлық жоспарланған немесе жасалған өзгерістерден хабардар болуы, олардың тиісті ақпарат көздерінде жариялануы қажет екенін көрсетеді. Жыл сайын студенттер, олардың ата-аналары және жұмыс берушілер арасында көрсетілетін білім беру қызметінің сапасы бойынша сауалнама жүргізіледі. Жедел ақпаратты алу үшін университет әкімшілігі үшін оқу үдерісіндегі «әлсіз жақтардың» көрсеткіштері болып табылатын білім

беру порталының кері байланыс құралдары пайдаланылады.

ССК өткізген сауалнама нәтижелері бойынша жалпы білім беру бағдарламасының сапасына білім алушылардың 83,1%-ның, оқу бағдарламаларының жалпы сапасына 83,9%-ның көңілі толығымен толады.

Күшті жақтары/ үздік тәжірибе

- осы стандарт бойынша анықталмады.

6B01721-Қазақ тілі мен әдебиеті, 6B03270-Журналистика, 7M01724 - Қазақ тілі мен әдебиеті педагогтерін даярлау, 8D01721-Қазақ тілі мен әдебиеті БББ үшін ұсынымдар:

- 2024-2025 оқу жылына дейін барлық мүдделі тараптар БББ-сына қатысты жоспарланған немесе қабылданған әрекеттер туралы хабардар болуы, оған енгізілген барлық өзгерістер жариялануы керек.

Сыртқы сараптау комиссиясының критерийлер бойынша қорытындылары:

«Білім беру бағдарламасының үнемі мониторингілеу және мерзімді бағалау» стандарты бойынша 6B01721-Қазақ тілі мен әдебиеті, 6B03270-Журналистика, 7M01724 - Қазақ тілі мен әдебиеті педагогтерін даярлау, 8D01721-Қазақ тілі мен әдебиеті БББ күшті – 0; қанағаттанарлық – 9; жақсартуды -1 деп болжайды.

6.5. Стандарт «Студентке бағытталған білім беру, оқыту және үлгерімді бағалау»

✓ БББ басшылығы білім алушылардың әртүрлі топтарына және олардың қажеттіліктеріне құрмет пен назар аударуды, оларға икемді оқу траекторияларын беруді қамтамасыз етуі тиіс.

✓ БББ басшылығы дайындау бағыты саласындағы әлемдік ғылым мен практиканың қазіргі заманғы жетістіктері негізінде оқытуды, ББ мақсаттарына, оның ішінде құзыреттерге, талап етілетін деңгейде ғылыми жұмысты орындау дағдыларына қол жеткізуді қамтамасыз ететін оқытудың әртүрлі қазіргі заманғы әдістемелерін пайдалану мен оқыту нәтижелерін бағалауды қамтамасыз етуі тиіс.

✓ БББ басшылығы білім беру бағдарламасы бойынша білім алушылардың оқу жүктемесін теория мен практика арасында бөлу, әрбір түлектің БББ мазмұны мен мақсаттарының жетістіктерін игеруін қамтамасыз ету тетіктерін айқындауы тиіс.

✓ БББ пәндерді оқыту әдістемесі саласында жеке зерттеулердің болуы маңызды фактор болып табылады.

✓ ЖОО оқыту нәтижелерін бағалау рәсімдерінің БББ-ның жоспарланған нәтижелері мен мақсаттарына сәйкестігін қамтамасыз етуі тиіс.

✓ ЖОО БББ оқыту нәтижелерін бағалау тетігінің дәйектілігін, ашықтығын және объективтілігін қамтамасыз етуі тиіс. Оқу нәтижелерін бағалау критерийлері мен әдістері алдын-ала жариялануы керек.

✓ Бағалаушы тұлғалар оқыту нәтижелерін бағалаудың заманауи әдістерін меңгеруі және осы салада біліктілігін үнемі арттырып отыруы тиіс.

✓ БББ басшылығы оқытудың әртүрлі әдістемелерін пайдалану және оқыту нәтижелерін бағалау бойынша кері байланыс жүйесінің болуын көрсетуі тиіс.

✓ БББ басшылығы бір мезгілде оқытушы тарапынан басшылық пен көмек көрсету кезінде білім алушылардың дербестігін қолдауды көрсетуі тиіс.

✓ БББ басшылығы білім алушылардың шағымдарына ден қою рәсімінің болуын көрсетуі тиіс.

Дәлелді бөлім

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті білім алушылардың білімін бағалау мен бақылау, оларға ыңғайлы жеке білім траекторияларын анықтау арқылы жүзеге асырады. Студентке бағытталған білім беру, оқыту және үлгерімді бағалау стандарты Болон үдерісінің қағидаттарының бірінен туындайды.

Қазақ тілі мен әдебиеті және журналистика БББ-да студентке бағытталған білім беру мен олардың үлгірімін бағалау төмендегідей негіздемелер арқылы жүзеге асырылады:

1. БББ реттейтін оқу жоспарларын, пәндердің элективті каталогтерін, оқу кестелерін, білім алушылардың жеке жоспарларын, ішкі нормативті құжаттарын талдау жасау жолымен.

2. Білім беру әдістерін және білім алушылардың өзіндік жұмыстарын ұйымдастыру әдістеріне талдау арқылы; оқытудың қажет ететін нәтижелеріне талдаумен.

3. Оқу нәтижелерін бағалауда қолданылатын әдістер мен технологияларды талдау түрімен.

4. Қажетті білім берудің нәтижелерінің кәсіби оқыту стандарттарымен және ҰБЖ (ұлттық біліктілік жүйесі) деңгейіне сәйкестігіне талдау жолымен.

5. Білім алушылармен, ПОҚ-пен, жұмыс берушілермен және басқа да мүдделі жақпен сұхбаттасу мен сауалнама алу жолымен жүзеге асады.

Білім алушы оқу үдерісін ұйымдастыруға белсенді түрде қатысады, соның ішінде өз бетінше және эдвайзерлердің көмегімен білім беру траекториясын қалыптастырады, оқытушыны таңдайды, оқыту тиімділігі мен оқыту әдістерін бағамдап, профессорлық-оқытушылар құрамының кәсіби, ғылыми бағыттарынан хабардар бола отырып, оқу үдерісінің материалдық-техникалық қамтамасыз етілу деңгейін бағалайды, пайдаланады.

Білім алушылардың үш кезеңнен тұратын жеке білім алу траекториясын таңдауы механизмі жасалған, ол 2023 жылы 26 қазандағы (3 хаттама) шешімдерімен өзгертулер мен толықтырулар енгізілген «Қорқыт Ата атындағы ҚУ-дың Академиялық саясат» туралы Ережесі Академиялық саясатта, ішкі нормативті құжаттарда нақты көрсетілген. Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің білім алушылардың үлгеріміне ағымдық бақылау, аралық және қорытынды аттестаттау өткізудің ережесі (Ереже) білім алушылардың үлгеріміне ағымдық бақылаудың, оларды аралық бақылау және қорытынды аттестаттаудың тәртібін айқындайды. Жеке траектория оқытудың кредиттік технологиясының міндетті шарты болып табылады, сондықтан білім беру бағдарламасы әрбір академиялық семестрде түзетіледі және қажетті өзгертулер жасалады. Білім беру бағдарламасы негізінде Тіркеу офисі академиялық топтарды жасақтайды, ал пәнге тіркелетіндер жеткіліксіз болған жағдайда жеке оқу жоспарын түзету қажеттілігі туралы студенттерге хабарлайды.

БББ бойынша 5 жылдағы білім алушылар контингенті

Білім беру бағдарламалары	Қабылдау уақыты				
	2019-2020 оқу жылы	2020-2021 оқу жылы	2021-2022 оқу жылы	2022-2023 оқу жылы	2023-2024 оқу жылы
6B01721-қазақ тілі мен әдебиеті	49	55	110	105	121
7M01724-қазақ тілі мен әдебиеті педагогтарын даярлау	-	-	31	10	19
8D01721-қазақ тілі мен әдебиеті	2	1	1	2	-
6B03270-журналистика	25	28	28	35	44

2023-2024 оқу жылындағы БББ бойынша білім алушылар контингенті

р/с	Мамандығы	Студенттер саны	Грант	Ақылы
1	6B01721- қазақ тілі мен әдебиеті	392	114	278
2	6B03270- журналистика	135	24	111
3	7M01724-қазақ тілі мен әдебиеті педагогтарын даярлау	31	9	22
4	8D01721-қазақ тілі мен әдебиеті	3	3	-
	Барлығы:	561	150	411

БББ оқу үдерісін жүзеге асыру үшін пәннің оқу-әдістемелік кешені (ПОӘК), оқу бағдарламасы (Syllabus), лекциялар тезисі, тәжірибелік (семинарлық) сабақтардың жоспарлары, БӨЖ және БАӨӨЖ жоспарлары, тест тапсырмалары, семестрлік тапсырмалар, ағымдық және аралық бақылаулар бойынша сауалдар, бақылау, емтихан сұрақтары, студенттердің өзіндік жұмысына арналған тапсырмалар, баға және бағалау критерийлері, ұсынылған әдебиеттер тізімімен қамтылған.

БББ-да оқыту мен білім берудің түрлі формалары мен әдістерін пайдалану қамтамасыз етілген:

1. Оқыту мен білім берудің түрлі формалары мен әдістерін пайдалану критерийлерін жүзеге асыру барысында студенттерге бағытталған білім мен оқыту ғылым мен білімді интеграциялау, оқу және тәрбие үдерісін қамтамасыз ету және жетілдіру, оқытудың жаңа технологияларын әзірлеу және енгізу мақсатында жүзеге асырылады. Оқытудың әдіс-тәсілдері, мазмұны мен міндеттері қоғам мен уақыт талабына сай ұдайы жаңарып отырады.

2. Оқу-әдістемелік жұмыс түрі институт пен БББ-да жүзеге асырылады. БББ үлгілік оқу жоспарларын және білім беру бағдарламаларының негізгі оқу жоспарына сәйкес жұмыс оқу жоспарларын дайындайды, олар БББ-ның оқу-әдістемелік семинары мен институттың ғылыми кеңесімен қаралып, оң қорытындыны алғаннан кейін, университет ректорымен бекітіледі.

3. Пәндердің оқу-әдістемелік кешендері үлгілік және негізгі оқу бағдарламасына, пәндер каталогына сәйкес оқытушылармен әзірленеді және БББ-ның әдістемелік кеңесінде, бағыт бойынша академиялық кеңесінде қаралып, институт директорымен бекітіледі.

4. Білім алушыларға арналған пәндер бойынша әдістемелік нұсқаулықтар БББ-ның профессор-оқытушыларымен дайындалады. БББ-ның, институттың оқу-әдістемелік семинарларында қаралып, университеттің ғылыми-әдістемелік кеңесімен бекітіледі.

5. Білім алушыларға сапалы білім мен тәрбие беруде БББ-да біліктілігі жоғары оқытушылар мен ғалымдар тартылған. БББ-ның оқу-әдістемелік жұмысын ұйымдастыру іс-шаралар кешенінен және ұйымдастырушылық-әдістемелік жұмыстан тұрады: мамандық бойынша жұмыс оқу жоспары; элективті пәндер каталогы; мамандықтар мен пәндер бойынша оқу-әдістемелік кешендер; практикаларды өткізуге арналған материалдар: практикалардың жоспарлары мен бағдарламалары, есептік құжатамалар үлгілері; ғылыми-зерттеушілік/сынамалық-зерттеушілік жұмыстар жүргізуге арналған материалдар.

Пәндердің оқу-әдістемелік кешендері мен оқу бағдарламаларын да (Syllabus) электронды түрде енгізілген, студенттер Platonus бағдарламасынан пайдалана алады. Білімді сапалы меңгертуде БББ оқу жұмысының барлық түрлерін, нысандарын, әдістерін жақсарту, білім алушылардың дәрісханалық және одан тыс жұмысын жетілдіру жұмыстары жолға қойылған.

БББ-ның ғылыми-әдістемелік семинарында жоғары оқу орындарында оқыту әдістері, ғылыми ізденістерге байланысты жаңаша пікірлер мен көзқарастар, педагогикалық шеберлікті арттыру мәселелері талданады. Мысалы, ф.ғ.к., аға оқытушы А.Абасиловтың «Қазақстанда қазақ тілін мемлекеттік тіл ретінде оқытудың құқықтық негіздері» (2023), ф.ғ.к., қауымд. профессор К.Сарышованың «Фразеологизмдердің бойындағы бағалауыштық коннотацияны оқытудың тиімді жолдары», магистр-оқытушы А.Төлебаеваның «Халық ауыз әдебиеті пәнін жаңа технологиялық әдіспен оқыту жолдары», ф.ғ.к., қауымд. профессор Г.Ж.Баялиеваның «Білім беру саласында оқытудың инновациялық технологияларын меңгерту», ф.ғ.к., қауымд. профессор Б.Е.Боранбайдың «Қазақ жазуы және емле мәселесі және ф.ғ.к., аға оқытушы Г.Ш.Бекмағанбетованың «Синтаксисті қатысымдық-танымдық тұрғыдан оқыту мәселесі» тақырыбында тіл білімі және әдебиеттану мәселелеріне қатысты ғылыми-зерттеу еңбектері БББ-ның ғылыми-әдістемелік семинарында тыңдалып, талқыланды. Профессор-оқытушылардың педагогикалық шеберлігіне қатысты озық инновациялық әдіс-тәсілдері оқу үдерісінде қолданылады. Осы және басқа да мағлұматтар есептің қосымшасында көрсетіледі.

Элективті курстар каталогы негізінен болашақ маманның кәсіби біліктілігін арттыруға және жұмыс берушінің сұраныстары мен тапсырыстарын ескере отырып жасалған. Бұл болашақ маманның әмбебаптылығы мен кәсіби шеберлігін қалыптастыруға жол ашады. Білім беру бағдарламалары мемлекеттік жалпы білім беру стандарттары мен пәннің типтік, оқу бағдарламаларына сай жасалған оқу жұмыс бағдарламалары (силлабус) университетте бекітілген ережеге сай жасалады.

Университетте инновациялық оқыту әдістерін тиімді пайдалану кеңінен қолданылады және басымдықтардың бірі болып табылады. 6B01721-қазақ тілі мен әдебиеті, 7M01724-

қазақ тілі мен әдебиеті педагогтерін даярлау, 8D01721-қазақ тілі мен әдебиеті, 6B03270-журналистика БББ бойынша студенттерді дайындау барысында бірнеше құзыретті бойына сіңірген, ауызша және жазба тілді меңгерген саналы, еркін ойлай алатын, шығармашыл маман тәрбиелеуде «Академиялық жызылымның теориясы мен практикасы», «Қазақ тілінің стилистикасы және тіл мәдениеті», «Қазақ тілін оқыту әдістемесі», «Қазақ әдебиетінің әдебиетін оқыту әдістемесі», «Медиа сауаттылық негіздері», «Журналистің сөйлеу мәдениеті мен техникасы», «PR маманның кәсіби қағидаттары» т.б. пәндері оқытылады.

БББ профессор-оқытушыларының ғылыми әлеуетін одан әрі дамыту, білім алушыларға сапалы білім беруде және халықаралық деңгейдегі байланыстарды жетілдіру мақсатында түрлі халықаралық конференция, онлайн семинар, біліктілік курстарынан өтіп отырады.

Тәжірибе оқу процесінің ажырамас бөлігі болып табылады. Оны ұйымдастыру және өткізу тиімділігі – болашақ бәсекеге қабілетті мамандар ретінде студенттердің кәсіптік өсуінің кепілі. Тәжірибенің әр кезеңі тиісті курстағы оқуды аяқтаудың және студенттің келесі оқу деңгейіне көшуінің негізі болып саналады. БББ-ның оқу-педагогикалық, өндірістік практикасының негіздері: жалпы білім беретін мектептер, лицей мектептері және қаланың және облыстың білім беру ұйымдары. БББ Қызылорда облыстық, қалалық білім беру мекемелерімен, БАҚ-пен тығыз байланыста жұмыс жүргізіп келеді. Мамандықтар бойынша облыс, қала мектептерімен 20-дан астам, 12 ақпарат құралдарының басшыларымен келісімшарт жасалынған.

Білім алушылардың үздік жұмыстары облыстық, республикалық ғылыми жобалар байқауына жіберіледі. Қазақ тілі мен әдебиеті және журналистика БББ-да «Журналист», «Тілтаным», «Ә.Қоңыратбаев атындағы әдебиет» үйірмесі жасайды.

Пәндерді оқыту әдістемесіне байланысты 2021-2022 оқу жылында БББ бойынша 18 ашық сабақ жоспарланса, оның 14 сабақ лекция түрінде, 4 сабақ практикалық сабақ түрінде өткен. Ал БББ бойынша 28 лекциялық сабаққа және 26 практикалық сабаққа өзара сабаққа қатысу жоспары орындалды. Осы оқу жылында БББ-ның профессор-оқытушылары өздерінің сабақ беретін пәндері бойынша нақты бір тақырыпта ашық сабақ өткізіп, онда оқытудың жаңа инновациялары мен әдіс-тәсілдерін пайдаланып, өз тәжірибелерін ортаға салды.

2022-2023 оқу жылында 28 ашық сабақ жоспарланып, орындалса, оның 23 сабақ лекция түрінде және 5 сабақ практикалық сабақ түрінде өткен. Осы оқу жылында 84 өзара сабақ жоспарланып, оның 69 сабағы лекциялық түрде, 15 сабағы практикалық сабақ болған.

Студенттерге оқытушы тарапынан болатын жетекшілік пен көмек олардың дербес жұмыс жасауына мүмкіндік туғызады. Айталық, БББ-ға қарасты мамандықта білім алушылар пәндер бойынша төмен бағалар алғанда, сондай-ақ, ауырып немесе басқа да себептерге байланысты үлгірмегенде оларды қолдау үшін БББ-ның оқытушылары қосымша кеңестер немесе сабақтар өткізеді. Пәндер бойынша академиялық қарызы бар студенттер үшін университеттен университетке, мамандықтан мамандыққа ауысу кезінде білім берудің бір түрінен екіншісі арасындағы айырмашылықтар, жазғы семестрде қосымша оқу ұйымдастырылады.

Сабақ берудің сапасын анықтау, оқу үдерісіне жаңа технологияларды енгізу рөлін айқындау, ғылыми-зерттеу жұмысының сапасын бақылау мониторингісі студенттердің алған білімдерінің және жұмыс берушілердің жас мамандардың деңгейі мен құзыреттіліктері туралы қанағаттанғандағы жауап берулері арқылы жүзеге асырылады. Университеттің ресми сайтындағы ректор блогы <http://e-univer.korkyt.kz/Blog.aspx> бөлімі арқылы студенттер сұрақтар мен шағымдарын қоя алады.

Университет бітіруші БББ, институт, академиялық мәселелер жөніндегі проректор, ректор және эдвайзерлер деңгейінде білім алушылардың шағымдарын қарау жүйесінің болуын қамтамасыз етеді. Университетте қоғамдық комиссия, сенім телефоны және ұсыныстар, ескертулер мен тілектер үшін жәшік жұмыс істейді. Ректордың білім алушылармен кездесулері өтеді. Шағымдар мен ұсыныстарды қарау Ректор блогы арқылы жүзеге асырылады. Ректор мен проректорлардың қабылдау сағаттары белгіленген. Білім алушыдан түскен шағым бойынша алуға, өңдеуге, қарауға, шешуге және кері байланысқа байланысты процестерді регламенттеу және шағым бойынша шешімге тартылған барлық

қатысушы тараптардың өзара іс-қимылын ұйымдастыру мақсатында университетте білім алушылардың шағымдарын қарау Ережесі қолданылады.

Сараптамалық бөлім

Университеттің және БББ-ның құжаттарымен, ресми сайтымен танысу барысында және сапармен барған кезде негізінен білім алушыларға бағытталған білім беру, оқыту және үлгерімді қадағалау жүйесі жасалғандығына, олардың түрлі сұраныстарына сай ыңғайлы білім траекторияларын анықтау мүмкін екендігіне көз жеткізілді.

Дегенмен, оқу пәндерінің силлабустарын жүйелі түрде жаңартуды, студентке бағдарланған оқыту қағидаттарын енгізуді, студенттік іс-әрекет түрлерін егжей-тегжейлі көрсетуді, олардың баламалы нұсқаларын қамтамасыз етуді және бағалаудың нақты тәсілдерін әзірлеуді қамтамасыз етуі керек екендігін сауалнамалар мен аудиториядағы кездесулер айқындап берді.

Ақпараттық қоғам өзгерістеріне сай қазақ тілі мен әдебиеті, журналистика мамандығы үшін жаңа технологиялық жаңалықтарды пайдаланудың тиімділігі өте жоғары. Сол себепті де осы мамандықта білім беретін оқытушы-профессорлар құрамы қазіргі технологияларды пайдалануды іске асыруды үйрететін семинарларға, біліктілікті арттыру курстарына ұдайы барып, білімдерін жетілдіріп отырады, ғылыми зерттеулерге де өз үлесін қосады.

БББ бойынша оқу жүктемелерін белгілеу, оның орындалуын, теория мен тәжірибенің арасалмағын сақтау талап деңгейінде жүзеге асады және білім алушының белгілі бір күзiреттiлiктер мен машықты игеруiне ықпал ететiнi көрiнiп тұр. Білім алушылар баға саясатын жақсы біледі, жаңарып жатқан ережелерден хабардар болып отырады және түрлі сауалнамалар арқылы олардың бағасы, қанағаттануы анықталып отырады.

Университетте барлық деңгейдегі кері байланыс шаралары ойластырылған және жұмыс жасап тұр. Білім алушылардың талап-арыздарына уақтылы жауап қайтарудың тәжірибесі қалыптасқан.

Күшті жақтары/ үздік тәжірибе

- осы стандарт бойынша анықталмады.

6B01721-Қазақ тілі мен әдебиеті, 6B03270-Журналистика, 7M01724 - Қазақ тілі мен әдебиеті педагогтерін даярлау, 8D01721-Қазақ тілі мен әдебиеті БББ үшін ұсынымдар:

- 31.12.2024 жылға дейін БББ басшылығы оқу пәндерінің силлабустарын жүйелі түрде жаңартуды, студентке бағдарланған оқыту қағидаттарын енгізуді, студенттік іс-әрекет түрлерін егжей-тегжейлі көрсетуді, олардың баламалы нұсқаларын қамтамасыз етуді және бағалаудың нақты тәсілдерін әзірлеуді қамтамасыз етуі керек.

Сыртқы сараптау комиссиясының критерийлер бойынша қорытындылары:

«Студентке бағытталған білім беру, оқыту және үлгерімді бағалау» стандарты бойынша 6B01721-Қазақ тілі мен әдебиеті, 6B03270-Журналистика, 7M01724 - Қазақ тілі мен әдебиеті педагогтерін даярлау, 8D01721-Қазақ тілі мен әдебиеті БББ күшті – 0; қанағаттанарлық – 9; жақсартуды -1 деп болжайды.

6.6. Стандарт «Білім алушылар»

✓ ЖОО білім алушылар контингентін қалыптастыру саясатын көрсетуі және оның рәсімдерінің ашықтығын қамтамасыз етуі тиіс. Білім алушылардың өмірлік циклын регламенттейтін рәсімдер (оқуға түсуден бастап аяқталғанға дейін) айқындалуға, бекітілуге, жариялануға тиіс.

✓ БББ басшылығы жаңа түскен және шетелдік білім алушылар үшін арнайы бейімдеу және қолдау бағдарламаларын жүргізуді қарастыруы тиіс.

✓ ЖОО өзінің іс-әрекеттерінің тану туралы Лиссабон конвенциясына сәйкестігін, оның ішінде білім алушылардың академиялық ұтқырлығы нәтижелерін, сондай-ақ қосымша, формальды және бейресми оқыту нәтижелерін тану тетігінің болуын және қолданылуын көрсетуі тиіс.

✓ ЖОО білім алушылардың сыртқы және ішкі академиялық ұтқырлығы үшін мүмкіндікті қамтамасыз етуі, сондай-ақ оларға оқу үшін сыртқы гранттар алуға жәрдемдесуі тиіс.

✓ ЖОО білім алушыларды негізгі бағдарламадан тыс (оқудан тыс қызмет) өздігінен білім алуға және дамытуға белсенді ынталандыруы тиіс.

✓ Дарынды оқушыларды қолдау тетігінің болуы маңызды фактор болып табылады.

✓ Жоғары оқу орны біліктілікті салыстырмалы тануды қамтамасыз ету мақсатында басқа білім беру ұйымдарымен және ENIC/NARIC "академиялық тану және ұтқырлық жөніндегі Ұлттық ақпараттық орталықтардың Еуропалық желісінің/Ұлттық академиялық Ақпараттық тану орталықтарының" ұлттық орталықтарымен ынтымақтастықты көрсетуі тиіс.

✓ ЖОО білім алушыларды практика орындарымен қамтамасыз етуі, бітірушілерді жұмысқа орналастыруға жәрдемдесуі, олармен байланысты қолдау рәсімін көрсетуі тиіс.

✓ ЖОО бітірушілерге алған біліктілігін растайтын құжаттарды, соның ішінде қол жеткізген оқу нәтижелерін беру рәсімін көрсетуі тиіс.

✓ БББ басшылығы бағдарлама түлектерінің еңбек нарығында сұранысқа ие дағдыларға ие екендігін және бұл дағдылар еңбек нарығында шынымен де сұранысқа ие екендігін көрсетуі тиіс.

✓ БББ басшылығы түлектердің жұмысқа орналасуы мен кәсіби қызметіне мониторинг жүргізу тетігінің бар екендігін көрсетуі тиіс.

✓ Жұмыс істеп тұрған түлектер қауымдастығының/бірлестігінің болуы маңызды фактор болып табылады.

Дәлелді бөлім

Білім алушылар университет сайтында оқу процесін ұйымдастыру және оқу-әдістемелік қамтамасыз ету, курстан курсқа, басқа жоғары оқу орындарынан ауыстыру, басқа жоғары оқу орындарында игерілген кредиттерді қайта есептеу тәртібі, оқудан шығару және т.б. бойынша нормативтік құжаттамамен таныса алады және қызметкерлер осы жағдайларды анықтап, кеңес бере алады.

Білім алушыларды қабылдау «Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті» КеАҚ жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламаларына білім алушыларды қабылдау қағидаларына сәйкес жүзеге асырылады. <https://www.calameo.com/read/00708139026a88c8db2a8>

Университетке қабылдау ережелері мен шарттары туралы ақпарат, қажетті құжаттардың тізбесі, білім беру бағдарламаларының тізбесі, нормативтік құжаттар, хабарландырулар және қабылдауға қатысты басқа да ақпарат университеттің ресми сайтында «Талапкер» бөлімінде орналастырылған <https://korkyt.edu.kz/ru/staticpages/132> және қабылдау комиссиясының ақпараттық стендтерінде бар, сондай-ақ «Сыр бойы», «Қызылординские вести», «Сыр түлегі», «Қызылорда-Қазақстан», «Қоғам-ТВ» телеарналарында жарнамалық роликтер көрсетіледі.

Университетте білім алушылар контингентін қалыптастыру үшін кәсіптік бағдар беру жұмысы аясында пәндік олимпиада, Ашық есік күндері өткізіледі.

«Рекрутинг орталығы өз қызметін жүзеге асырады!», «MatGeoChild» және «Continue» тәрізді талапкерлер үшін авторлық бейнежобасы іске асырылады <https://www.youtube.com/channel/UCmOfWxnf2ETbIwYBNweJe0A>. «Сәлем Талапкер» - білім беру бағдарламалары туралы; «Эксклюзив кеңесші» - белгілі тұлғалардан ізденушілерге арнайы мотивациялық кеңестері; «Менің таңдауым – Қорқыт Ата университеті» 11-сынып оқушыларының пікірі; «ҰБТ күнделігі» - оқушылардың блиц-сауалнамалары және ҰБТ-ға дайындық, сезім және т.б.; «Біздің подкаст-11-сынып түлектері, 1-курс студенттері және ЖОО белсенділері өздерін қызықтыратын түрлі тақырыптар бойынша талапкерлермен еркін форматта әңгімелеседі; авторлық бағдарламалар «Q-Life» университетінің белсенділерімен сұхбат түрінде өтеді. «GrantTalapker» 5 күндік интенсивтел-марафоны, сондай-ақ Қызылорда облысы аудандарының түлектері үшін кездесулер ұйымдастырылған.

Шетелдік студенттер санын арттыру мақсатында қазақ ұлтының шетелдік талапкерлері арасында «Мен таңдаған мамандық» тақырыбында онлайн-эссе байқауы ұйымдастырылған, ал 10 жеңімпаз студент университеттің «Білім гранттарымен» марапатталған <https://korkyt.edu.kz/article/148>. Жыл сайын сәуір айында «Дарын» республикалық ғылыми-практикалық орталығымен бірлесіп «Талант-менеджментті дамыту» бағыты бойынша мектеп түлектері арасында облыстық пәндік олимпиада ҰБТ-ның 18 пәні өткізіледі, конкурсқа мектеп түлектері қатысады. Нәтижесінде I орын алған жеңімпаздарға Ректор мен

демеушілердің білім беру гранттары беріледі. Олимпиаданы өткізу рәсімі Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің базасында Қызылорда облысы мектептерінің түлектері арасында облыстық пәндік олимпиадалар мен конкурстарды ұйымдастыру және өткізу туралы ережеде жазылған <https://ru.calameo.com/read/00708139061f0fd49d5de>.

1-курсқа түскен студенттерді бейімдеу үшін бағдарлау апталығы өткізіледі, онда институт директоры, БББ жетекшісі және эдвайзерлер кіріспе сабақ өткізеді, онда оқытушылармен, анықтамалық-нұсқаулықпен, кредиттік технология, ішкі тәртіп, жатақханада тұру ережелерімен, Академиялық адалдық кодексімен және басқа да ішкі нормативтік құжаттармен таныстырылады. Осы апталық аясында университет кітапханасы библиографиялық сабақ ұйымдастырады, онда бірінші курс студенттері жұмыс режимімен, оқу залдары мен абонемент пайдаланушыларының нұсқаулығымен, «МегаПРО» АИБС бағдарламасымен таныстырылады. Бірінші курстың білім алушылары академиялық күнтізбеге сәйкес сабақтар басталғанға дейін бір апта (25-30 тамыз) ішінде пәндерге жазылу рәсімінен өтеді және оқытушыны таңдайды. Ол үшін элективті пәндерді жүргізетін профессор-оқытушылар студенттер арасында презентациялық сабақтар өткізеді. Осыдан кейін эдвайзерлер студенттерге Platonus порталында жұмыс істеу ережелерін түсіндіреді. Platonus порталына кіру үшін студенттердің аутентификациялық деректері бар. Platonus порталына кіргеннен кейін студенттер элективті пәндерді таңдауға құқылы, осылайша білім алушының жеке жоспары жасалады.

Университетте бүгінгі таңда шетелдік білім алушылар контингенті 41 адамды құрайды, оның ішінде Моңғол Халық Республикасынан, Қытай Халық Республикасынан, Ресей Федерациясынан, Өзбекстан Республикасынан 33 бакалавриат студенттері мен 8 магистрант. Университетте шетелдік студенттерді табысты бейімдеу үшін Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінде шетелдік студенттерді оқу жағдайларына бейімдеу бағдарламасы әзірленді. <https://www.calameo.com/read/007081390336d792d2580>

Ақылы негізде оқитын шетелдік студенттерді қолдау мақсатында «Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті КеАҚ-да бакалавриат бойынша оқу ақысын төлеу бойынша ішкі гранттар мен жеңілдіктердің түрлерін айқындау тәртібі туралы Ережеге» сәйкес 50% мөлшерінде жеңілдіктер беріледі. <https://ru.calameo.com/read/007081390a764cc174d75>

Университеттің ресми және бейресми білімін тануды қоса алғанда, жоғары білімнің біліктілігін, оқу кезеңдерін және алдыңғы білім беруді объективті тануға кепілдік беру үшін:

- Европа өңірінде жоғары білім саласында біліктілікті тану туралы Лиссабон конвенциясының әрекеттері сақталуын қамтамасыз етеді;
- Жоғары білім беруді дамытудың ұлттық орталығымен ынтымақтасады.

Басқа қазақстандық немесе шетелдік оқу орындарында алған оқу нәтижелерін тану Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетіне білім алушыларды ауыстыру және қайта қабылдау қағидаларына, сондай-ақ Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінде ресми және бейресми оқу кредиттерінің нәтижелерін тану және қайта есептеу қағидаларына сәйкес жүзеге асырылады. Бұл құжаттар университеттің академиялық саясатында қамтылған.

Ішкі академиялық ұтқырлық бағдарламасы академиялық ұтқырлықты ұйымдастыру туралы Ереже негізінде 40-тан астам отандық жоғары оқу орындарымен ынтымақтастық туралы шарттар негізінде жүзеге асырылады. <https://www.calameo.com/read/007081390336d792d2580>

Сыртқы академиялық ұтқырлық Erasmus+, MEVLANA халықаралық стипендиялық бағдарламалар арқылы жүзеге асырылады. Қорқыт Ата атындағы КеАҚ Халықаралық бөлімі БББ-ның білім алушыларын академиялық ұтқырлық бағдарламалары туралы хабарландыру, семинарлар мен жиналыстар ұйымдастыру арқылы хабардар етеді. Ұтқырлықты қаржыландыру университет қаражаты және білім алушылардың жеке қаражаты есебінен жүргізіледі.

Дарынды білім алушыларды қолдау мақсатында университетте Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің дарынды білім алушыларын қолдау туралы Ереже әзірленді: // KZ. calameo. <https://ru.calameo.com/read/007081390199dd35512bd>

Дарынды студенттерді қолдау оқу үшін жеңілдіктер беру арқылы жүзеге асырылады (Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті КеАҚ-та бакалавриат оқу ақысы бойынша ішкі гранттар мен жеңілдіктердің түрлерін айқындау тәртібі туралы Ережеге сәйкес <https://ru.calameo.com/read/007081390a764cc174d75>, жоғары немесе жоғары оқу орнынан кейінгі білім алу процесінде босаған бос білім беру гранттарына және ҚР Президентінің стипендиясын алуға арналған конкурстарға қатысу, ақшалай сыйлықақылар, грамоталар және т. б. төлемдер.

2023-2024 оқу жылы бойынша Кял-21-3 оқу тобының студенті Мәулен Ақниет, Кял-21-5 оқу тобы студенттері Кәрімбердиева Шапағат, Жасуланова Нурайымға ҚР президентінің стипендиясы тағайындалды.

Университетте білім алушылардың шығармашылық дамуы мен ғылыми зерттеулерге қатысуы үшін қажетті жағдайлар жасалған. Ғылыми-практикалық конференциялардың, семинарлардың, дөнгелек үстелдердің, конкурстардың жұмысына қатысу; ғылыми журналдарда және конференциялардың баяндамалары, материалдары мен тезистерінің жинақтарында жарияланымдары бар. 2022 жылдың сәуір айында Әлеуметтік ғылымдар бағыты бойынша университетішілік ҒЗЖ конкурсында Ж-19-1 оқу тобының студенті А.Абимолдаевтың 6В03270-журналистика «Әлеуметтік платформаларда жеке брендинг қалыптастыру тәсілдері» тақырыбындағы жобасы 1-орынды иеленіп (жетекшісі: А.Абдразахова), республикалық ғылыми жобалар конкурсына қатысуға мүмкіндік алған. 2022 жылдың 28 мамырында М.Қозыбаев атындағы Батыс Қазақстан университетінде өткен республикалық студенттер ғылыми жобасында 6В03270-Журналистика – журналистика мамандығы бойынша А.Абимолдаев (жетекшісі: А.Абдразахова) 3-орынды иеленген.

Қазақ тілі мен әдебиеті және журналистика БББ-ның тәжірибенің өткізілетін орындары мамандыққа сәйкес келеді, барлық практиканттар оқу-әдістемелік материалдармен қамтамасыз етіледі. Қызылорда облыстық, қалалық білім беру мекемелерімен, БАҚ-пен тығыз байланыста жұмыс жүргізіп келеді. Мамандықтар бойынша облыс, қала мектептерімен 20-дан астам, 12 ақпарат құралдарының басшыларымен келісімшарт жасалынған. Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті, Қазақ тілі мен әдебиеті және журналистика БББ-ның өндірістегі филиалдары бар. Филиал өндірісте қызмет атқаратын БББ-ның құрылымдық бөлімшесі болып табылады. Филиал меңгерушісі БББ жетекшісімен бірлесе отырып, филиал жұмысының жоспарын әзірлейді, филиал басшысымен жұмыстың бағыттарын үйлестіреді. Қ. Мұхамеджанов атындағы №1 мектеп-гимназиясының филиалы, Е.Н.Әуелбеков атындағы дарынды балаларға арналған №4 облыстық мектеп-интернатының филиалы, «Сыр Медиа» ЖШС филиалы, облыстық «Қызылорда телеарнасы» филиалдарымен келісім-шарт жасалып, жұмыс жоспары бекітілген.

Білім беру бағдарламасы бойынша оқуды аяқтаған білім алушыларға тиісті дәреже беріледі және қосымшасы бар диплом (транскрипт) беріледі. 2021 жылдан бастап университет өз үлгісіндегі диплом береді. Университетте «Өз үлгісіндегі білім туралы құжаттарды толтыру нысаны мен талаптары туралы» Ереже әзірленді. <https://ru.calameo.com/read/007081390312d7466b2c8> Сондай-ақ, Coursera білім беру платформасының сертификаты, педагогикалық бағыттағы БББ білім алушыларына арналған тестілеуден өткені туралы сертификаттар алады.

Аккредиттелген БББ түлектерінің жұмысқа орналасуы туралы мәлімет

Мамандық атауы	2021 жыл			2022 жыл			2023 жыл		
	Бітіруші саны	ГЦВП мәліметі	%	Бітіруші саны	ГЦВП мәліметі	%	Бітіруші саны	ГЦВП мәліметі	%
6В01721-қазақтілімен әдебиеті	20	17	86	51	42	82,5	101	54	53,4

6B03270- Журналисти ка	20	18	90	29	29	100	27	21	78
Барлығы	40	35	88	80	71	91	128	75	66

Жұмысқа орналасу мәселелерін рекрутинг және мансап басқармасы қадағалайды <https://korkyt.edu.kz/ru/page/127> Осы басқарма университетті бітіргеннен кейін кешенді қолдау мақсатында түлектерді жаңарту бағдарламасын жасаған. Түлектерге жұмысқа орналасуға жәрдемдесу үшін университетте жыл сайын ұйымдардың, кәсіпорындардың, компаниялардың басшылары мен өкілдерінің, облыстық және қалалық жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының басшыларының және басқалардың қатысуымен бос орындар жәрмеңкесі өткізіледі.

2009 жылдан бастап университетте түлектер қауымдастығы жұмыс істейді. Түлектер қауымдастығының миссиясы мен мақсаттары <https://korkyt.edu.kz/ru/page/176> 2022-2023 оқу жылында атқарылған жұмыстар туралы <https://korkyt.edu.kz/files/tylekke/2022-2023.pdf>

Сараптамалық бөлім

Білім алушылар оқу процесін ұйымдастыру және оқу-әдістемелік қамтамасыз ету, курстан курсқа, басқа жоғары оқу орындарынан ауыстыру, басқа жоғары оқу орындарында игерілген кредиттерді қайта есептеу тәртібі, оқудан шығару және т.б. бойынша университет сайтынан және тиісті қызметкерлерден ақпарат алады, көмек жағдайлары қарастырылған.

Оқуға қабылданған білім алушылардың бейімделуі үшін біршама іс-шаралар белгіленген және олар тиімділігін көрсетуде. Жалпы, оқуға қабылдауда өсу динамикасы аңғарылады. Шетелдік студенттердің қатарын көбейтуге көңіл бөлінуде, түрлі гранттар, жеңілдіктер мен жағдайлар қарастырылуда. Дегенмен, БББ басшылығына жаңадан қабылданған және шетелдік студенттер үшін арнайы бейімделу және қолдау бағдарламаларын әзірлеуі керектігі көрініп тұр.

Лиссабон конвенциясына сай білім алушылардың түрлі жетістіктерін ескеру, академиялық ұтқырлықты дамыту шаралары қарастырылған. БББ бойынша 40-тан астам отандық жоғары оқу орындарымен ынтымақтастық келісімдері жасалған. Ал, сыртқы академиялық ұтқырлық университет деңгейінде қаралады. Бірақ, аталған БББ бойынша мұндай тәжірибе жоқ. Ішкі академиялық ұтқырлық мүмкіндігін 7 ғана студент пайдаланған. Бұл осы жұмысты ширатып, тиісті шаралар белгілеуді қажет етеді.

Оқу орны білім алушылардың өзіндік өсуіне, рухани құндылықтарды игеруіне, демалысы мен бос уақытын өткізуіне жағдай жасап отыр. 20-дан астам студенттік ұйымдар мен шығармашылық бірлестіктер жұмыс істейді. Университетте футбол, волейбол, баскетбол, бокс, күрес, теннис, жүзу, шахмат, пауэрлифтинг, фитнес, эспорт, тоғызқұмалақ, би спорты, жеңіл атлетика сияқты 13 спорт секциясы бар екен.

Талантты жастарды қолдау, жігерлендіру мен көмектесудің арнайы шаралары да баршылық. Олардың түрлі жетістіктерін тану жолы да нақты белгіленген.

БББ басшылығы жаңадан қабылданған және шетелдік студенттер үшін арнайы бейімделу және қолдау бағдарламаларын ұйымдастырады. Университет бойынша экскурсия, шеберлік сыныптары және негізгі кафедралармен танысу арқасында студенттерде университет туралы жалпы түсінік қалыптасады. Алайда, студенттермен сұхбаттасу бірінші курс студенттері үшін кәсіптік бағдар беру және бейімдеу бағдарламаларының жеткіліксіз деңгейін көрсетеді; сауалнама студенттердің 12%-ы білім беру бағдарламасының (мамандықтың) ережелері мен стратегиясын қабылдау алдында түсіндіруге ішінара қанағаттанғанын көрсетті; сарапшылар жаңадан қабылданған және шетелдік студенттер үшін арнайы бейімделу және қолдау бағдарламаларын жасауға назар аударады.

6B03270-Журналистика БББ басшылығы түлектерді жұмысқа орналастыру бағытында 2 кафедра филиалын ашып, 20-дан астам БАҚ редакцияларымен келісім-шарт жасасқан. 2023 жылғы түлектердің жұмысқа орналасуын 78 пайыз деп көрсетеді. Алайда, «Атамекен» ҰКП жүргізген рейтинг қорытындысында Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті

бойынша 52 пайыз деп көрсетіледі. Екі дерек көзі де Зейнетақы қорының мәліметтеріне сілтеме жасайды. Сондықтан, 6B03270-Журналистика БББ басшылығына:

- түлектерді жұмысқа орналастыруды жақсарту мақсатында тәжірибе базаларымен және өндірістегі серіктестерімен жұмысты жандандырғаны жөн;
- түпкілікті нәтижені жақсарту мақсатында түлектердің жұмысқа орналасуына мониторингті жіті жүргізіп, деректердің шынайылығын қамтамасыз етуі тиіс.

Бұл ұсыныс бітіруші түлектердің қауымдастығына да қатысты. Қауымдастықтың интернет парағы, әлеуметтік желідегі посттары сирек жаңартылатындығын көрсетті. Барлық тараптар жіберілген оққылықтардан тиісті қорытынды шығаратын жағдайды қарастыру қажет.

Журналист мамандығы өзінің әмбебаптығымен ерекшеленеді және кең ауқымды коммуникацияны қажет етеді. Осы бағытта білім алып жатқан студенттер мен магистранттардың академиялық ұтқырлығы қанағаттанғысыз деңгейде екендігі аңғарылды. Соңғы 5 жылда 3 студент қана Қазақстанның ішіндегі оқу орындарында бір семестр оқып қайтқан. Білім алушылардың сыртпен байланысы, бірнеше шеберлік сыныбына, қысқы мектепке барып қайтуымен шектелген. Қазір студенттердің Түркияға барып, оқып келуі үшін келісімдер бар дегені, алдағы күннің ісі. Білім алушылардың сыртқы және ішкі академиялық ұтқырлығы үшін мүмкіндікті қарастыру, сондай-ақ оларға оқу үшін сыртқы гранттар алуға жәрдемдесу айрықша көңіл бөлуді қажет етеді.

Күшті жақтары/ үздік тәжірибе

- осы стандарт бойынша анықталмады.

6B01721-Қазақ тілі мен әдебиеті, 6B03270-Журналистика, 7M01724 - Қазақ тілі мен әдебиеті педагогтерін даярлау, 8D01721-Қазақ тілі мен әдебиеті БББ үшін ұсынымдар:

- БББ басшылығы 2024 жылғы 1 қыркүйекке дейін жаңадан қабылданған және шетелдік студенттер үшін арнайы бейімделу және қолдау бағдарламаларын әзірлеуі керек;

6B03270-Журналистика БББ үшін ұсынымдар:

- БББ басшылығы 2024-2027 оқу жылдары түлектерді жұмысқа орналастыруды жақсарту мақсатында тәжірибе базаларымен және өндірістегі серіктестерімен жұмысты жандандырсын;

- БББ басшылығы 2024 жылғы 1 қыркүйекке дейін түпкілікті нәтижені жақсарту мақсатында түлектердің жұмысқа орналасуына мониторингті жіті жүргізіп, деректердің шынайылығын қамтамасыз етсін.

- ЖОО басшылығы 2024-2025 оқу жылында білім алушылардың сыртқы және ішкі академиялық ұтқырлығы үшін мүмкіндікті кеңітуі, сыртқы гранттар алуға жәрдемдесуі тиіс.

Сыртқы сараптау комиссиясының критерийлер бойынша қорытындылары:

«Білім алушылар» стандарты бойынша 6B01721-Қазақ тілі мен әдебиеті, 6B03270-Журналистика, 7M01724 - Қазақ тілі мен әдебиеті педагогтерін даярлау, 8D01721-Қазақ тілі мен әдебиеті БББ күшті – 0; қанағаттанарлық – 11; жақсартуды -1 деп болжайды.

6.7. Стандарт «Профессорлық-оқытушы құрамы»

✓ ЖОО-ның жалауды (оның ішінде шақырылған ПОҚ), бүкіл штаттың кәсіби құзыреттілігін қамтамасыз ететін персоналдың кәсіби өсуі мен дамуын қамтитын ББ бөлінісінде объективті және ашық кадр саясаты болуы тиіс.

✓ ЖОО ПОҚ сапалық құрамының белгіленген біліктілік талаптарына, ЖОО стратегиясына, БББ мақсаттарына сәйкестігін көрсетуі тиіс.

✓ БББ басшылығы студентке бағдарланған оқыту мен оқуға көшуге байланысты оқытушы рөлінің өзгергенін көрсетуі тиіс.

✓ ЖОО ПОҚ, оның ішінде жас оқытушылардың мансаптық өсуі мен кәсіби дамуына мүмкіндік беруі тиіс.

✓ ЖОО БББ талаптарына сәйкес келетін кәсіби құзыреттіліктері бар тиісті салалардың мамандарын оқытуға тартуы тиіс.

- ✓ ЖОО ПОҚ кәсіби және жеке дамуын ынталандыру тетігінің бар екендігін көрсетуі тиіс.
- ✓ ЖОО білім беру үдерісінде ақпараттық-коммуникациялық технологиялар мен бағдарламалық құралдардың (мысалы, on-line оқыту, e-портфолио, MOOCs және т.б.) ПОҚ-ның кеңінен қолданылуын көрсетуі тиіс.
- ✓ ЖОО қызметтің академиялық ұтқырлықты дамытуға, үздік шетелдік және отандық оқытушыларды тартуға бағыттылығын көрсетуі тиіс.
- ✓ ЖОО әрбір оқытушының ЖОО-да сапа мәдениеті мен академиялық адалдықты ілгерілетуге тартылғандығын көрсетуі, ПОҚ-ның, оның ішінде шақырылғандардың БББ мақсаттарына қол жеткізудегі үлесін анықтауы тиіс.
- ✓ ПОҚ аймақ пен елдің экономикасын, білімін, ғылымы мен мәдениетін дамытуға тартылуы маңызды фактор болып табылады.

Дәлелді бөлім

«Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті» КеАҚ-ның 31.12.2020 жылғы № 522-А бұйрығымен бекітілген кадр саясаты адам ресурстарын басқару саласындағы саясатты айқындайды және университет сайтында жарияланған <https://korkyt.edu.kz/index.php?option=comFылыми-педагогикалық кадрларды іріктеу және орналастыру конкурстық комиссияның шешімі, конкурстық іріктеудің тәртібі мен шарттары айқындалған профессор-оқытушылар құрамы мен ғылыми қызметкерлер лауазымдарын конкурстық ауыстырудың бекітілген Ережесі негізінде жүзеге асырылады.> <https://ru.calameo.com/read/0070813905c0cba42b3d0>

Қазақ тілі мен әдебиеті және журналистика кафедрасы бойынша 2022 жылдың тамыз айында университет сайтында 6B01721-қазақ тілі мен әдебиеті БББ бойынша және 2023 жылы 6B03270-журналистика БББ бойынша бос лауазымдарға орналасуға толық оқу жүктемесімен хабарландыру орналастырылды. Жарияланған бос лауазымдарға тиісті талаптарға сәйкес конкурстық негізде 6B01721-қазақ тілі мен әдебиеті БББ бойынша С.Бақытбек (2022), К.Құдайбергенова (2023) және 6B03270-журналистика БББ бойынша С.Жүзеев (2023) қабылданған.

Аккредиттелетін қазақ тілі мен әдебиеті және журналистика БББ-ның кадрлық саясаты университеттің миссиясы аясында БББ іске асыру мақсатында сапалы профессорлық-оқытушылық құрамды және қызметкерлерді қалыптастыруға, оларды оқытуға, әлеуметтік қолдауға бағытталған. 2023-2024 оқу жылында ПОҚ-тың штаттық бірлігі 21,75 құрайды. Оның ішінде 5 оқытушы (оның 1-і ф.ғ.к., 1-і PhD, 3-і ғылым магистрі) тек 6B03270-журналистика БББ-на дәріс жүргізеді. Осы 5 оқытушының да базалық білімі – журналистика мамандығы. Аккредиттелетін БББ бойынша ПОҚ орташа жасы - 52 жас.

Білім беру бағдарламасы бойынша ПОҚ-тың ғылыми дәрежесінің көрсеткіші

Жылдары	Барлығы	Оның ішінде ғылыми атағы барлары	Ғылыми атағының % көрсеткіші
2019-2020	25	21	84,0 %
2020-2021	26	20	76,9 %
2021-2022	24	21	87,5 %
2022-2023	28	20	71,4%
2023-2024	27	18	66,6 %

Оқыту сапасын арттыру, өндіріспен тығыз байланысты қамтамасыз ету үшін оқу процесіне тиісті салаларда жұмыс тәжірибесі бар мамандар тартылған. Бұл практик-оқытушыларды іріктеу тиісті қызмет саласындағы үлкен жұмыс тәжірибесін ескере отырып, біліктілік талаптары, лауазымдық нұсқаулықтар және бекітілген штат кестесі негізінде жүзеге асырылады. Атап айтқанда, білім беру бағдарламалары шеңберінде «Өрлеу» біліктілікті арттыру орталығы АҚ филиалы Қызылорда облыстық педагогикалық қызметкерлердің біліктілігін арттыру институтының аға оқытушысы, ф.ғ.к. Ж.А.Исаева 2021-2022 оқу жылында 6B01721-қазақ тілі мен әдебиеті БББ бойынша «Қазақ тілін оқыту

әдістемесі», «Бағалаудың өлшемдік технологиясы», «Тіл біліміне кіріспе» пәндері бойынша 0,25 оқу жүктемесімен жұмыс атқарса, 2021-2022 оқу жылында «Хабар» арнасының облыстағы меншікті тілшісі, магистр аға оқытушы Нұрлан Жақыпбеков «Интернет журналистика», «Өңірлік және республикалық телеарналар тәжірибесі» пәндерінен және «Болашақ» бағдарламасының түлегі, «Халықаралық бағдарламалар орталығы» АҚ баспасөз орталығының жетекшісі Нұрбек Әмиша «Журналист этикасы және сөйлеу мәдениеті», «Телерадиодағы журналистік зерттеу» пәндерінен дәріс жүргізген, дипломдық жұмыстарға жетекшілік жасаған.

2020 жылдан бері «Сыр Медиа» ЖШС бас директоры, ф.ғ.к. А.С.Оңғарбаев пен магистр-оқытушы А.Абдуллаева және Сыр бойы газетінің бас редакторы Қ.Шарабаддин білім алушыларға кәсіби практика барысында бағыт-бағдар беріп отырады. Бітіруші түлектердің 70 пайызы жергілікті телерадио компанияларда, өңірлік басылымдарда (2 телекомпания, 14 мерзімді басылым) қызмет атқарады.

2023-2024 оқу жылында дуальді оқыту бойынша Н.Ахмадиева атындағы №112 орта мектептің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі Ұ.Т.Джорабекова «Қазақ тілін оқыту әдістемесі» пәнінен сағаттық жүктемемен жұмысқа алынды. 2020 жылдан бастап «Хабар агенттігі АҚ» Қызылорда облысы бойынша меншікті тілшісі Н.Ж.Жақыпбек «Сөйлеу техникасы», «Телерадиодағы журналистік зерттеу», Тележурналистикадағы сұхбат» пәндерінен сабақ беріп келеді. Аты аталған мамандар ЖОО-да қосымша жұмыс істейтін практик-оқытушылар болып табылады.

Университет әкімшілігі оқытушылық жұмысқа қабылданған жас оқытушылардың кәсіби қалыптасуына тиісті көңіл бөледі. Әрбір жас оқытушыға оқу сабақтарын ұйымдастыруда әдістемелік көмек көрсету үшін тәжірибелі оқытушылар қатарынан тәлімгер бекітіледі.

Бітіруші кафедраларда жас оқытушылардың профессорлардың, доценттердің ашық сабақтарына қатысады; ал тәжірибелі профессор-оқытушылар жас оқытушылардың сабақтарына талау жасау, ұсынымдар беру мақсатында қатысады; біліктілікті арттыру курстарынан өтеді; ғылыми-практикалық конференцияларға (республикалық, халықаралық) қатысады.

Кафедрада БББ басқару студентке бағытталған білім беруге көшкендігін оқытушы рөлінің өзгеруінен көрінеді. Осыған байланысты оқытушылардың кәсіби өсуіне жағдай жасауға ықпал ететін әлеуметтік қолдаудың кешенді шаралары жасалған:

- ерекше еңбегімен көзге түскен ПОҚ-қа арнайы сыйақы тағайындау;
- Thomson Reuters, Scopus базасына енген басылымдарда жарияланған мақалалары үшін сыйақы беру;
- медициналық қызмет көрсетуге, «Сейхун» спорт-сауықтыру кешеніндегі тренажерлік залды, бассейнді, барлық оқу ғимараттары мен жатақханалардағы интернет-каналдарды тегін қолдану;
- лауазымдық қызметіне төленетін бюджеттен тыс үстемақы, электронды оқулықтарын техникалық жағынан тегін рәсімдеу және мемлекеттік тіркеу, университеттің ғалымдар үйінде пәтер беру де жатады.

Жұмыста жоғары нәтижелерге қол жеткізгені үшін университет қызметкерлері алғыс білдіру, құрмет грамоталарымен марапаттау, белгіленген тәртіппен наградалармен марапаттау сияқты көтермелеу нысандарына ұсынылады. Университетте қызметкерлерді материалдық ынталандыру және әлеуметтік қамтамасыз ету мақсатында мерейтойлық күндерге, мереке күндеріне, жыл қорытындысы бойынша, жоғары оқу орны үшін аса маңызды жұмыстарды орындау бойынша қабылданған еңбекақы төлеу жүйесі шеңберінде төленетін біржолғы сыйақылар көзделген.

Профессор-оқытушылар құрамының біліктілігінің сәйкестігі университет кафедраларының профессор-оқытушылар құрамын жоспарлы аттестаттау негізінде айқындалады. Университетте әзірленген аттестаттау тетігі оқытушылардың қызметін олардың функционалдық міндеттері контекстінде кешенді бағалауды қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Аттестаттау форматы оқытушының соңғы үш жылдағы ғылыми және оқу-

әдістемелік жетістіктерін талдауды, институт басшылары мен студенттерінің оқытушының кәсіби деңгейі туралы қоғамдық пікірін бағалауды, сабақтарды өткізу сапасына сараптаманы қамтиды. Алынған нәтижелер негізінде аттестаттау комиссиясы оқытушының атқаратын лауазымына сәйкестігі туралы қорытынды жасайды, оның кәсіби дамуын одан әрі жетілдіру жөнінде ұсыныстар береді. Оқытушыларды аттестаттау «Қорқыт Ата атындағы ҚМУ» КЕАҚ ПОҚ және ғылыми қызметкерлерін аттестаттау қағидаларына сәйкес жүргізіледі <https://ru.calameo.com/read/007081390eefe6f73b79b>

Біліктілікті арттыру «Қазақстан Республикасының Білім туралы Заңымен» регламенттелген және 5 жылда кемінде 1 рет біліктілікті арттыру бағдарламаларын зерделеуді көздейді. Оқытушылардың біліктілігін арттыру курстары, семинарлар, жеке тағылымдамалар, тренингтер, мастер-кластар ұйымдастыру, қысқы және жазғы мектептердің жұмысына қатысу арқылы жүргізіледі.

Сараптамалық бөлім

Университеттің және кафедраның құжаттарымен, ресми сайтымен танысу барысында және сапармен барған кезде негізінен кадрлық саясаты университеттің миссиясы аясында БББ іске асыру мақсатында сапалы профессорлық-оқытушылық құрамды және қызметкерлерді қалыптастыруға, оларды оқытуға, әлеуметтік қолдауға бағытталғандығына көз жеткізілді.

Жоғары оқу орнында жұмысқа қабылдаудың, тиісті жағдайлар жасаудың, жас мамандардың карьерлік өсуіне қолдау көрсетілетіндігіне, біліктілік пен білімін жетілдіру шаралары қарастыратындығына дәлелдер келтірілді.

Аккредиттелетін қазақ тілі мен әдебиеті және журналистика БББ-ның кадрлық саясаты университеттің миссиясы аясында БББ іске асыру мақсатында сапалы профессор-оқытушылық құрамды және қызметкерлерді қалыптастыруға, оларды оқытуға, әлеуметтік қолдауға бағытталған. Соған сәйкес ПОҚ құрамы мен олардың ғылыми дәрежесі талапқа сай келеді. Орта жас 52 екендігі жас мамандарды өсіру, қорғауына жағдай жасаудың маңызын аша түседі. Бірнеше жас маман ғылыми атағын қорғаудың қамында екендігі қуантарлық жағдай.

Жаңа жағдайда оқытушының рөлі де өзгеріп, білім алушылар талабына бейімделуі байқалады, пәндердің мазмұнына өзгерістер енгізіліп, жаңа инновациялық оқыту тәсілдері қолданылуда. Білім беру үдерісіне өндірісте жұмыс істеп жүрген білікті мамандардың тартылуы да құптарлық жағдай.

ПОҚ еңбегін бағалау, айрықша үлесін қосымша ынталандыру шаралары да қарастырылып, арнайы ережелері бекітілген. БББ-ның оқытушы-профессорлар құрамы білім беру саласындағы қызметтері үшін түрлі марапаттарға қол жеткізгендер: Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері; 4 ҚР Білім беру ісінің үздігі; Ы.Алтынсарин атындағы төсбелгі иегері; ҚР БжҒМ «ЖОО үздік оқытушысы» мемлекеттік грант иегері және 2 ҚР БжҒМ «Қазақстан Республикасының ғылымын дамытуға сіңірген еңбегі үшін» төсбелгісінің иегері.

ПОҚ академиялық ұтқырлығы жетілдіруді қажет етеді. 1 ғана шетелдік маман Түркиядан келіп, дәрістер оқыған. Отандық жетекші мамандардың тартылуы да көңіл көншітпейді.


Университет ғылыми-зерттеу және білім беруді қатар алып жүруді және оқытушылар құрамының инновациялық оқыту әдістерін қолдануын ынталандырады. Дегенмен, сарапшылар профессор-оқытушылық құраммен жүргізілген сұхбат, сондай-ақ ЖОО-ның профессор-оқытушылық құрамының сауалнамасы бойынша оқытушылардың 34,3%-ы оқу кабинеттерінде техникалық жабдықтың жоқтығын атап өткенін атап өтеді. БББ басшылығы оқу процесінде педагогикалық ұжымның ақпараттық-коммуникациялық технологиялар мен бағдарламалық қамтамасыз етуді (мысалы, on-line оқыту, e-портфолио, MOOCs және т.б.) кеңінен қолдануын қамтамасыз етуі қажет.

Қызылорда өңірі өз табиғатымен, экологиялық ахуалымен ерекшеленетін аймақ. ПОҚ және білім алушылар арасында жүргізілген сауалнама нәтижесі университеттегі медициналық қызмет көрсетуде олқылықтар бар екендігін дәлелдейді.

39.15 Медициналық қызмет көрсетуді ұйымдастыру және оның сапасы (Организацией и качеством медицинского обслуживания)

Копировать

105 ответов




● Толықтай көңілім толады (Полностью удовлетворен)
● Жартылай көңілім толады (Частично удовлетворен)
● Көңілім толмайды (Не удовлетворен)
● Жауап беру қиыншылық тудырады (Затрудняюсь ответить)

3.9 Білім алушыларға көрсетілетін денсаулық сақтау қызметінің қолжетімділігіне (Доступностью услуг здравоохранения)

Копировать

479 ответов



● Көңілім толығымен толады (Полностью удовлетворен)
● Көңілім толады деуге болады (Частично удовлетворен)
● Көңілім толмайды деуге болады (Частично неудовле...)
● Көңілім мүлдем толмайды (Не удовлетворен)
● Жауап беруге қиналамын (Затрудняюсь ответить)

Осы сауалнамалардың нәтижесін және экологиялық жағдайды ескере отырып университет басшылығына профессорлық-оқытушылық құрамды аймақты дамытуға тартуды күшейтудің және медициналық көмек көрсетуді жақсартудың шараларын қарастырғаны жөн деп білеміз.

Күшті жақтары/ үздік тәжірибе

- осы стандарт бойынша анықталмады.

6B01721-Қазақ тілі мен әдебиеті, 6B03270-Журналистика, 7M01724 - Қазақ тілі мен әдебиеті педагогтерін даярлау, 8D01721-Қазақ тілі мен әдебиеті БББ үшін ұсынымдар:

- БББ басшылығы 2024-2025 оқу жылының басынан бастап аккредиттелген БББ оқу процесінде оқыту іс-шараларының көмегімен педагогикалық ұжымның ақпараттық-коммуникациялық технологияларын және бағдарламалық қамтамасыз етуді кеңінен қолдануды қамтамасыз етсін;

- университет басшылығына 2024 жылдың соңына дейін профессор-оқытушылық құрамды аймақты дамытуға тартуды күшейтуі және экологиялық жағдай мен сауалнамалардың нәтижесін ескере отырып, медициналық көмек көрсетуді жақсартудың шараларын әзірлеуі керек.

Сыртқы сараптау комиссиясының критерийлер бойынша қорытындылары:

«Профессорлық-оқытушы құрамы» стандарты бойынша 6B01721-Қазақ тілі мен әдебиеті, 6B03270-Журналистика, 7M01724 - Қазақ тілі мен әдебиеті педагогтерін даярлау, 8D01721-Қазақ тілі мен әдебиеті БББ күшті – 0; қанағаттанарлық – 10; жақсартуды -0 деп болжайды.

6.8. Стандарт «Білім беру ресурстары және студенттерді қолдау жүйесі»

✓ ЖОО білім беру ресурстарының, оның ішінде материалдық-техникалық және инфрақұрылымның білім беру бағдарламасының мақсаттарына сәйкестігіне кепілдік беруге тиіс.

✓ ББ басшылығы қазіргі заманғы жабдықтармен жарақтандырылған және БББ мақсаттарына қол жеткізуді қамтамасыз ететін аудиториялардың, зертханалардың және басқа да объектілердің болуын көрсетуі тиіс.

✓ ЖОО ақпараттық ресурстардың ЖОО-ның және іске асырылатын БББ қажеттіліктеріне, оның ішінде мынадай бағыттар бойынша сәйкестігін көрсетуі тиіс:

- білім беру бағдарламаларына сәйкес білім алушылар мен ПОҚ-ты технологиялық қолдау (мысалы, онлайн-оқыту, модельдеу, Деректер Базасы, деректерді талдау бағдарламалары);

- кітапхана ресурстары, оның ішінде жалпы білім беретін, базалық және бейіндік пәндер бойынша қағаз және электрондық тасығыштардағы оқу, әдістемелік және ғылыми әдебиеттер қоры, мерзімді басылымдар, ғылыми деректер базасына қол жеткізу;

- F3Ж нәтижелерін, бітіру жұмыстарын, диссертацияларды плагиатқа сараптау;

- білім беру Интернет-ресурстарына қолжетімділік;

- өз аумағында Wi-Fi жұмыс істеуі.

✓ ЖОО ғылыми зерттеулер жүргізу, ғылым мен білімнің интеграциясы, ПОҚ, қызметкерлер мен білім алушылардың ғылыми-зерттеу жұмысының нәтижелерін жариялау үшін жағдай жасайтынын көрсетуі тиіс.

✓ ЖОО білім беру бағдарламаларын меңгеру үшін пайдаланылатын Оқу жабдығы мен бағдарламалық құралдардың тиісті оқу бағдарламаларында қолданылатындарға ұқсас болуына ұмтылуы тиіс.

✓ БББ басшылығы ақпараттандыру мен кеңес беруді қоса алғанда, білім алушылардың әртүрлі топтарын қолдау рәсімдерінің болуын көрсетуі тиіс.

✓ БББ басшылығы білім алушының жеке білім беру траекториясы бойынша алға жылжуы үшін жағдайлардың болуын көрсетуі тиіс.

✓ ЖОО білім алушылардың әртүрлі топтарының (ересектер, жұмыс істейтін, шетелдік білім алушылар, сондай-ақ мүмкіндіктері шектеулі білім алушылар) қажеттіліктерін ескеруі тиіс.

✓ ЖОО инфрақұрылымның қауіпсіздік талаптарына сәйкестігін қамтамасыз етуі тиіс.

Дәлелді бөлім

Аккредиттелетін БББ қажетті материалдық-техникалық ресурстармен және инфрақұрылыммен қамтамасыз етілген. 6B01721-қазақ тілі мен әдебиеті, 7M01724-қазақ тілі мен әдебиеті педагогтерін даярлау, 8D01721-қазақ тілі мен әдебиеті, 6B03270-журналистика БББ бойынша білім алушылар университеттің әлеуметтік-мәдени, спорттық нысандарын пайдалануға толық мүмкіндіктері бар. Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінде білім беру сапасын қамтамасыз ету мен тұрақты дамуына кепілдік беруде материалдық-техникалық және ақпараттық ресурстарды үнемі жетілдіріп отыру маңызды фактор болып табылады.

Мамандықтың материалды-техникалық базасын жаңалау мен жетілдіру бойынша жоспарлы жұмыстар жүргізілген. Университетте аумағы 50953,5 шаршы метрді құрайтын 10 оқу корпусы, спорт залы, жақсы жабдықталған жатақханалар бар. Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті 5 жатақханамен қамтылған. Оқу орнының меншігінде №1 (512 орын), №2 (73 орын), №3 (260 орын), №5 (400 орын) студенттік жатақхана және №4 (60 пәтер) ғалымдар үйі және 59 пәтерлі оқытушыларға арналған жатақхана бар.

456 орындық (1900,3 м²) Студенттер сарайы, жалпы көлемі 7157 м² болатын студенттерге арналған жатақхана, №1 оқу ғимаратындағы асхана, «Сыр Сымбаты» спорт клубы (1190 м²), «Сейхун» спорт кешені 44x25 м (1100 м²), бассейн 11x25 м (275 м²), №1 оқу ғимаратындағы спортзал, медициналық пункт, тарихи және этнографиялық мұражай, «Шоқайтану» және «Қорқыттану» ғылыми орталықтары, т.б. білім алушылар үшін қызмет істейді.

Жалпы алаңы 3247,7 шаршы метрді құрайтын 770 орындық 7 асхана бар. Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің оқу ғимараттарындағы асханалардың қызмет сапасын анықтау мақсатында Стратегиялық жоспарлау және сапаны қамтамасыз ету басқармасы жүргізген сауалнамаға жалпы саны 629 респондент жауап берді, оның – 50-і оқытушы және 579-і студент. Сауалнама нәтижелері 1-оқу ғимаратындағы асхана қызметіне қанағаттануы: толығымен қанағаттануы – 64%; әр кезде әр қалай – 33%; толығымен қанағаттандырмайды – 3%; жауап беруге киналамын – 0% құрады.

Әрбір білім алушы оқытудың барлық кезеңі ішінде мынадай ақпараттық білім беру ресурстарына жеке шектеусіз қол жеткізумен қамтамасыз етілген: университеттің ресми сайты; «Platonus» оқу процесін басқарудың автоматтандырылған ақпараттық жүйесі; электронды-ғылыми кітапхана; «E-UNIVER» электрондық порталы; әлеуметтік желілердің ресми аккаунттары; «Salemoffice-AIS Sirius» Құжаттамамен қамтамасыз ету үшін қолданылады; <https://www.mooc-korkyt.kz> / білім алушыларды білім беру бағдарламалары бойынша онлайн даярлау үшін пайдаланылады.

Университетте электрондық құжат айналымы жүйесі, пошта сервері бар. Ол университетте кез келген уақытта мәселелерді жылдам шешуге және барлық мерзімдегі құжаттарға қол жеткізуге мүмкіндік береді.

6B01721-қазақ тілі мен әдебиеті білім беру бағдарламасы студенттеріне арналған Н.Жүнісов атындағы №103, Ә.Кекілбаев атындағы №105, Ә.Қоңыратбаев атындағы №131, Ө.Көзбеков атындағы №300, Ұ.Жанбершиева атындағы №207 дәрісхана мамандыққа қажетті оқу-әдістемелік әдебиеттермен, интерактивті тақта, проектор және ғаламтор желісіне қосылған компьютермен жабдықталған. Тіл білімі мен әдебиеттанудың салаларына, өзекті мәселелеріне арналған стендтер орнатылған.

6B03270-журналистика БББ студенттеріне арналған «Оқу телестудиясы» ғаламтор желісіне қосылған 8 компьютермен жабдықталған. Оқу телестудиясындағы компьютерлерге

теле-радиожурналистикаға қажетті бағдарламалар орнатылған. Білім алушылар зертханалық, СӨЖ сабақтарында практикалық тұрғыдан жұмыстар жүргізе алады. «Оқу телестудиясындағы» бейнекамералармен түрлі жанрдағы бағдарламалар түсіріп, дайындайды. Қазіргі заманда компьютерсіз біздің өмірімізді елестету өте қиын, әсіресе біздің мамандықта. Біздің компьютерлеріміз заманауи талапқа сай. Кез келген бейнемонтаж, фотомонтаж, тіпті 3D технологиясы саласында да жұмыс жасауға болады, айта кетсек, Adobe premiere pro, Adobe after effects, Adobe photoshop, Adobe audition, 3D Max, Blender, Cinema 4D бағдарламаларымен футуристикалық, анимациялық, реалистік және т.б. бағыттарда эффектілі өнімдер көптің назарына ұсынылады. Барлық бағдарламалар лицензияландырылған.

Университет кітапханасында оқырмандарға қызмет көрсететін 4 бөлім (абонемент), 5 оқу залы, 4 электронды зал, кітапхана 70-ке жуық компьютермен жабдықталған. Кітапхана 4 абоненттен және 70-тен астам компьютерлері бар 4 электронды оқу залынан тұрады. Интернет және OpenSpace – университет қызметкерлері мен білім алушылары үшін тиімді ашық жұмыс кеңістігі. ПОҚ және білім алушылардың қызметтеріне дәстүрлі режимде баспа құжаттары, электрондық ақпараттық ресурстар және онлайн сервистер ұсынылады. Қашықтағы форматтағы ресурстардың қолжетімділігі «МегаПРО» автоматтандырылған интеграцияланған кітапхана жүйесі (АИБС) негізінде жұмыс істейтін электрондық каталог есебінен қамтамасыз етіледі – <https://library.korkyt.kz/MegaPro/Web> (пайдалану лицензиясы 10.12.2020 ж. №201-2020). Электрондық каталогтың көлемі – 190117 библиографиялық жазба, оның ішінде цифрланған форматта – 10114 және 880 диссертация қоры бар. Электрондық кітапхананың барлық қызметтері жеке кабинетте пайдаланушыларға қол жетімді: іздеу, тапсырыс беру, брондау, тек «оқу режимінде» қарау, аннотацияланған және библиографиялық жазбалар жасау, тақырып бойынша таңдалған кітаптар, e-mail-ге жаңа түскен кітаптар туралы хабарлау. Университет Elsevier, Springer, Scopus ғылым дерекқорларына қол жеткізуді қамтамасыз етеді. Сондай-ақ, РМЭБ, AlemBook отандық дерекқорларымен танысуға мүмкіндіктері бар.

Ғылыми кітапхана ондаған кітапханалардың электрондық базаларына қол жеткізе алады.

Білім алушылардың, магистранттар мен докторанттардың ҒЗЖ, диссертациялары плагиат бағдарламаларымен тексеріліп, сараптама нәтижелері беріліп отырады. Университетте профессор-оқытушылардың, ғылыми қызметкерлердің, шетел студенттері және мүмкіндігі шектеулі студенттердің зерттеу жұмыстарын жүргізуіне барлық жағдайлар мен мүмкіндіктер қарастырылған.

Университетте оқытушылардың, қызметкерлер мен студенттердің ғылыми-зерттеу жұмыстарының нәтижелерін жариялау үшін барлық жағдайлар жасалған. Мысалы, барлық пәндер бойынша ПОҚ-тың оқу-әдістемелік материалдары электронды және магнитті тасымалдаушыларда сақталған. Бұдан бөлек университетте 2005 жылдан бері тоқсанына бір рет шығатын ғылыми басылым «Хабаршы» журналы жарық көрді. Онда ғылымның барлық салалары бойынша ғылыми мақалалар жарияланады. Журналдың редакциялық алқасы республиканың және шетелдің жетекші ғалымдарымен ұсынылған. Сонымен қатар ғылыми басылым университеттің кітапханасында студенттер мен оқытушыларға қолжетімді.

Университетте, оның ішінде БББ мамандықтарына қарасты білім алушылар Интернет-ресурсты білім беру бағдарламаларына қосылу, оны толық пайдалану мүмкіндігіне ие. Интернетке қолжетімділікті қамтамасыз ету үшін университетте 600 МБ/сек жылдамдықпен шектелмеген трафикті қамтитын оптикалық желі бар. Университеттік компьютерлердің жалпы саны 1200 бірлікті құрайды, оның 950 компьютері университеттің корпоративтік желісіне қосылған. Барлық оқу ғимараттары мен жатақханалары 600 МБ/сек жылдамдықпен сымсыз желі яғни Wi-Fi-ға қосылған.

Барлық оқу ғимараттары мен жатақханалары 16 МБ/сек жылдамдықпен сымсыз желі яғни Wi-Fi-ға қосылған. Оқу үдерісінің сапасын қамтамасыз ету үшін университетте оқу зертханалық жабдықтары, 3D принтер және 3D сканер, сондай-ақ жұмыс компьютерлеріне арналған түрлі лицензиялық бағдарламалар бар. Студенттерге қызмет көрсету орталығын құру үшін 64 моноблок сатып алынған.

Университетте білім беру бағдарламаларын игеру үшін қолданылатын оқу жабдықтары мен бағдарламалық құралдар жеткілікті, олар БББ мамандықтарының ерекшелігіне сай келеді. Оқу үдерісіндегі қауіпсіздік талаптары сақталған. Санитарлық-эпидемиологиялық және өртке қарсы нормалар мен ережелерге сәйкес оқу үдерісін ұйымдастырады. Осыған байланысты университетте ТҚЖЕҚ еңбек қорғау талаптарының сақталуын қамтамасыз етіп, олардың орындалуына бақылау жасайтын арнайы бөлім бар.

Сараптамалық бөлім

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінде білім беру сапасын қамтамасыз ету мен тұрақты дамуына кепілдік беруде материалдық-техникалық және ақпараттық ресурстарды үнемі жетілдіріп отыруға көңіл бөлетіндігін байқауға болады. Аудитория қоры, жатақханадағы орын саны, лабораториялар мен олардың жабдықталуы бүгінгі күннің талаптарына жауап береді, үнемі жаңартылып отырылады.

Ақпараттық инфоқұрылым әрбір білім алушы оқытудың барлық кезеңі ішінде мынадай ақпараттық білім беру ресурстарына жеке шектеусіз қол жеткізумен қамтамасыз етілген: университеттің ресми сайты; «Platonus» оқу процесін басқарудың автоматтандырылған ақпараттық жүйесі; электронды-ғылыми кітапхана; «E-UNIVER» электрондық порталы; әлеуметтік желілердің ресми аккаунттары; «Salemoffice-AIS Sirius» жүйелері жұмыс істеп тұр.

Кітапхана жағдайы мен қоры, соның ішінде замануи электронды ресурстардың қолжетімділігі қамтамасыз етілген.

Ғылыми зерттеу жұмыстырын жүргізуге, оның нәтижесін арнайы журналда жариялауға және антиплагиат сияқты жүйелермен тексеруге мүмкіндік бар.

ПОҚ және білім алушылар арасында жүргізілген сауалнама нәтижесі бойынша компьютерлік техникамен, Интернетке және WI-FI-ға қолжетімдігі қанағаттанарлық деген жағдайды көрсетті.

2005 жылдан бері тоқсанына бір рет шығатын ғылыми басылым «Хабаршы» журналы жарық көреді. Онда ғылымның барлық салалары бойынша ғылыми мақалалар жарияланады. Сонымен қатар ғылыми басылым университеттің кітапханасында студенттер мен оқытушыларға қолжетімді.

Қолданыстағы техникалық құралдар мен компьютерлік бағдарламалар өндірістегі талаптарға жақын, тиісті біліктілікті қалыптастыруға көмектеседі.

Білім беру бағдарламасының басшылығы ақпарат пен кеңес беруді қоса алғанда, студенттердің әртүрлі топтарына қолдау көрсету процедураларының болуын, студенттің жеке білім беру жолында ілгерілеуіне жағдайдың бар екенін көрсете білді. Дегенмен, білім беру орны басшылығы модульдік оқытуға негізделген жеке білім беру траекторияларын қолданыстағы БББ-ға енгізуі керек болады. Білім алушының жеке білім беру траекториясы бойынша алға жылжуы үшін жағдайлардың болмауы кездесу-сұхбаттар барысында аңғарылды.

Университет студенттердің әртүрлі топтарының (ересек адамдар, жұмыс істейтін адамдар, шетелдік студенттер, сонымен қатар ерекше білім беру қажеттіліктері бар студенттер) қажеттіліктерін ескеріп келеді. Дегенмен, бұл істе ескеретін жағдайлар да баршылық. Университет басшылығы жас санатына, өзін-өзі жұмыспен қамтығандарға, шетелдік студенттерге, сондай-ақ арнайы білімі бар студенттерге баса назар аудара отырып, инклюзивті білім берудің ерекшеліктерін (түрлі топтағы студенттердің қажеттіліктерін, соның ішінде білім алушылардың ерекше қажеттіліктерін ескере отырып, инфрақұрылымды және оқу-әдістемелік қамтамасыз етуді жақсарту – инклюзивті білім беруді (пандустар, лифтілер, нашар көретіндерге арналған жолдар және т.б.)) есепке алу механизмін енгізуді ойластырғаны жөн.

Университет инфрақұрылымның қауіпсіздік талаптарына сай болуын қамтамасыз етіп келеді.

Күшті жақтары/ үздік тәжірибе

- осы стандарт бойынша анықталмады.

6B01721-Қазақ тілі мен әдебиеті, 6B03270-Журналистика, 7M01724 - Қазақ тілі мен әдебиеті педагогтерін даярлау, 8D01721-Қазақ тілі мен әдебиеті БББ үшін ұсынымдар:

- білім беру орны басшылығы 2024-2025 оқу жылының басына модульдік оқытуға негізделген жеке білім беру траекторияларын қолданыстағы БББ-ға енгізісін;

- университет басшылығы 2024 жылдың 1 қыркүйегіне дейін жас санатына, өзін-өзі жұмыспен қамтығандарға, шетелдік студенттерге, сондай-ақ арнайы білімі бар студенттерге баса назар аудара отырып, инклюзивті білім берудің ерекшеліктерін (түрлі топтағы студенттердің қажеттіліктерін, соның ішінде білім алушылардың ерекше қажеттіліктерін ескере отырып, инфрақұрылымды және оқу-әдістемелік қамтамасыз етуді жақсарту – инклюзивті білім беруді (пандустар, лифтілер, нашар көретіндерге арналған жолдар және т.б.)) есепке алу механизмін енгізісін.

Сыртқы сараптау комиссиясының критерийлер бойынша қорытындылары:

«Білім беру ресурстары және студенттерді қолдау жүйесі» стандарты бойынша 6B01721-Қазақ тілі мен әдебиеті, 6B03270-Журналистика, 7M01724 - Қазақ тілі мен әдебиеті педагогтерін даярлау, 8D01721-Қазақ тілі мен әдебиеті БББ күшті – 0; қанағаттанарлық – 12; жақсартуды -1 деп болжайды.

6.9. Стандарт «Қоғамды ақпараттандыру»

□ ЖОО жариялайтын ақпарат дәл, объективті, өзекті болуы және білім беру бағдарламасы шеңберінде ЖОО қызметінің барлық бағыттарын көрсетуі тиіс.

□ Жұртшылықты хабардар ету елдің ұлттық даму бағдарламаларын және жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру жүйесін қолдауды және түсіндіруді көздеуі тиіс.

□ ЖОО басшылығы қалың жұртшылықты және мүдделі тұлғаларды ақпараттандыру үшін ақпаратты таратудың түрлі тәсілдерін (оның ішінде БАҚ, веб-ресурстар, ақпараттық желілер және т. б.) пайдалануы тиіс.

□ ЖОО-ның білім беру бағдарламасы туралы жариялайтын ақпараты объективті және өзекті болуы және мыналарды қамтуы тиіс:

- БББ мақсаты мен жоспарланған нәтижелері, берілетін біліктілік;

- білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалау жүйесі және мәліметтер;

- серіктес жоғары оқу орындарымен, жұмыс берушілермен академиялық ұтқырлық бағдарламалары және ынтымақтастықтың басқа түрлері туралы ақпарат;

- білім алушылардың жеке және кәсіби құзыреттерін дамыту және жұмысқа орналастыру мүмкіндіктері туралы ақпаратты ұсынады;

- БББ білім беру қызметтері нарығында (өңірлік, ұлттық, халықаралық деңгейлерде) жайғасымын көрсететін деректер.

□ ЖОО ашық ресурстарда ПОҚ туралы, есімнамалар бөлінісіндегі анық ақпаратты жариялауы тиіс.

□ ЖОО БББ бойынша аудиттелген қаржылық есептілікті өз веб-ресурсында жариялауға тиіс.

□ ЖОО сыртқы бағалау рәсімдерінің нәтижелері бойынша ақпаратты және сыртқы ресурстарға сілтемелерді орналастыруы тиіс.

✓ Әріптестермен, оның ішінде ғылыми/консалтингтік ұйымдармен, бизнес әріптестермен, әлеуметтік әріптестермен және білім беру ұйымдарымен ынтымақтастық және өзара іс-қимыл туралы ақпаратты орналастыру маңызды фактор болып табылады.

Дәлелді бөлім

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің басшылығы қоғамды ақпараттандыру процесін оқу орнының 2023-2029 жылдарға арналған даму бағдарламасында қойылған миссияны, мақсаттарды, сапаны қамтамасыз ету саласындағы саясатты және міндеттерді іске асыру үшін маңызды ресурс ретінде қарастырады. Ең бастысы университетке үміткер талапкерлерді жүйелі түрде ақпараттандыратын кәсіби бағдар беру жұмыстарын ұйымдастыру және білім алушылардың контингентін арттыру жұмысымен 2020 жылдың қарашасынан бастап, барлық әлеуметтік платформаларға тіркеліп, қажетті ақпараттарды жариялайтын Рекрутинг және мансап басқармасы айналысады. Facebook әлеуметтік желісінде Рекрутинг және Мансап Басқармасы <https://www.facebook.com/profile.php?id=100057222529303>, Instagram платформасында

<https://www.talapker-korkyt.kz/> парақшаларында орналастырылған ақпараттар қазақ тілі мен әдебиеті БББ қарасты мамандықтар бойынша талапкерлердің сұранысын қамтамасыз етеді.

Білім бағдарламалары бойынша білім алушылардың, түлектердің және ОПК-ң түрлі тақырыптағы жарияланымдары мамандықтың артықшылықтарын айқындайтын ақпарат ұсынады. Кәсіби бағдар беру жұмыстары білім бағдарламасына тапсырыс берушілер - қаланың, облыстың, республиканың білім беру мекемелері мен бұқаралық ақпарат құралдарына бағытталады.

Болашақ талапкерлер, ата-аналар, білім алушылар, түлектер мен жұмыс берушілер қоғамды ақпараттандырудың негізгі арнасы Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің www.korkyt.kz сайтындағы ресми жарияланымдарды пайдалана алады. Ал білім алушылар өздеріне тиесілі кез келген құжатқа www.korkyt.kz сайтының «E-Univer» бөлімшесі арқылы электронды тапсырыс беру арқылы қолжеткізеді. Білім беру бағдарламасы және біліктілік беру туралы ақпараттар университеттің ресми сайтында қолжетімді және «Ректор блогы» бөлімі арқылы талапкерлер, білім алушылар, ПОҚ құрамымен және университет басшысымен байланыс жасауға толық мүмкіндігі бар. Сонымен бірге университеттің қызметі туралы ақпараттың қолжетімділігін бағалау сауалнама, кері байланыс арқылы жүзеге асырылады. Университеттің ресми парақшаларының сілтемелері: twitter.com/QorqytAta_edu Instagram; [qorqytata_press](https://www.instagram.com/qorqytata_press) (Telegram); [korkytata_university](https://www.instagram.com/korkytata_university) (instagram); [qorqyt_students](https://www.tiktok.com/@qorqyt_students) (Tik-tok); [QorqytAta](https://www.facebook.com/QorqytAta) (facebook).

Тарихы 1996 жылдан бері қалыптасқан университеттің студент-жастарына арналған «Сыр түлегі» газетінің әр жыл сайынғы «Талапкер» қосымшасында да 6B01721-қазақ тілі мен әдебиеті, 7M01724-қазақ тілі мен әдебиеті педагогтерін даярлау, 8D01721-қазақ тілі мен әдебиеті, 6B03270-журналистика білім беру бағдарламалары туралы толыққанды ақпарат жарияланады. Әр жыл сайын ақпарат жаңартылып, лифлет, буклет, жарнамалық парақшалар жарық көреді.

Жалпы ақпараттық ресурстар, мысалы Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің медиаорталығы жүргізетін Youtube арнасының (KorkytAtaUniversity.korkyt.edu.kz) 1,8 мың жазылушысы бар, 138 031 қаралым болған 962 бейне жүктелген. Бұл арна университеттегі барлық мамандықтарды, жаңалықтарды қамтиды. Сонымен бірге әр жарияланымның атауында қандай шара екендігі көрсетіледі. Мысалы, 2020-2021 оқу жылының көктемгі оқу семестрін ұйымдастыру мәселелері бойынша онлайн брифингі, Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті оқытушыларының еңбектері жарық көрді. Сонымен бірге Фейсбук платформасында [facebook.com/QorqytAta](https://www.facebook.com/QorqytAta), Instagram платформасында [instagram.com/korkytata_university/?utm_medium=copy_link](https://www.instagram.com/korkytata_university/?utm_medium=copy_link) парақшаларында да университеттегі барлық мамандықтармен бірге қазақ тілі мен әдебиеті, журналистика мамандықтарының талапкерлері мен студенттері үшін ақпараттар жарияланады.

6B03270-журналистика білім беру бағдарламасының білім алушылары өңірдегі «Ақмешіт жастары» газетінің «Студент» арнаулы бетін шығарып, мамандықтың ерекшелігін айқындайтын және өздерінің шығармашылық туындыларын жариялап, кәсіпке бейімделеді. 6B03270-журналистика білім беру бағдарламасының білім алушылары кәсіби шеберлігін қалыптастыру мақсатында ұйымдастырылатын танымал журналистердің семинар-тренингтеріне қатысады. Мысалы, 2019 жылдың 27 қыркүйегінде «Жаңа медиа және сараптама» тақырыбында республикалық «Aiqun» газетінің бас редакторы Нұрмұхамед Байғараевтың, 2019 жылдың 10 қазанында медиатренер Нұрбек Бекбаудың, 2019 жылдың 20 қазан айында блогер Асхат Еркімбаидың, 2019 жылы «Астана» телеарнасының тележурналисі Жайна Сламбектің семинар-тренингіне қатысты, барлығы түрлі әлеуметтік платформаларда және өңірлік БАҚ-та ақпараттандырылды.

Университет сайтында ПОҚ-тың ғылыми, оқу-әдістемелік еңбектерінің картотекасы, кітапхана қоры мен қызметі, қолжетімді электронды ресурстар мен электронды оқу залы туралы мәліметтерді <http://korkyt.kz/ntb/> сілтемесі арқылы алуға болады. Университет кітапханасы «KazSoft» компаниясы құрастырған «КАБИС-2.1» бағдарламасымен жұмыс жүргізеді. Кітапханада Thomson Reuters, Springer, Elsevier компаниясының Scopus,

электронды-кітапхана жүйелері «Лань», «Полпред» және отандық электронды кітапханалар РМЭБ пен КазНЭБ деректер базаларын т.б. пайдалануға мүмкіндік жасалған. Кітапхананың да ФБ платформасындағы арнайы парақшасында әр мамандыққа қажетті жаңа кітаптармен, БББ студенттерімен бірлесе отырып, түрлі тақырыптағы оқырмандар конференциясы, ақын-жазушылардың мерейтойларына байланысты іс-шараларды таныстырып отырады.

Қазақ тілі мен әдебиеті және журналистика БББ, университеттің ақпараттық-имидждік саясатын қалыптастыруға ПОҚ құрамы да белсене араласады. Мысалы ардагер-ұстаздар Ж.Сәдуақасұлы, Ұ.Жанбершиева, А.Айтбаева, Ғ.Тұяқбаевтардың республикалық және өңірлік басылымдарда жарияланымдары жарық көрген. Қазақ тілі бағытындағы барлық іс-шараларға БББ-ның ғалымдары Б.Боранбай, А.Абасилов, К.Сарышева, Г.Баялиева, Г.Бекмағанбетовалар тұрақты қатысып, қазақ тілінің дамуына қатысты өз үлестерін қосып, ұстанымдарынан хабардар етеді. ПОҚ қалалық, облыстық білім басқармаларымен, бұқаралық ақпарат құралдарымен тығыз байланыс орнатқан. Мәселен, «Қызылорда» телеарнасындағы «Алқа», «Ақиқат алаңы», «Қоңыр әңгіме» бағдарламаларында БББ профессор-оқытушылары Б.Кәрібозұлы, Ғ.Тұяқбаев, А.Әбілов, А.Абасилов, Б.Боранбайлар бірнеше мәрте эфирге шыққан.

Аккредиттеліп отырған БББ оқытушылары жыл сайын оқушылардың республикалық, облыстық пән олимпиадалары мен ғылыми жобалар конкурсына төрағалық етеді, қазылар алқасының құрамында болған.

Сараптамалық бөлім

Университетте қоғаммен байланыс жасаудың негізгі мақсаты – білім бағдарламаларының ерекшелігі мен артықшылықтары туралы толыққанды ақпарат беретін кәсіби бағдар беру жұмыстарын насихаттау жолға қойылған. Университет жарияланған ақпараттың дұрыс, объективті, өзекті және білім беру бағдарламасы аясында университет қызметінің барлық бағыттарын көрсететініне кепілдік береді.

Дегенмен, БББ басшылығы университеттің веб-сайтында орналастырылған ақпаратты БББ ерекшеліктері туралы объективті ақпаратпен (оқытудың күтілетін нәтижелерін көрсете отырып; БББ аяқталғаннан кейін біліктілікті беру мүмкіндігі туралы ақпарат) жаңарту; оқыту, оқу, бағалау процедуралары және т.б. туралы ақпарат), педагогикалық қызметкерлердің жеке беттерін қоса алғанда, сондай-ақ веб-сайтты барлық жарияланған тілдерде жұмыс тәртібінде жүргізу, веб-сайттағы ақпараттың жыл сайынғы мониторингін қамтамасыз етуі керек.

Қоғамдық ақпарат елдің ұлттық даму бағдарламаларын, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру жүйесін қолдау мен түсіндіруді қамтуы әлі де белсенді емес. Бүгінде жаңа медиада ақпараттандырудың мультимедиялық, графикалық баламалы түрлерін және мобилографиялық, жасанды интеллект туындыларын қолдануға көңіл аударуы тиіс. Түсінікті де қысқа гипермәтіндерге және интерфейстің тартымдылығына мән беріп, сауатты контент құру үнемі назарда болса тек ұтар еді.

Университет басшылығы көпшілікті және мүдделі тұлғаларды ақпараттандыру үшін ақпаратты таратудың әртүрлі әдістерін (соның ішінде БАҚ, веб-ресурстар, ақпараттық желілер және т.б.) қолданып келеді. Оны қосымшада сандық және сапалық көрсеткіштер айғақтайды.

Сайттағы БББ туралы ақпарат объективті, өзекті және мақсаты мен жоспарланған нәтижелері, берілген біліктілікті; оқушылардың оқу жетістіктерін бағалаудың ақпараты мен жүйесін; академиялық ұтқырлық бағдарламалары және серіктес университеттермен және жұмыс берушілермен ынтымақтастықтың басқа нысандары туралы; студенттердің жеке және кәсіби құзыреттілігін дамыту және жұмысқа орналастыру мүмкіндіктері туралы ақпараттарды және білім беру қызметтері нарығында (аймақтық, ұлттық, халықаралық деңгейлерде) БББ позициясын көрсететін деректерді қамтыған.

Тұлғалар бойынша бөлінген оқытушылар құрамы туралы сенімді ақпаратты ашық ресурстарда жариялау маңызды фактор болса, ол ресми сайтта көрініс тапқан.

Университет өз веб-сайтында аудиттелген қаржылық есептілікті жариялап отырады.

Университет сыртқы бағалау процедураларының нәтижелері бойынша ақпаратты және

сыртқы ресурстарға сілтемелерді орналастырға мүдделілік танытады.

Серіктестермен, соның ішінде ғылыми/консультациялық ұйымдармен, бизнес серіктестермен, әлеуметтік серіктестермен және білім беру ұйымдарымен ынтымақтастық және өзара әрекеттесу туралы ақпаратты орналастыруға жеткілікті көңіл бөліп келеді.

Күшті жақтары/ үздік тәжірибе

- осы стандарт бойынша анықталмады.

6B01721-Қазақ тілі мен әдебиеті, 6B03270-Журналистика, 7M01724 - Қазақ тілі мен әдебиеті педагогтерін даярлау, 8D01721-Қазақ тілі мен әдебиеті БББ үшін ұсынымдар:

- БББ басшылығы 2024 жылдың 1 қыркүйегіне дейін университеттің веб-сайтында орналастырылған ақпаратты БББ ерекшеліктері туралы объективті ақпаратпен (оқытудың күтілетін нәтижелерін көрсете отырып; БББ аяқталғаннан кейін біліктілікті беру мүмкіндігін туралы ақпарат) жаңарту; оқыту, оқу, бағалау процедуралары және т.б. туралы ақпарат), педагогикалық қызметкерлердің жеке беттерін қоса алғанда, сондай-ақ веб-сайтты барлық жарияланған тілдерде жұмыс тәртібінде жүргізу, веб-сайттағы ақпараттың жыл сайынғы мониторингін қамтамасыз етілсін.

Сыртқы сараптау комиссиясының критерийлер бойынша қорытындылары:

«Қоғамды ақпараттандыру» стандарты бойынша 6B01721-Қазақ тілі мен әдебиеті, 6B03270-Журналистика, 7M01724 - Қазақ тілі мен әдебиеті педагогтерін даярлау, 8D01721-Қазақ тілі мен әдебиеті БББ күшті – 0; қанағаттанарлық – 12; жақсартуды -0 деп болжайды.



(VII) ӘР СТАНДАРТ БОЙЫНША КҮШТІ ТҰСТАРЫ/ ҮЗДІК ТӘЖІРИБЕСІ

«Білім беру бағдарламаларын басқару» стандарты бойынша

6B01721-Қазақ тілі мен әдебиеті, 6B03270-Журналистика, 7M01724 - Қазақ тілі мен әдебиеті педагогтерін даярлау, 8D01721-Қазақ тілі мен әдебиеті білім беру бағдарламалары бойынша күшті тұстары/ үздік тәжірибесі:

- университет әртүрлі мүдделі тараптарды кеңінен тарта отырып, сыртқы және ішкі факторларды талдау негізінде БББ дамытудың мақсаты мен стратегиясын әзірледі қамтамасыз етіп отыр.

«Ақпараттық басқару және есептілік» стандарты бойынша

6B01721-Қазақ тілі мен әдебиеті, 6B03270-Журналистика, 7M01724 - Қазақ тілі мен әдебиеті педагогтерін даярлау, 8D01721-Қазақ тілі мен әдебиеті білім беру бағдарламалары бойынша күшті тұстары/ үздік тәжірибесі:

- университет заманауи ақпараттық-коммуникациялық технологиялар мен бағдарламалық қамтамасыз ету негізінде ақпаратты жинау, талдау және басқару жүйесінің жұмыс істеуін қамтамасыз етіп келеді.

«Білім беру бағдарламасын әзірлеу және бекіту» стандарты бойынша

- осы стандарт бойынша анықталмады.

«Білім беру бағдарламасының тұрақты мониторингі және мерзімді бағалау» стандарты бойынша

- осы стандарт бойынша анықталмады.

«Студентке бағытталған білім беру, оқыту және үлгерімді бағалау» стандарты бойынша

- осы стандарт бойынша анықталмады.

«Білім алушылар» стандарты бойынша

- осы стандарт бойынша анықталмады.

«Профессорлық-оқытушы құрамы» стандарты бойынша

- осы стандарт бойынша анықталмады.

«Білім беру ресурстары және студенттерді қолдау жүйесі» стандарты бойынша

- осы стандарт бойынша анықталмады.

«Қоғамды ақпараттандыру» стандарты бойынша

- осы стандарт бойынша анықталмады.

(VIII) ӘР СТАНДАРТ БОЙЫНША САПАНЫ ЖАҚСARTY БОЙЫНША ҰСЫНЫСТАР

«Білім беру бағдарламаларын басқару» стандарты бойынша

6B01721-Қазақ тілі мен әдебиеті, 6B03270-Журналистика, 7M01724 - Қазақ тілі мен әдебиеті педагогтерін даярлау, 8D01721-Қазақ тілі мен әдебиеті білім беру бағдарламалары бойынша ұсынымдары:

- Университет басшылығы 2024 жылдың 1 қыркүйегіне дейін тәуекелдердің негізгі көздерін және оларды азайту жолдарын көрсететін Тәуекелдерді басқару саясатын әзірлеп, оларды қысқарту бойынша шаралар кешенін айқындасын;

- аккредиттелетін БББ басшылығы мен оқытушылар құрамы қазіргі заманғы әдебиеттерді талдауға және өздерінің әзірлемелеріне сүйене отырып, оқу үрдісіне инновацияларды үнемі енгізудің механизмін 2024-2025 оқу жылына даярласын;

- БББ басшылығы 2024 жылдың 1 қыркүйегіне дейін нақты даму көрсеткіштерін белгілеп, БББ Даму жоспарын нақтылауы, уақыт талабынан туындаған жаңа сұраныстарды ескере отырып, білім беру бағдарламасы мазмұнының жаңартылуын қамтамасыз етсін.

«Ақпараттық басқару және есептілік» стандарты бойынша

6B01721-Қазақ тілі мен әдебиеті, 6B03270-Журналистика, 7M01724 - Қазақ тілі мен әдебиеті педагогтерін даярлау, 8D01721-Қазақ тілі мен әдебиеті білім беру бағдарламалары бойынша ұсынымдары:

- БББ басшылығына 2024-2025 оқу жылының басына дейін студенттермен, қызметкерлермен және басқа да мүдделі тұлғалармен қарым-қатынас жасау, оның ішінде жанжалдарды шешу тетіктерін көрсететін шаралар белгілесін.

«Білім бағдарламаларын әзірлеу және бекіту» стандарты бойынша

6B01721-Қазақ тілі мен әдебиеті, 6B03270-Журналистика, 7M01724 - Қазақ тілі мен әдебиеті педагогтерін даярлау, 8D01721-Қазақ тілі мен әдебиеті білім беру бағдарламалары бойынша ұсынымдары:

- 2024 жылдың қыркүйек айына дейін бітірушінің кәсіби дағдыларын (hard skills) ғана емес, сонымен бірге әмбебап құзыреттіліктерді, «жұмсақ дағдыларды» (soft skills) дамытуды қамтитын заманауи еңбек нарығының талаптарына сәйкес аккредиттелген білім беру бағдарламаларының түлектері үшін құзыреттілікке негізделген үлгі әзірлесін, ЖОО оқыту нәтижелері мен тұлғалық қасиеттерін сипаттайтын БББ түлегі моделін жаңартсын;

- БББ басшылығы 2025-2026 оқу жылының аяғына дейін халықаралық білім беру нарығында БББ позициясын пайдалану және БББ шеңберінде оқу материалдарын цифрландыру мақсатында шетел университеттерімен қос дипломды БББ енгізісін.

6B03270-Журналистика БББ үшін ұсынымдар:

- БББ басшылығы 2025-2028 оқу жылдарына арналған даму жоспарында жасанды интеллект пен веб-технологияларды белсенді енгізуді, Google, Adobe, Apple, Microsoft, OpenAI және т.б. компаниялардың бағдарламалық қамтамасыз етуді меңгеруді ескере отырып, студенттерді медиа индустрия саласында кәсіби сертификаттауға дайындау мүмкіндігі қарастырылсын.

«Білім беру бағдарламаларын тұрақты мониторингтеу және мерзімді бағалау» стандарты бойынша

6B01721-Қазақ тілі мен әдебиеті, 6B03270-Журналистика, 7M01724 - Қазақ тілі мен әдебиеті педагогтерін даярлау, 8D01721-Қазақ тілі мен әдебиеті білім беру бағдарламалары бойынша ұсынымдары:

- 2024-2025 оқу жылына дейін барлық мүдделі тараптар БББ-сына қатысты жоспарланған немесе қабылданған әрекеттер туралы хабардар болуы, оған енгізілген барлық өзгерістер жариялансын.

«Студентке бағытталған білім беру, оқыту және үлгерімді бағалау» стандарты бойынша

6B01721-Қазақ тілі мен әдебиеті, 6B03270-Журналистика, 7M01724 - Қазақ тілі мен әдебиеті педагогтерін даярлау, 8D01721-Қазақ тілі мен әдебиеті білім беру бағдарламалары бойынша ұсынымдары:

- 31.12.2024 жылға дейін БББ басшылығы оқу пәндерінің силлабустарын жүйелі түрде жаңартуды, студентке бағдарланған оқыту қағидаттарын енгізуді, студенттік іс-әрекет түрлерін егжей-тегжейлі көрсетуді, олардың баламалы нұсқаларын қамтамасыз етуді және бағалаудың нақты тәсілдерін әзірлеуді қамтамасыз етуі керек.

«Білім алушылар» стандарты бойынша

6B01721-Қазақ тілі мен әдебиеті, 6B03270-Журналистика, 7M01724 - Қазақ тілі мен әдебиеті педагогтерін даярлау, 8D01721-Қазақ тілі мен әдебиеті білім беру бағдарламалары бойынша ұсынымдары:

- БББ басшылығы 2024 жылғы 1 қыркүйекке дейін жаңадан қабылданған және шетелдік студенттер үшін арнайы бейімделу және қолдау бағдарламаларын әзірлеуі керек;

6B03270-Журналистика БББ үшін ұсынымдар:

- БББ басшылығы 2024-2027 оқу жылдары түлектерді жұмысқа орналастыруды жақсарту мақсатында тәжірибе базаларымен және өндірістегі серіктестерімен жұмысты жандандырсын;

- БББ басшылығы 2024 жылғы 1 қыркүйекке дейін түпкілікті нәтижені жақсарту мақсатында түлектердің жұмысқа орналасуына мониторингті жіті жүргізіп, деректердің шынайылығын қамтамасыз етсін.

- ЖОО басшылығы 2024-2025 оқу жылында білім алушылардың сыртқы және ішкі академиялық ұтқырлығы үшін мүмкіндікті кеңітуі, сыртқы гранттар алуға жәрдемдесуі тиіс.

«Профессорлық-оқытушы құрамы» стандарты бойынша

6B01721-Қазақ тілі мен әдебиеті, 6B03270-Журналистика, 7M01724 - Қазақ тілі мен әдебиеті педагогтерін даярлау, 8D01721-Қазақ тілі мен әдебиеті білім беру бағдарламалары бойынша ұсынымдары:

- БББ басшылығы 2024-2025 оқу жылының басынан бастап аккредиттелген БББ оқу процесінде оқыту іс-шараларының көмегімен педагогикалық ұжымның ақпараттық-коммуникациялық технологияларын және бағдарламалық қамтамасыз етуді кеңінен қолдануды қамтамасыз етсін;

- университет басшылығына 2024 жылдың соңына дейін профессор-оқытушылар құрамын аймақты дамытуға тартуды күшейтуі және экологиялық жағдай мен сауалнамалардың нәтижесін ескере отырып, медициналық көмек көрсетуді жақсартудың шараларын әзірлеуі керек.

«Білім беру ресурстары және студентерді қолдау жүйесі» стандарты бойынша

6B01721-Қазақ тілі мен әдебиеті, 6B03270-Журналистика, 7M01724 - Қазақ тілі мен әдебиеті педагогтерін даярлау, 8D01721-Қазақ тілі мен әдебиеті білім беру бағдарламалары бойынша ұсынымдары:

- білім беру орны басшылығы 2024-2025 оқу жылының басына модульдік оқытуға негізделген жеке білім беру траекторияларын қолданыстағы БББ-сына енгізсін;

- университет басшылығы 2024 жылдың 1 қыркүйегіне дейін жас санатына, өзін-өзі жұмыспен қамтығандарға, шетелдік студенттерге, сондай-ақ арнайы білімі бар студенттерге баса назар аудара отырып, инклюзивті білім берудің ерекшеліктерін (түрлі топтағы студенттердің қажеттіліктерін, соның ішінде білім алушылардың ерекше қажеттіліктерін ескере отырып, инфрақұрылымды және оқу-әдістемелік қамтамасыз етуді жақсарту –

инклюзивті білім беруді (пандустар, лифтілер, нашар көретіндерге арналған жолдар және т.б.)) есепке алу механизмін енгізісін.

«Қоғамды ақпараттандыру» стандарты бойынша

6B01721-Қазақ тілі мен әдебиеті, 6B03270-Журналистика, 7M01724 - Қазақ тілі мен әдебиеті педагогтерін даярлау, 8D01721-Қазақ тілі мен әдебиеті білім беру бағдарламалары бойынша ұсынымдары:

- БББ басшылығы 2024 жылдың 1 қыркүйегіне дейін университеттің веб-сайтында орналастырылған ақпаратты БББ ерекшеліктері туралы объективті ақпаратпен (оқытудың күтілетін нәтижелерін көрсете отырып; БББ аяқталғаннан кейін біліктілікті беру мүмкіндігі туралы ақпарат) жаңарту; оқыту, оқу, бағалау процедуралары және т.б. туралы ақпарат), педагогикалық қызметкерлердің жеке беттерін қоса алғанда, сондай-ақ веб-сайтты барлық жарияланған тілдерде жұмыс тәртібінде жүргізу, веб-сайттағы ақпараттың жыл сайынғы мониторингін қамтамасыз етсін.



АККРЕДИТТЕУ КЕҢЕСІНЕ ҰСЫНЫС

Аккредиттеу нәтижелері бойынша аккредиттелетін 6B01721-Қазақ тілі мен әдебиеті, 6B03270-Журналистика, 7M01724 - Қазақ тілі мен әдебиеті педагогтерін даярлау, 8D01721-Қазақ тілі мен әдебиеті білім беру бағдарламалары 5 (бес) жыл мерзімге аккредиттеуге Сыртқы сараптау комиссиясы бірауыздан дауыс беріп, осы ұсынысты бекітуді ұсынды.



1 қосымша. «Сыртқы сараптау комиссиясының 6B01721-Қазақ тілі мен әдебиеті, 6B03270-Журналистика, 7M01724 - Қазақ тілі мен әдебиеті педагогтерін даярлау, 8D01721-Қазақ тілі мен әдебиеті БББ-ларын» бағалау кестесі

Р/с	Р/с	Бағалау критерийлері	Білім беру ұйымының позициясы			
			Күшті	Қанағаттанарлық	Жақсартуды талап едеті	Қанағаттанарлықсыз
Стандарт «Білім беру бағдарламасын басқару»						
1	1.	ЖОО сыртқы және ішкі факторларды кеңінен тарта отырып талдау негізінде БББ-ны дамытудың мақсаттары мен стратегиясын әр түрлі стейкхолдерлерді қарастыра отырып әзірлеуді көрсетуі тиіс	+			
2	2.	Сапаны қамтамасыз ету саясаты ғылыми зерттеулер, оқыту және оқу арасындағы байланысты көрсетуі тиіс		+		
3	3.	ЖОО сапаны қамтамасыз ету мәдениетінің дамуын көрсетеді		+		
4	4.	Сапаны қамтамасыз етуге бейілділік мердігерлер мен әріптестер орындайтын (аутсорсинг), оның ішінде бірлескен/қос дипломды білім беру мен академиялық ұтқырлықты жүзеге асыру кезіндегі кез келген қызметке қатысты болуға тиіс		+		
5	5.	БББ басшылығы білім алушылардың, мемлекеттің, жұмыс берушілердің және басқа да мүдделі тұлғалардың қажеттіліктерін қанағаттандыруға оның жұмыс істеуін, ЖОО-ның нақты жайғасымын және оның қызметінің бағытын талдау негізінде БББ-ны дамыту жоспарын әзірлеудің ашықтығын қамтамасыз етеді		+		
6	6.	БББ басшылығы БББ дамыту жоспарын қалыптастыру және тұрақты қайта қарау тетіктерінің жұмыс істеуін және оның іске асырылуын мониторингтеуді, оқыту мақсаттарына қол жеткізуді бағалауды, білім алушылардың, жұмыс берушілер мен қоғамның қажеттіліктеріне сәйкестігін, БББ-ны тұрақты жақсартуға бағытталған шешімдер қабылдауды көрсетеді		+		
7	7.	БББ басшылығы БББ дамыту жоспарын қалыптастыруға мүдделі тұлғалар топтарының өкілдерін, оның ішінде жұмыс берушілерді, білім алушылар мен ОПҚ өкілдерін тартуы тиіс		+		
8	8.	БББ басшылығы БББ даму жоспарының даралығы мен бірегейлігін, оның ұлттық даму басымдықтарымен және білім беру ұйымының даму стратегиясымен келісетіндігін көрсетуі тиіс		+		
9	9.	ЖОО БББ шеңберінде бизнес-процестерге жауаптылардың нақты айқындамасын, персоналдың лауазымдық міндеттерін бөлуді көрсетуі тиіс. Алқалы органдар функцияларының аражігін ажыратуды көрсетуі тиіс.		+		
10	10.	БББ басшылығы БББ әзірлеуге және басқаруға қатысатын барлық тұлғалардың қызметін үйлестіруді және оның үздіксіз іске асырылуын қамтамасыз етеді, сондай-ақ осы процеске барлық мүдделі тұлғаларды тартады		+		
11	11.	БББ басшылығы басқару жүйесінің ашықтығын, оны жобалауды, басқаруды және мониторингті, тиісті шешімдер қабылдауды қамтитын сапаны қамтамасыз етудің ішкі жүйесінің жұмыс істеуін қамтамасыз етуі тиіс		+		
12	12.	БББ басшылығы тәуекелдерді басқаруды жүзеге асыруы тиіс			+	
13	13.	БББ басшылығы білім беру бағдарламасын басқарудың алқалы органдарының құрамына мүдделі тұлғалар өкілдерінің (жұмыс		+		

		берушілер, ПОҚ, білім алушылар) қатысуын, сондай-ақ білім беру бағдарламасын басқару мәселелері бойынша шешімдер қабылдау кезінде олардың репрезентативтілігін қамтамасыз етуі тиіс				
14	14.	ЖОО БББ шеңберінде инновацияларды басқаруды, оның ішінде инновациялық ұсыныстарды талдау мен енгізуді көрсетуі тиіс			+	
15	15.	БББ басшылығы білім алушылар, ПОҚ, жұмыс берушілер және басқа да мүдделі тұлғалар үшін өзінің ашықтығы мен қолжетімділігін көрсетуі тиіс		+		
16	16.	БББ басшылығы білім беру менеджменті бағдарламалары бойынша оқудан өткенін растайды		+		
17	17.	БББ басшылығы сапаны сыртқы қамтамасыз етудің соңғы рәсімінің уақытынан бастап қол жеткізілген прогресті келесі рәсімге дайындық кезінде назарға алуға ұмтылуы тиіс		+		
Стандарт бойынша жиыны			1	14	2	0
Стандарт «Ақпаратты басқару және есептілік»						
18	1.	ЖОО бағдарламалық құралдардың қазіргі заманғы ақпараттық-коммуникациялық технологиялары негізінде ақпаратты жинау, талдау және басқару жүйесінің жұмыс істеуін қамтамасыз етуі тиіс	+			
19	2.	БББ басшылығы сапаны қамтамасыз етудің ішкі жүйесін жақсарту үшін өңделген, барабар ақпаратты жүйелі пайдалануды көрсетеді		+		
20	3.	БББ басшылығы БББ шеңберіндегі барлық құрылымдық бөлімшелер мен кафедралардың қызметін көрсететін, олардың нәтижелілігін бағалауды қамтитын есептілік жүйесінің болуын көрсетеді		+		
21	4.	ЖОО БББ басқаруды, алқалы органдар мен құрылымдық бөлімшелердің, жоғары басшылықтың қызметін бағалаудың кезеңділігін, нысандары мен әдістерін айқындауы тиіс		+		
22	5.	ЖОО ақпаратты қорғауды қамтамасыз ету, оның ішінде ақпаратты талдаудың дұрыстығы мен уақтылығына жауапты тұлғаларды анықтау және деректерді ұсыну тетігін көрсетуі тиіс		+		
23	6.	ЖОО ақпаратты жинау және талдау, сондай-ақ олардың негізінде шешімдер қабылдау процестеріне білім алушыларды, қызметкерлерді және ПОҚ-ін тартуды көрсетеді		+		
24	7.	БББ басшылығы білім алушылармен, қызметкерлермен және басқа да мүдделі тұлғалармен коммуникация, оның ішінде жанжалдарды шешу тетіктерінің бар екенін көрсетуі тиіс		+		
25	8.	ЖОО БББ шеңберінде білім алушылардың, ПОҚ және персоналдың қажеттіліктерін қанағаттандыру дәрежесін өлшеуді қамтамасыз етуі және анықталған кемшіліктерді жоюдың дәлелдерін көрсетуі тиіс		+		
26	9.	ЖОО БББ бөлінісінде қызметтің нәтижелілігі мен тиімділігін бағалауы тиіс		+		
<i>БББ шеңберінде ЖОО жинайтын және талдайтын ақпарат мыналарды ескеруі тиіс:</i>						
27	10.	тиімділіктің негізгі көрсеткіштері		+		
28	11.	нысандар мен түрлер бөлінісінде білім алушылар контингентінің серпіні		+		
29	12.	үлгерім деңгейі, студенттердің жетістіктері және оқудан шығару		+		
30	13.	білім алушылардың БББ іске асыруына және ЖОО-да оқыту сапасына қанағаттануы		+		
31	14.	білім алушылар үшін білім беру ресурстары мен қолдау жүйелерінің қолжетімділігі		+		
32	15.	түлектердің жұмысқа орналасуы және мансаптық өсуі		+		
33	16.	Білім алушылар, ПОҚ және персонал дербес деректерді өңдеуге өз келісімін құжатпен растауы тиіс		+		
34	17.	БББ басшылығы тиісті ғылым салаларында қажетті ақпаратпен қамтамасыз етуге жәрдемдесуі тиіс		+		
Стандарт бойынша жиыны			1	16	0	0

Стандарт «Білім беру бағдарламасын әзірлеу және бекіту»						
35	1.	ЖОО БББ әзірлеудің құжатталған рәсімінің болуын және оның институционалдық деңгейде бекітілуін көрсетуі тиіс		+		
36	2.	ЖОО әзірленген БББ-ның белгіленген мақсаттарға және жоспарланған оқыту нәтижелеріне сәйкестігін көрсетуі тиіс		+		
37	3.	БББ басшылығы пәндер мен кәсіби практикалардың оқыту нәтижелерін қалыптастыруға әсерін анықтауы тиіс		+		
38	4.	ЖОО оқыту нәтижелері мен жеке қасиеттерін сипаттайтын БББ түлегі моделінің бар екендігін көрсетеді		+		
39	5.	БББ аяқталғаннан кейін берілетін біліктілік НСК, QF-ЕНЕА белгілі бір деңгейіне нақты анықталуы, түсіндірілуі және сәйкес келуі тиіс		+		
40	6.	БББ басшылығы ECTS-ке негізделген бағдарламаның модульдік құрылымын көрсетуі, БББ мазмұны құрылымының әрбір түлектің жоспарланған оқыту нәтижелеріне қол жеткізуге бағдарлана отырып, қойылған мақсаттарға сәйкестігін қамтамасыз етуі тиіс		+		
41	7.	БББ басшылығы оқу пәндері мазмұны мен оқыту нәтижелерінің бір-біріне және оқыту деңгейіне (бакалавриат, магистратура, докторантура) сәйкестігін қамтамасыз етуі тиіс.		+		
42	8.	БББ басшылығы БББ сыртқы сараптамаларын жүргізуді көрсетуі тиіс		+		
43	9.	БББ басшылығы білім алушылардың, ПОҚ және басқа да стейкхолдерлердің БББ әзірлеу мен сапасын қамтамасыз етуге қатысуының дәлелдерін ұсынуы тиіс		+		
44	10.	БББ басшылығы білім беру бағдарламасының бірегейлігін, оның білім беру нарығындағы (өңірлік/ұлттық/халықаралық) орнын көрсетуі тиіс		+		
45	11.	Білім алушыларды кәсіби сертификаттауға дайындау мүмкіндігі маңызды фактор болып табылады		+		
46	12.	Шетелдік жоғары оқу орындарымен бірлескен және/немесе қос дипломды БББ-ның болуы маңызды фактор болып табылады			+	
Стандарт бойынша жиыны			0	11	1	0
Стандарт «Білім беру бағдарламасының тұрақты мониторингі және мерзімді бағалау»						
47	1.	ЖОО еңбек нарығындағы өзгерістерді, жұмыс берушілердің талаптарын және қоғамның әлеуметтік сұранысын ескере отырып, БББ мазмұны мен құрылымын қайта қарауды қамтамасыз етуге тиіс.		+		
48	2.	ЖОО БББ мақсатына қол жеткізу үшін БББ мониторингін жүргізудің және мерзімді бағалаудың құжатталған рәсімінің болуын көрсетуі тиіс. Осы рәсімдердің нәтижелері ББ-ны үнемі жетілдіруге бағытталған.		+		
<i>БББ мониторингі және кезеңдік бағалау мыналарды қарастыруы тиіс:</i>						
49	3.	нақты пән бойынша ғылым мен технологияның соңғы жетістіктері контекстіндегі бағдарламалардың мазмұны;		+		
50	4.	қоғам мен кәсіби орта қажеттіліктерінің өзгеру бағыттары;		+		
51	5.	білім алушылардың жүктемесі, үлгерімі және бітіруі;		+		
52	6.	білім алушыларды бағалау рәсімдерінің тиімділігі.;		+		
53	7.	білім алушылардың қажеттіліктері мен қанағаттану дәрежесі;		+		
54	8.	қолдау қызметтерінің білім беру ортасы мен қызметінің БББ мақсаттарына сәйкестігі.		+		
55	9.	Барлық мүдделі тұлғалар БББ қатысты кез келген жоспарланған немесе қабылданған іс-әрекеттер туралы хабардар болуы тиіс. БББ-ға енгізілген барлық өзгерістер жариялануы тиіс.			+	
56	10.	Қолдау қызметтері білім алушылардың әртүрлі топтарының қажеттіліктерін және олардың оқытуды ұйымдастырумен, оқытумен, бағалаумен, жалпы БББ игерумен қанағаттану дәрежесін анықтауы тиіс.		+		

Стандарт бойынша жиыны			0	9	1	0
Стандарт «Студентке бағытталған білім беру, оқыту және үлгерімді бағалау»						
57	1.	БББ басшылығы білім алушылардың әртүрлі топтарына және олардың қажеттіліктеріне құрмет пен назар аударуды, оларға икемді оқу траекторияларын беруді қамтамасыз етуі тиіс.			+	
58	2.	БББ басшылығы дайындау бағыты саласындағы әлемдік ғылым мен практиканың қазіргі заманғы жетістіктері негізінде оқытуды, ББ мақсаттарына, оның ішінде құзыреттерге, талап етілетін деңгейде ғылыми жұмысты орындау дағдыларына қол жеткізуді қамтамасыз ететін оқытудың әртүрлі қазіргі заманғы әдістемелерін пайдалану мен оқыту нәтижелерін бағалауды қамтамасыз етуі тиіс.		+		
59	3.	БББ басшылығы білім беру бағдарламасы бойынша білім алушылардың оқу жүктемесін теория мен практика арасында бөлу, әрбір түлектің БББ мазмұны мен мақсаттарының жетістіктерін игеруін қамтамасыз ету тетіктерін айқындауы тиіс.		+		
60	4.	БББ пәндерді оқыту әдістемесі саласында жеке зерттеулердің болуы маңызды фактор болып табылады.		+		
61	5.	ЖОО оқыту нәтижелерін бағалау рәсімдерінің БББ-ның жоспарланған нәтижелері мен мақсаттарына сәйкестігін қамтамасыз етуі тиіс.		+		
62	6.	ЖОО БББ оқыту нәтижелерін бағалау тетігінің дәйектілігін, ашықтығын және объективтілігін қамтамасыз етуі тиіс. Оқу нәтижелерін бағалау критерийлері мен әдістері алдын-ала жариялануы керек.		+		
63	7.	Бағалаушы тұлғалар оқыту нәтижелерін бағалаудың заманауи әдістерін меңгеруі және осы салада біліктілігін үнемі арттырып отыруы тиіс.		+		
64	8.	БББ басшылығы оқытудың әртүрлі әдістемелерін пайдалану және оқыту нәтижелерін бағалау бойынша кері байланыс жүйесінің болуын көрсетуі тиіс.		+		
65	9.	БББ басшылығы бір мезгілде оқытушы тарапынан басшылық пен көмек көрсету кезінде білім алушылардың дербестігін қолдауды көрсетуі тиіс.		+		
66	10.	БББ басшылығы білім алушылардың шағымдарына ден қою рәсімінің болуын көрсетуі тиіс.		+		
Стандарт бойынша жиыны			0	9	1	0
Стандарт «Білім алушылар»						
67	1.	ЖОО білім алушылар контингентін қалыптастыру саясатын көрсетуі және оның рәсімдерінің ашықтығын қамтамасыз етуі тиіс. Білім алушылардың өмірлік циклын регламенттейтін рәсімдер (оқуға түсуден бастап аяқталғанға дейін) айқындалуға, бекітілуге, жариялануға тиіс.		+		
68	2.	БББ басшылығы жаңа түскен және шетелдік білім алушылар үшін арнайы бейімдеу және қолдау бағдарламаларын жүргізуді қарастыруы тиіс.			+	
69	3.	ЖОО өзінің іс-әрекеттерінің тану туралы Лиссабон конвенциясына сәйкестігін, оның ішінде білім алушылардың академиялық ұтқырлығы нәтижелерін, сондай-ақ қосымша, формальды және бейресми оқыту нәтижелерін тану тетігінің болуын және қолданылуын көрсетуі тиіс.		+		
70	4.	ЖОО білім алушылардың сыртқы және ішкі академиялық ұтқырлығы үшін мүмкіндікті қамтамасыз етуі, сондай-ақ оларға оқу үшін сыртқы гранттар алуға жәрдемдесуі тиіс.		+		
71	5.	ЖОО білім алушыларды негізгі бағдарламадан тыс (оқудан тыс қызмет) өздігінен білім алуға және дамытуға белсенді ынталандыруы тиіс.		+		
72	6.	Дарынды оқушыларды қолдау тетігінің болуы маңызды фактор болып табылады.		+		
73	7.	Жоғары оқу орны біліктілікті салыстырмалы тануды қамтамасыз ету мақсатында басқа білім беру ұйымдарымен және ENIC/NARIC		+		

		"академиялық тану және ұтқырлық жөніндегі Ұлттық ақпараттық орталықтардың Еуропалық желісінің/Ұлттық академиялық Ақпараттық тану орталықтарының" ұлттық орталықтарымен ынтымақтастықты көрсетуі тиіс.				
74	8.	ЖОО білім алушыларды практика орындарымен қамтамасыз етуі, бітірушілерді жұмысқа орналастыруға жәрдемдесу, олармен байланысты қолдау рәсімін көрсетуі тиіс.		+		
75	9.	ЖОО бітірушілерге алған біліктілігін растайтын құжаттарды, соның ішінде қол жеткізген оқу нәтижелерін беру рәсімін көрсетуі тиіс.		+		
76	10.	БББ басшылығы бағдарлама түлектерінің еңбек нарығында сұранысқа ие дағдыларға ие екендігін және бұл дағдылар еңбек нарығында шынымен де сұранысқа ие екендігін көрсетуі тиіс.		+		
77	11.	БББ басшылығы түлектердің жұмысқа орналасуы мен кәсіби қызметіне мониторинг жүргізу тетігінің бар екендігін көрсетуі тиіс.		+		
78	12.	Жұмыс істеп тұрған түлектер қауымдастығының/бірлестігінің болуы маңызды фактор болып табылады.		+		
Стандарт бойынша жиыны			0	11	1	0
Стандарт «Профессорлық-оқытушы құрамы»						
79	1.	ЖОО-ның жалдауды (оның ішінде шақырылған ПОҚ), бүкіл штаттың кәсіби құзыреттілігін қамтамасыз ететін персоналдың кәсіби өсуі мен дамуын қамтитын ББ бөлінісінде объективті және ашық кадр саясаты болуы тиіс.		+		
80	2.	ЖОО ПОҚ сапалық құрамының белгіленген біліктілік талаптарына, ЖОО стратегиясына, БББ мақсаттарына сәйкестігін көрсетуі тиіс.		+		
81	3.	БББ басшылығы студентке бағдарланған оқыту мен оқуға көшуге байланысты оқытушы рөлінің өзгергенін көрсетуі тиіс.		+		
82	4.	ЖОО ПОҚ, оның ішінде жас оқытушылардың мансаптық өсуі мен кәсіби дамуына мүмкіндік беруі тиіс.		+		
83	5.	ЖОО БББ талаптарына сәйкес келетін кәсіби құзыреттіліктері бар тиісті салалардың мамандарын оқытуға тартуы тиіс.		+		
84	6.	ЖОО ПОҚ кәсіби және жеке дамуын ынталандыру тетігінің бар екендігін көрсетуі тиіс.		+		
85	7.	ЖОО білім беру үдерісінде ақпараттық-коммуникациялық технологиялар мен бағдарламалық құралдардың (мысалы, on-line оқыту, e-портфолио, MOOCs және т.б.) ПОҚ-ның кеңінен қолданылуын көрсетуі тиіс.		+		
86	8.	ЖОО қызметтің академиялық ұтқырлықты дамытуға, үздік шетелдік және отандық оқытушыларды тартуға бағыттылығын көрсетуі тиіс.		+		
87	9.	ЖОО әрбір оқытушының ЖОО-да сапа мәдениеті мен академиялық адалдықты ілгерілетуге тартылғандығын көрсетуі, ПОҚ-ның, оның ішінде шақырылғандардың БББ мақсаттарына қол жеткізудегі үлесін анықтауы тиіс.		+		
88	10.	ПОҚ аймақ пен елдің экономикасын, білімін, ғылымы мен мәдениетін дамытуға тартылуы маңызды фактор болып табылады.		+		
Стандарт бойынша жиыны			0	10	0	0
Стандарт «Білім беру ресурстары және студенттерді қолдау жүйесі»						
89	1.	ЖОО білім беру ресурстарының, оның ішінде материалдық-техникалық және инфрақұрылымның білім беру бағдарламасының мақсаттарына сәйкестігіне кепілдік беруге тиіс.		+		
90	2.	ББ басшылығы қазіргі заманғы жабдықтармен жарақтандырылған және БББ мақсаттарына қол жеткізуді қамтамасыз ететін аудиториялардың, зертханалардың және басқа да объектілердің болуын көрсетуі тиіс.		+		
<i>ЖОО ақпараттық ресурстардың ЖОО-ның және іске асырылатын БББ қажеттіліктеріне, оның ішінде мынадай бағыттар бойынша сәйкестігін көрсетуі тиіс:</i>						

91	3.	білім беру бағдарламаларына сәйкес білім алушылар мен ПОҚ-ты технологиялық қолдау (мысалы, онлайн-оқыту, модельдеу, Деректер Базасы, деректерді талдау бағдарламалары);		+		
92	4.	кітапхана ресурстары, оның ішінде жалпы білім беретін, базалық және бейіндік пәндер бойынша қағаз және электрондық тасығыштардағы оқу, әдістемелік және ғылыми әдебиеттер қоры, мерзімді басылымдар, ғылыми деректер базасына қол жеткізу;		+		
93	5.	ҒЗЖ нәтижелерін, бітіру жұмыстарын, диссертацияларды плагиатқа сараптау;		+		
94	6.	білім беру Интернет-ресурстарына қолжетімділік;		+		
95	7.	өз аумағында Wi-Fi жұмыс істеуі.		+		
96	8.	ЖОО ғылыми зерттеулер жүргізу, ғылым мен білімнің интеграциясы, ПОҚ, қызметкерлер мен білім алушылардың ғылыми-зерттеу жұмысының нәтижелерін жариялау үшін жағдай жасайтынын көрсетуі тиіс.		+		
97	9.	ЖОО білім беру бағдарламаларын меңгеру үшін пайдаланылатын Оқу жабдығы мен бағдарламалық құралдардың тиісті оқу бағдарламаларында қолданылатындарға ұқсас болуына ұмтылуы тиіс.		+		
98	10.	БББ басшылығы ақпараттандыру мен кеңес беруді қоса алғанда, білім алушылардың әртүрлі топтарын қолдау рәсімдерінің болуын көрсетуі тиіс.		+		
99	11.	БББ басшылығы білім алушының жеке білім беру траекториясы бойынша алға жылжуы үшін жағдайлардың болуын көрсетуі тиіс.		+		
100	12.	ЖОО білім алушылардың әртүрлі топтарының (ересектер, жұмыс істейтін, шетелдік білім алушылар, сондай-ақ мүмкіндіктері шектеулі білім алушылар) қажеттіліктерін ескеруі тиіс.			+	
101	13	ЖОО инфрақұрылымның қауіпсіздік талаптарына сәйкестігін қамтамасыз етуі тиіс.		+		
Стандарт бойынша жиыны			0	12	1	0
Стандарт «Қоғамды ақпараттандыру»						
102	1.	ЖОО жариялайтын ақпарат дәл, объективті, өзекті болуы және білім беру бағдарламасы шеңберінде ЖОО қызметінің барлық бағыттарын көрсетуі тиіс.		+		
103	2.	Жұртшылықты хабардар ету елдің ұлттық даму бағдарламаларын және жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру жүйесін қолдауды және түсіндіруді көздеуі тиіс.		+		
104	3.	ЖОО басшылығы қалың жұртшылықты және мүдделі тұлғаларды ақпараттандыру үшін ақпаратты таратудың түрлі тәсілдерін (оның ішінде БАҚ, веб-ресурстар, ақпараттық желілер және т. б.) пайдалануы тиіс.		+		
ЖОО-ның білім беру бағдарламасы туралы жариялайтын ақпараты объективті және өзекті болуы және мыналарды қамтуы тиіс:						
105	4.	БББ мақсаты мен жоспарланған нәтижелері, берілетін біліктілік;		+		
106	5.	білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалау жүйесі және мәліметтер;		+		
107	6.	серіктес жоғары оқу орындарымен, жұмыс берушілермен академиялық ұтқырлық бағдарламалары және ынтымақтастықтың басқа түрлері туралы ақпарат;		+		
108	7.	білім алушылардың жеке және кәсіби құзыреттерін дамыту және жұмысқа орналастыру мүмкіндіктері туралы ақпаратты ұсынады;		+		
109	8.	БББ білім беру қызметтері нарығында (өңірлік, ұлттық, халықаралық деңгейлерде) жайғасымын көрсететін деректер.		+		
110	9.	ЖОО ашық ресурстарда ПОҚ туралы, есімнамалар бөлінісіндегі анық ақпаратты жариялауы тиіс.		+		
111	10.	ЖОО БББ бойынша аудиттелген қаржылық есептілікті өз веб-ресурсында жариялауға тиіс.		+		

112	11.	ЖОО сыртқы бағалау рәсімдерінің нәтижелері бойынша ақпаратты және сыртқы ресурстарға сілтемелерді орналастыруы тиіс.		+		
113	12.	Әріптестермен, оның ішінде ғылыми/консалтингтік ұйымдармен, бизнес әріптестермен, әлеуметтік әріптестермен және білім беру ұйымдарымен ынтымақтастық және өзара іс-қимыл туралы ақпаратты орналастыру маңызды фактор болып табылады.		+		
Стандарт бойынша жиыны			0	12	0	0
БАРЛЫҒЫ			2	104	7	0



2 қосымша. БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМЫНА БАРУ БАҒДАРЛАМАСЫ



КОРКЫТ АТА
UNIVERSITY



СОВАНО
Председатель Правления-Ректор
АО «Кызылординский университет
имени Коркыт Ата»
Каримова Б.С.
2024 года



ACCREDITED / ИММЕ ПАЙДАМАН
SWEDEN / ШВЕЦИЯ БҒЫ
BY / ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
APPRECIATION / ҚЫСҚАРТЫЛ
INDEPENDENT AGENCY FOR
ACCREDITATION AND RATING

УТВЕРЖДАЮ
Генеральный директор
НУ «Независимое агентство
аккредитации и рейтинга»
Жумагулова А.Б.
« 12 » 02 2024 года



ПРОГРАММА
ВИЗИТА ВНЕШНЕЙ ЭКСПЕРТНОЙ КОМИССИИ НЕЗАВИСИМОГО АГЕНТСТВА АККРЕДИТАЦИИ И РЕЙТИНГА (IAAR) В НАО «КЫЗЫЛОРДИНСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ КОРКЫТ АТА»
(международная программная аккредитация)

Дата проведения визита: 26-28 февраля 2024 года

Кластер 1(аккредитация)	6B01404 - Начальная военная подготовка 6B01405 - Физическая культура и спорт
Кластер 2(аккредитация)	6B01515-Химия 6B01517-Биология 6B01518-География; 7M01515-Химия 7M01517 - Биология
Кластер 3(первичная аккредитация)	6B01519 - География – история 7M01518- География
Кластер 4(аккредитация)	6B01619 - История 7M01619 - История
Кластер 5(аккредитация)	6B01721 – Казахский язык и литература 6B03270 –Журналистика 7M01724– Подготовка педагогов казахского языка и литературы 8D01721 – Казахский язык и литература

1

Кластер 6 (аккредитация)	6B01725 - Иностранный язык: два иностранных языка 6B02335 –Переводческое дело 7M01723-Иностранный язык: два иностранных языка 7M02335 –Переводческое дело
---------------------------------	--

Дата и время (время Кызылорды, GMT+5)	Работа ВЭК с целевыми группами	Фамилия, имя, отчество и должность участников целевых групп	Место проведения
23 февраля 2024			
16.00-17.00 (время будет уточнено)	Предварительная встреча ВЭК (обсуждение ключевых вопросов и программы визита)	Внешние эксперты IAAR	Подключиться к конференции Zoom https://us02web.zoom.us/j/7172395837 Идентификатор конференции: 7172395837
1 день: 26 февраля 2024			
09.00-09.30	Распределение ответственности экспертов, решение организационных вопросов	Внешние эксперты IAAR	Кабинет № 202 Подключиться к конференции Zoom https://us02web.zoom.us/j/7172395837 Идентификатор конференции: 7172395837
09.30-10.00	Встреча с Председателем Правления - Ректором	Председатель Правления - Ректор –Каримова Бейбиткуль Сарсемхановна	Зал заседаний Подключиться к конференции Zoom https://us02web.zoom.us/j/7172395837 Идентификатор конференции: 7172395837
10.00-10.15	Технический перерыв	Внешние эксперты IAAR	Кабинет № 202
10.15-11.00	Встреча с проректорами	Проректор по академическим вопросам – Абдрашева Дана Мейрамовна	Зал заседаний

		Проректор по научной работе и международным связям – <i>Бурибаева Майнура Абильтаевна</i> Проректор по социальной и воспитательной работе – <i>Базартай Жандос Нуртаевич</i>	Подключиться к конференции Zoom https://us02web.zoom.us/j/7172395837 Идентификатор конференции: 7172395837
11.00-11.15	Технический перерыв	<i>Внешние эксперты LAAR</i>	Кабинет № 202
